

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

**«ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ» ПӘНІНЕН
ДӘРІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ**

**ECTS- 5
КУРС -1**

Құрастырған: п.ғ.к., Нурғалиева Д.А.

МАМАНДЫҚТАР:

**7M01504 Биология, 7M05102 Биомедицина, 7M05109 Биотехнология,
7M05105 Генетика, 7M05112 Геоботаника, 7M05101 Биология,
7M05118 Зоология, 7M05116 Микробиология,
7M05117 Экологиялық биоинженерия,
7M05119 Репродуктивті генетика, 7M05123 Биомедициналық инженерия**

білім беру бағдарламасы

Оқу пәнінің тақырыптары бойынша дәріс тезистері

Дәріс тезистері

Д 1. Жоғары білім парадигмасы

1. Білім беруді дамытудың әлемдік дағдарысы.
2. Қазіргі білім беру парадигмасы. Қазіргі заманғы жоғары білім беруді дамытудың мегатенденциялары (ізгілендіру және демократияландыру, ақпараттандыру, әрараптандыру, компьютерлендіру, интернационалдандыру және білім беруді жаһандандыру және т. б

Дәрістің мақсаты: педагогика ғылымы туралы жалпы түсінік қалыптастыру, ғылым ретіндегі өзіндік орнына баға беру, ғылыми сипаттау.

Жоспар:

1. Парадигма ұғымының түсініктемесі
2. Білім берудегі қазіргі парадигмалар

Әлемдегі педагогикалық ой ежелгі ой-пікірдің бір бөлігі болып табылады және ол адамдар ұрпағының өмір сүру тәжірибесінен тікелей туындаған. Педагогикалық процесті тұтастық ретінде тек жүйелі амалының ұстанымымен ғана қарастыруға болады. Жүйе – реттелген элементтерінің жиынтығы, функциялануының жалпы мақсатының біріктірумен кейбір тұтас атаулар (П. К. Анохин, В. Н. Садовский). Бала жанының бағбаны, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалім ары таза, әдепті, ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, ұстамды, өз ойын шәкіртіне анық, дәл жеткізетін болуы тиіс. Ол үнемі ізденіп, білімін толықтырып отырса, оның өмірлік ұстанымы тұрақты, күш-қуаты, көңілі әрдайым жоғары, сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі еленеді. Білім берудегі жаңалық пен қоғамдағы жаңалық бір мақсатты көздейді, олар даму мен прогрестің қабілетін арттыруы қажет. І. «Парадигма» - латынның мысал деген сөзінен шыққан. Бұл білімнің концептуалды моделі ретінде пайдаланылады. Білім парадигмасының көп тараған түрлері аз емес [1]. Оларға мыналар жатады:

1. Дәстүрлі-консервативтік (білім парадигмасы);
2. Феноменологиялық (гуманистік парадигмасы);
3. Рационалдық (тәртіптілік парадигмасы);
4. Технократтық;
5. Эзотерикалық.

Әрбір парадигма «не үшін тәрбиелеу керек, оқушыларды қандай мақсатқа дайындау керек, не үшін өмір сүреміз» деген сұрақтарға жауап береді. Мәселен, дәстүрлі білімдік парадигмада білім берудің басты мақсаты: «Білім, білім, қандай жағдайда да тек білім». Мұнда өркениет пен мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу негізгі мақсат болып саналады. Феноменологиялық немесе гуманистік парадигмада жеке тұлғаның ішкі дүниесін дамыту, оны ерікті, рухани жеке адам ретінде тану және адамдармен тіл табысуында ерекшелену қабілеттерін жетілдіру қарастырылады. Білімнің гуманитарлық парадигмасының діңгегі - оқушы емес, дайын білімді меңгерудегі ақиқатты түсінуші адам. Мұнда оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас: ынтымақтастық, өзара жауапкершілік, өз позициясын еркін таңдау жағдайында диалогтік ұстанымда өрбиді.

Рационалдық парадигмаға оқушыға білімнің түрлі тәсілдерінің тиімді жақтарын, ортаға бейімделу, оның ойы, сезімі және іс-әрекеттерімен санасу, оларды меңгерту жатады. Мұндағы басты қағида: «мектеп – бұл фабрика, ал оқушы – оның шикізаты». Бұлай оқытудың негізгі әдістері – тренинг, тестік бақылау, жекелеп оқыту және мәтінді түзету. Ғылымды тәртіп тіліне аударған Америка педагогы Р.Мейджер «Мұның бәрі оқушыны да, мұғалімді де дамытады. Егер мұғалім бәрін өзі атқарса да, оқушы еншісіне үйлестіру мен бақылау қалады» дейді. Технократтық парадигманың негізгі мақсаты – дәл ғылыми білімдер. «Білім - күш» адамды бағалау, оның білімі, мүмкіндіктерімен анықталады. Адамның қасиеті оның білімі, тәртібі және оны тасымалдаушы ретінде танылады. Эзотерикалық парадигма – оқушының табиғи күші. И. Колесниковтың пікірінше, адамның қоршаған әлеммен іс-әрекетінің жоғары деңгейі басым көрсетіледі. Мұнда адамның ақиқатқа мәңгілік өзгермейтін қатынасы көрінуі тиіс. Бұл жерде оқушының дамуындағы мұғалімнің адамгершілік, психологиялық, физикалық функциялары ерекше ұғым болып табылады. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды

арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым - бұл құзырлылық. Құзырлылық (латын тілінде «competens») тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді. Құзырлылық маманның «айналымға» түсудегі қажетті шарты [2]. **Білім беру** – жүйеленген білім, білік, дағдыларды, белгілі бір мәдени білім қорларын игеру процесі және оның нәтижелері.

Оқыту – білім алудың негізгі жолы. Ол жүйеленген білім, білік, дағдыларды меңгерудегі тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бірлескен екіжақты әрекетіне негізделетін екіжақты процесс болып табылады.

- **Тәрбие жұмысы** – педагогтардың сабақтан тыс уақытта жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында арнайы ұйымдастыратын жұмысы.
- Оқыту мен білім беру және тәрбиелеу ұғымдары өзара тығыз байланысты.

Педагогикалық жүйе мен компоненттер, тұлға дамуы үшін білім алатын және тұтас білім беретін процестерде қызмет ететін көптеген өзара байланыстың құрылымдық компоненттері ретінде түсіндіріледі. Білім беру процесінде жүйенің құрылымдық компоненті – білім беру мақсаты, педагог, тәрбиеленуші, білім беру мазмұны, білім беру тәсілі болып табылады. Берілген жүйе үлкен күрделі жағдайдың шексіз әртүрлілігінен көрінетін, мақсаттылық пен байланыс ретінде сипатталады. Білім беру процесі – бұл бір жағдайдан басқаға алмасушы білім беру мақсатынан оның білім беру процесінде педагогикалық әрекеттестіктің жәрдеміндегі қозғалысы. Жеке даралық тұлғалық аспектіде білім беру процесс ретінде, адамның білім беру мекемесінде, не өз бетімен білім алу арқылы білім, білік пен дағды, танымдық және тәжірибелік әрекеттестігі тәжірибесін, өте пайдалы бағытта болу мен қарым-қатынасты меңгеру болып табылады.

Жоғары мектеп педагогикасының **міндеттері** ғылым ретінде:

- Жоғары білімнің дамуын болжау және қазіргі жағдайын талдау;
- Жоғары білімнің даму тарихын білу;
- Жоғары кәсіптік білім берудің теориялық-әдістемелік негіздерімен таныстыру;
- Жоғары білім берудің заңдылықтарын анықтау;
- Білім беру стандарттарын, жаңа әдістер мен оқу формаларын қарастыру, өңдеу;
- Педагогикалық тәжірибені жинақтау және зерттеу, педагогикалық инновацияларды ғылыми талдау;
- Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тәжірибеге енгізуді қарастыру.

Жоғары мектеп педагогикасының негізгі ұғымы тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық жүйе, педагогикалық үдеріс, оқытушы мен студент және т.б. болып табылады. Педагогиканың ғылым ретінде дамуы ХХ ғасырда білім беру категориясы ұғымына өзгерістер әкелді. Педагогиканың ең маңызды категориялары оқыту, тәрбие беру, білім беру болып табылады дедік. Сонымен қатар қазіргі педагогикада педагогика жүйесі және педагогикалық процесс түсініктеріне үлкен мән беріледі. Біздің мемлекет білім берудің дамуы бойынша жоғары көрсеткіштерге ие. Нақтырақ айтар болсақ, ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, Қазақстан ересектердің сауаттылық деңгейі 97 %-ға жеткен әлемнің 26 мемлекетінің қатарына енді.

Бақылау сұрақтары:

1. Магистранттарға педагогиканы оқу не үшін қажет, бірнеше дәлелдер ұсыныңыз. «Педагогика» және «Жоғары мектеп педагогикасы» дегеніміз не?
2. Жоғары мектеп педагогикасының пәні және міндеттері не?
3. Педагогика қай ғылым салаларымен тығыз байланысты? Осы байланыстарды сипаттаңыз.
4. Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категорияларын атап өтіңіз.
5. «Оқыту – тәрбие – білім беру», «Педагогикалық жүйе – педагогикалық үдеріс» өзара қалай байланысты?

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Таубасва Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 бет.

2. Шолпанқұлова Г.К., Калкеева К.Р. Ш78 Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 259 б
3. Мыңбаева Ә.Қ., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері: Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 236б.
4. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С., Тойбаев Ә.Ж., Толешова У.Б., Жумабекова Қ.Б. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015, -190 б.

Қосымша:

1. Молдасан Қ.Ш., Бектурганова Ж.М. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018, -195 б.
2. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019 жыл. – 328 бет.
4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көзқары = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін]: оқулық / Д. Шунк; [ауд. Б. М. Мизамхан; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б.

Интернет-ресурсы:

1. Мынбаева А.К. Основы педагогика высшей школы: учебное пособие. - 3-е изд., доп. – Алматы, 2013. – 183 с. [1568784171261.pdf \(kaznu.kz\)](https://www.kaznu.kz/1568784171261.pdf)
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) -Алматы: Қазақ университеті, 2006. [1592198585748.pdf \(kaznu.kz\)](https://www.kaznu.kz/1592198585748.pdf)
3. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): уч.пособие для магистратуры.- Алматы, 2017 [1571649956446.pdf \(kaznu.kz\)](https://www.kaznu.kz/1571649956446.pdf)
4. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или, как интересно преподавать: уч. пособие. - Алматы, 2012. – 341с.
5. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика для магистратуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. [1601979753808.pdf \(kaznu.kz\)](https://www.kaznu.kz/1601979753808.pdf)

2. ДӘРІС. Қазақстандағы жоғары кәсіптік білім берудің тарихы мен қазіргі жағдайы

Университеттік білім беру тарихы. Қазақстанның жоғары білім беру тарихы.

Жоғары білім берудің қалыптасу кезеңдері.

ҚР жоғары білім беруді дамытудың заңнамалық базасы.

Қазақстанда жоғары білім беруді реформалау.

ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Жоғары оқу орындарының түрлері. Жоғары білімнің мамандануы. Университеттегі заманауи көп деңгейлі білім

«Педагогика» термині неміс тілді, франкотілді, скандинавиялық және батыс еуропалық мемлекеттерде қолданыста. Ағылшын тілді мемлекеттерде ол қолданыста жоқ, аталған мемлекеттерде бұл ұғымның орнына «білім беру туралы ғылым (немесе ғылымдар)» термині қолданылады. Еуропада, Ұлыбританияда, АҚШ-та кеңінен таралған «*education*» термині (білім беру дегенді білдіреді) «образ» деген түбірі болмағанмен, алайда білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық аспектілерін қамтып, мазмұны бойынша кең ұғым болып табылады. Кейбір мемлекеттерде «андрогика» атты ғылым саласы бар. Андрогики (гр. *andros* – ересек адам, – басшылыққа алу, тәрбиелеу) – ересектерге білім беру, оқыту, тәрбиелеудің теориялық және практикалық проблемаларын қамтитын педагогикалық ғылым саласының аталымы, онда ересектерді оқытудың принциптері ашып көрсетіледі және дамытылады. Ұғымды немістің тарихшысы К. Капп (1833ж.) енгізген. Ересек адам – физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, адамгершілік жағынан толысқан, өмірлік тәжірибесі бар, экономикалық тәуелсіз, өзінің мінез- құлқын басқара алатын адам. Әйтсе де, ересек адам да тұлға ретінде үнемі дамуы қажет. Андрогикины зерттеуші ғалымдардың бірі – ересектерді оқытуға арналған ғылым десе, екіншілері – білім беру жүйесіндегі қарқынды дамып келе жатқан жаңа бағыт деп түсіндіреді.

Ғылыми айналымда бүгінде педагогикаға, оның зерттеу пәніне, нысанына берілген анықтамалар да әр түрлі:

«Педагогика» – грек елінің сөзі: бис – бала, агогі – жетектеу деген сөзден құралған. Баяғы Грецияда балаларды бағып, мақтаба алып келіп жүретін кәрі құлдар педагог деп аталған. Педагог деген аттың бұрын мақтаулы болмағаны осыдан көрінеді. Бірақ соңғы заманда фән, ғылым өсіп, адамзат өнерленген сайын, педагог деген ат қадірлі, қасиетті болып барады» (М. Жұмабаев);

«Педагогика – мақсатқа жетуге бағытталған, арнайы ұйымдастырылған білім беру жүйесінде өскелең ұрпақ пен ересектерді оқыту мен тәрбиелеу туралы ғылым» (К.Д. Ушинский);

«Педагогика – адамды тәрбиелеу туралы ғылым; ол тәрбиенің мәнін, мақсатын, міндеттерін, заңдылықтарын, оның қоғам өміріндегі және жеке адамның дамуындағы алатын орнын анықтайды» (Кеңестік энциклопедиялық сөздік);

«Педагогика – тәрбиені, оқытуды, білім беруді зерттейтін теориялық және қолданбалы ғылымдардың бірлігі» (Педагогикалық энциклопедия);

«Педагогика – білім берудің мәнін, заңдылығын ашатын ғылым саласы» (*Ресейлік педагогикалық энциклопедия, 1999ж.*);

«Педагогика – тәрбие туралы ғылым, өйткені оның пәні «қоғамның ерекше функциясы – тәрбие болып табылады» (*Ю.К. Бабанский «Педагогика» оқулығы, 1983ж.*);

«Педагогика – адамды тәрбиелеу туралы ғылым» (*Г.М. Афонина, И.П. Подласый*);

«Педагогика – өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жетілген жолдары мен әдістері бойынша адамзаттың құнды тәжірибесі жинақталған ғылымдардың бірі» (*В.П. Беспалько, 1995ж.*);

«Педагогика – адамды оқыту мен тәрбиелеудің мәні, заңдылықтары, принциптері, әдістері және формалары туралы ғылым» (*Л.М. Мардахаев*);

«Педагогика – білім беру және жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру, тәрбиелеу практикасындағы шеберлік туралы ғылым» (*И.И. Прокопьев, Н.В. Михалкович*);

«Педагогика – а) практикалық іс-әрекеттің аймағы, өнер, қолөнер; б) ғылыми білімнің аймағы, ғылым» (*Козлова С.А., Куликова Т.А.*);

«Педагогика – ғылым және адамды тану саласы, яғни, нақты педагогикалық жүйе контексінде дамуында дербес-жас ерекшеліктерді ескере отырып мәліметті тасымалдау-қабылдау және жалпымәдени құндылықтарға икемдеу тәсілдері мен жолдары туралы гуманитарлық ғылым саласы» (*Е.С. Ранацевич*);

«Педагогика – ұйымдастырылған педагогикалық жүйе жағдайында субъектілердің дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық үдеріс туралы ғылым» (*Н.В. Бордовская, А.А. Реан, С.И. Розум*);

Педагогика – теориялық ғылым және педагогикалық іс-әрекет, өнер» (*И.Ф. Харламов*);

«Педагогика – адамды тәрбиелеу, білім беру, оқыту, әлеуметтендіру және өздігінен шығармашылығын дамыту туралы заң мен заңдылықтар туралы ғылым» (*В.И. Андреев*);

«Педагогика – тәрбие теориясы мен әдістемесін нақтылай отырып, жеке адам дамуының астарлы, тереңде жатқан тегіктерін және оның дайындығына қоғам тарапынан қойылған талаптар мен әлеуметтік сапаларға орай арнайы ұйымдастырылған қалыптасу үдерісін зерттейді» (*Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова*).

Педагогика өзіндік нысаны мен зерттеу пәніне ие дербес білім саласы ретінде қарастырылатын, педагогикалық тәжірибенің әсерінен дамитын, өзінің теориясы мен әдіснамасын қалыптастырған (әдіснамалық деңгейлерді) және өзіне тән әдістерді қолданатын, негізгі категориясы – тәрбие, білім беру, оқыту болып табылатын ғылым. Ол адамзаттың жинақтаған тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы мақсатты үдеріс пен өскелең ұрпақты өмірге, іс-әрекетке даярлаушы ғылым. Педагогика қоғамның тәрбиелік қызметін жүзеге асырумен байланысты ғылым. Бүгінде нақты педагогиканың пәні анықталмағанымен көпшілік зерттеушілер оны адамзат жеке тұлғасының қалыптасу мен даму мәнін зерттеу және осы негізде арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдеріс ретінде тәрбие теориясы мен әдістемесін жасау деп түсіндіреді.

Б.Т. Лихачев бойынша: «Педагогика пәні – нақты-тарихи тәрбие процесінің объективті заңдары». Педагогика пәні – индивидтің өткен ұрпақтардың әлеуметтік тәжірибесін меңгеруі, оқу және оқудан тыс уақыт бірлігіндегі біртұтас педагогикалық үдеріс болып табылады. Педагогика пәні - адамдарға білім беру заңдылықтары, принциптері, формасы мен әдістері. *Педагогика ғылымының пәні* – бала (адам), соның тәрбиесі, оқуы, үйренуі, дамуы, қалыптасуы. Педагогика пәні нақты тарихи тәрбие процесін оның объективтік заңдылықтарына, әлеуметтік қатынасына, өмірдегі қоғамдық тәрбие тәжірибесіне сүйене отырып, жас ұрпақтың даму, қалыптасуын зерттеу.

Педагогиканың зерттеу пәні – тәрбие, білім беру, оқыту, әлеуметтендіру және адамның шығармашылық өзін-өзі дамыту туралы тұтастай жүйе. *Педагогиканың пәні* – арнайы әлеуметтік мекемелерде (институттарда): отбасы, білім беру және мәдени-тәрбие орындарында – мақсатты-бағдарлы ұйымдастырылған шынайы біртұтас үдеріс ретінде көрінетін жүйеленген білім саласы. *Педагогика пәні* – тәрбиелеу, оқыту, білім беру жағдайында жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастыруға бағытталған *тұтас педагогикалық үдеріс*. Педагогика ғылымының міндеттері педагогикалық мақсаттар арқылы анықталады. Олай болса, *педагогикалық мақсаттар* төмендегідей:

- Нормативті (мемлекеттік) мақсаттар – өкіметтік құжаттарда анықталған жалпы мақсаттар. Олар мемлекеттегі білім беру мен экономиканың жағдайы туралы кең түрдегі мәлімет негізінде анықталады. Бұл мақсаттар кез келген педагог жұмысының негізгі бағыты.

- Қоғамдық мақсаттар – әр түрлі топтардағы адамдардың қажеттілігі, қызығушылығы, қоғамдық көзқарасы түрінде қалыптасады;

- Инициативалық мақсаттар – білім берушілер мен білім алушылар тарапынан анықталады;

- Білімді, іскерлікті, дағдыны яғни, сана мен мінез-құлықты қалыптастырушы мақсаттар;

- Ұйымдастырушылық мақсаттар – басқару қызметі аймағына қатысты педагог тарапынан қойылатын мақсаттар;

- Әдістемелік мақсат – оқыту технологиясы мен оқудан тыс іс-әрекетті түрлендірумен байланысты;

- Шығармашылық әрекетті қалыптастырушы мақсаттар – нышан, білім алушылардың қызығушылығын дамыту ерекшеліктері, оларды жүзеге асыру.

Педагогика міндеттері екі типке бөлініп қарастырылады: *тұрақты және уақытша. Тұрақты міндеттер:*

- 1) Тәрбие, оқыту, білім беру аймағы мен білім беру, тәрбиелеу жүйесін басқару заңдылықтарын

ашу міндеті. Педагогикадағы заңдылық – алдын-ала ойластырылып жасалған жағдайлар мен объективті (нақты) және жеткен жетістіктері тәрбиелілік пен білімділік болып табылатын жағдайлар арасындағы байланыс.

2) Жаңа әдістерді, құралдарды, формаларды, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа жүйесін табу міндеті.

3) Оқытудың болашағын болжау міндеті.

4) Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу міндеті.

Педагогика ғылымының қажеттіліктері мен тәжірибе нәтижесінде туындайтын *уақытша міндеттер*:

1) Электрондық оқулықтар кітапханасын құру;

2) Педагогикалық біліктілік стандарттарын жасау;

3) Педагог жұмысындағы типтік стрессті анықтау;

4) «Қиын» балаларды оқытудың дидактикалық негізін жасау;

5) Педагогикалық шеберлік деңгейін диагностикалау;

6) Педагог-білім алушы қарым-қатынасындағы типтік конфликтіні саралау.

Педагогиканың теориялық міндеттері *үш деңгейде* жүзеге асырылады:

- сипаттау немесе түсіндіру – озат әрі жаңашыл педагогикалық тәжірибені зерттеу;

- диагностикалық – педагогикалық құбылыс жағдайын, педагог пен білім алушы іс-әрекеттерінің нәтижелілігі немесе тиімділігін және оларды қамтамасыз етуші шарттар мен себептерді айқындау;

- болжау (прогноздау) – барша педагогикалық жағдаяттарды табиғи тұтастық күйінде тәжірибелік зерттеуден өткізу және оның негізінде сол педагогикалық болмыстың жаңаланған моделін құрастыру.

Сонымен, *педагогиканың зерттейтін мәселелері*: жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасу заңдылықтары, мәні және олардың тәрбиеге әсері; тәрбие мақсатын анықтау; тәрбие мазмұнын ашу; тәрбие әдістерін зерттеу. Педагогиканың құрылымы. *Жалпы педагогиканың құрылымы*: Педагогиканың жалпы негіздері. Тәрбие теориясы. Дидактика (Оқыту теориясы). Мектептану.

Педагогиканың жалпы негіздерінде қарастырылатын мәселелер: педагогика пәні, зерттеу нысаны, категориялары, салалары, пәнаралық байланыс, тұтас педагогикалық үдеріс, педагогика ғылымының пайда болуы, педагогикалық мамандықтың ерекшелігі т.б.

Тәрбие теориясының негізгі қарастыратын мәселелері: тәрбиенің мазмұны, үдерісі, формасы, құралдары, әдістері, түрлері, парадигмалары, заңдылықтары, ұстанымдары, тәрбие технологиялары және т.б. Тәрбие теориясының *негізгі ұғымдары*: тәрбие, қалыптастыру, әлеуметтену, тәрбие парадигмалары, тәрбие заңдылықтары, тәрбие ұстанымдары, тәрбие түрлері, тәрбие мазмұны және т.б.

Дидактиканы оқыту және білім беру бөлімі деп те атайды. Дидактиканың қарастыратын *негізгі мәселелері*: оқытудың мазмұны, үдерісі, әдістері, түрлері, заңдылықтары, ұстанымдары, оқытудың жаңа технологиялары, және т.б. Дидактиканың негізгі ұғымдары: оқыту, білім беру, оқыту ұстанымдары, білім берудің мазмұны, сабақ.

Мектептану – мектептегі басқару ісінің мазмұнын, әдісі мен тәсілін зерттейтін, мектеп жұмысын ұйымдастыру жүйесінің ерекшеліктерін анықтап, саралайтын педагогиканың бөлімі.

Педагогикалық ғылымдар жүйесі. Педагогикалық ғылымдар жүйесі келесі салаларды қамтиды:

- ✓ Мектепке дейінгі педагогика;
- ✓ Мектеп педагогикасы;
- ✓ Кәсіби-техникалық білім беру педагогикасы;
- ✓ Орта арнайы білім беру педагогикасы;
- ✓ Жоғары мектеп педагогикасы;
- ✓ Пәндерді оқыту әдістемесі;
- ✓ Өндірістік педагогика;
- ✓ Әлеуметтік педагогика;
- ✓ Салыстырмалы педагогика;
- ✓ Арнайы педагогика;
- ✓ Әскери педагогика;
- ✓ Педагогика тарихы;
- ✓ Халық педагогикасы (Этнопедагогика);
- ✓ Коррекциялық педагогика;
- ✓ Кәсіби педагогика;

Ғылым – 1) білім негіздері, әсіресе ғылыми әдісті жүйелі түрде қолдану нәтижесінде алынған негіздер; 2) негізгі принциптер мен жалпы заңдылықтарды қорытып шығаруға жұмылдырылған зерттеулер не пәндер саласы; 3) табиғи құбылыстарды зерттеуге арналған әдістер мен амалдардың ғылыми

принциптерге негізделген жүйесі. Ғылым – табиғат, қоғам және ой жүйесі туралы жаңа білімді меңгеруге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістерін және категориялық аппаратын, ғылыми ақпарат жүйесін түгел қамтитын зерттеу қызметінің саласы. Ол шынайы ақиқатқа жетуге, заңдылықтарды бейнелеуге және алдын ала болжауға арналған, жүйелі түрде құрылған білімнің жоғарғы нысаны. Ғылым – қоғамдық сананың ерекше формасы (күрделі, жан-жақты). Ғылым – тек білімнің, фактілердің және т.б. жиынтығы ғана емес ол сондай-ақ, қоғамның мәдени-әлеуметтік маңызды құбылыстарының бірі. Яғни ғылым дегеніміз бұл: мәдениеттің бір саласы; дүниетанымдық әдістің бірі; адамды және табиғатты қайта өңдеуші өндіргіш күш; арнаулы институт (институт түсінігіне тек жоғары оқу орны емес, сонымен қатар ғылыми қауымдастықтар, академиялар, лабораториялар, журналдар және т.б. кіргізіледі)

Ф. Энгельс «Табиғат диалектикасы» атты еңбегінде бүкіл ғылым саласын үш топқа бөлген. Бірінші топқа – математика, астрономия, механика, физика, химия пәндерін; екінші топқа – тірі организмді зерттейтін ғылым салалары – ботаника, зоология, анатомия, физиология пәндерін; үшінші топқа – тарих, әдебиет, тіл, заң, философия пәндерін енгізген. Адам және қоғам туралы ғылымдар – (білім беру психологиясы, әлеуметтану, т.б.) адамның жүріс-тұрыс және даму заңдылықтары туралы, сонымен бірге адамдар арасындағы өзара және олардың қоғаммен қарым- қатынастары туралы осы заманғы ғылыми түсініктерді қамтамасыздандыруға мүмкіндік береді.

Ғылым нысаны – әлемнің құрылысы мен жердегі тіршіліктің пайда болуынан бастап қоғамдық өмір мен жеке ғылымның проблемаларына дейінгі адамзат тарапынан жасалғандардың барлығы. *Ғылым мақсаты* – жаңа білімді меңгеру мен оны әлемді тану тәжірибесінде қолдану. Ғылым екі маңызды элементтерден тұрады: өз ерекшеліктері мен мақсаттары бар ғылыми білім жүйесі мен ғылыми іс-әрекет. Ғылыми білім жүйесі элементтері: *теория, заң, гипотеза (болжам), ұғым, ғылыми әдістер*. Ғылым спецификасы – әлемді түсіну мен оның заң, теория күйінде бейнелеуінде. *Ғылыми теория* – белгілі бір теорияның объектісіне байланысты ақиқаттың аймағындағы заңдылықты беретін ғылыми білімді ұйымдастыру формасы. Ғылыми теория – білім жүйесі бола отырып, айналадағы объективті шындықты танудың негізгі құралы болады. Ғылыми теория оқытушының іс-әрекетін танымдық деңгейде талдап, педагогикалық құбылыстардың өзара байланыстылығын сипаттайды. Осының негізінде кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің теориялық негізі туралы ұғымды, теория мен практиканың өзара әрекеті негізінде оны одан әрі дамыту мүмкіндігін айқындап тереңдетеді. *Педагогикалық теория* – сан-алуан педагогикалық құбылыстарды зерттейтін, бейнелейтін және түсіндіретін білімдер жүйесі. Педагогикалық теория оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесін тек практикаға ғана қатысты емес, оны зерттеу нәтижесінде пайда болатын теорияны алдын- ала болжауға мүмкіндік береді. Сонымен, педагогикалық теория оқытушының педагогикалық тәжірибесін жасаудың негізі ретінде қарастырылады (М.А. Лукацкий, Ш.Т. Таубасева).

Педагогикалық теориялар: Тұлға теориясы. Іс-әрекет теориясы. Құндылықтар теориясы. Басқару теориясы. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы.

Ғылыми заң – адам санасында бұрыннан жинақталған тәжірибелердің объективті моделін беру, жинақтау.

Гипотеза – (гипотеза – грек. *hypothesis* – негіздеме, алдын-ала ұйғарым); тәжірибеде әзірге белгісіз құбылыстар туралы немесе келешекте белгілі бір жағдайда пайда болуға мүмкіндігі бар оқиғалар мен құбылыстар туралы ғылыми болжам, білім.

Ұғым – зат пен құбылыс объектісінің аталуы немесе олар туралы ой.

Ғылыми әдістер – ғылыми мәселелерді шешу мақсатына жету жолы, амал-тәсілдері.

Ғылым нәтижесі – білім. Білім – адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдардың, деректер мен пайымдардың жиынтығы.

Педагогикалық жүйе (грек. – «бөліктерден құралған, қосылған») – белгілі бір педагогикалық тұжырым және оны шынайы педагогикалық практикада жүзеге асыратын тәжірибені қамтитын кең педагогикалық ұғым; мектеп типтері, арнайы кәсіптік білім беру мекемесі (колледждер), ЖОО, мектептен тыс ұйымдарды, яғни оқытушымен білім алушы арасында белгілі мақсатта қарым-қатынас жүзеге асатын жерлер. *Педагогикалық жүйе* – бұл көптеген құрылымдық және қызметтік компоненттердің өзара үйлесімділігінен тұратын және оларды бір мақсатқа жұмылдырған, яғни жеткіншектер мен ересек адамдарды оқыту мен тәрбиелеуді көздейтін жүйе.

Педагогикалық жүйенің қызметі мен қалыптасуының *алғы шарттары:*

1. Педагогикалық жүйе қоғамның белгілі бір топтарын (балаларды, жеткіншектерді, ересектерді) тәрбиелеу мен оқыту қажеттігі туындаған жағдайда ғана пайда болады.

2. Педагогикалық жүйе қоғамда айқындалған ақпараттық білім кеңістігін игере алатын топтар пайда болғанда ғана туындайды.

3. Педагогикалық жүйе белгілі бір білім алушылар мақсатына жететін педагогикалық әсердің құралдары, әдістері мен формалары табылған жағдайда ғана оларды игеру мүмкіндігінен туындайды.

4. Педагогикалық жүйені іске асыру үшін білім алушылардың белгілі бір тобы болуы тиіс.

5. Педагогикалық жүйеде білім алушыларға білім беретін, тиісті педагогикалық және психологиялық іліммен, олармен жұмыс істей алатын әдіс-тәсілдер негізін игерген, алдына мақсат қоя білетін педагогтар болуы қажет.

6. Педагогикалық жүйе, қоғамдағы белгілі бір топ өкілдерінің әлеуметтік сұранысын

қанағаттандыруы қажет және бұл оның түрлі нәтижесі болуы тиіс.

Педагогикалық жүйенің негізгі компоненттері: оқытушы, білім алушы, білім беру мазмұны, материалдық-техникалық база. Педагогикалық жүйедегі оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарын жүзеге асыру үдерісі – *педагогикалық үдеріс* деп аталады. Педагогикалық үдеріс – арнайы ұйымдастырылған педагогтар мен білім алушылардың (педагогикалық әрекеттестік) бірлескен іс-әрекеті, ол мәдениеттілікті меңгеруден, еңбекке, қоғамдық өмірге оқытушының басшылығымен даярланудан тұрады. *Педагогикалық үдерістің тұтастығы* – «білім беруші - білім алушы» мақсатының бірлігінде. *Педагогикалық үдеріс компоненттері:* мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, формасы, нәтижелері. Педагогикалық үдеріс *оқытудан, тәрбиеден, дамудан* тұрады. Жоғарғы оқу орнында педагогикалық үдеріске аталғандармен қоса *ғылыми іс-әрекет* қосылады.

Жоғары мектеп педагогикасы – кәсіби мамандарды даярлау туралы ғылым. Жоғары мектеп педагогикасы – жоғары мектептегі тәрбие, білім беру және оқыту мәселелерімен айналысады. Жоғары мектеп педагогикасы – ЖОО жағдайында маман даярлау туралы ғылым. Жоғары мектеп педагогикасы ғылым ретінде ХХ ғ. ортасында анықталды. Жоғары мектеп педагогикасының *нысаны* – жоғары мектептегі тұтас педагогикалық үдеріс. Жоғары мектеп педагогикасының *пәні:* біліктілігі жоғары болашақ маманды даярлау. ЖМП ғылыми әлеует факторымен түсіндіріледі, ол біліктілігі жоғары мамандар даярлауда меңгеріледі.

Ғылым ретінде жоғары мектеп педагогикасының *міндеттері:*

- Жоғары білімнің қазіргі жағдайын саралау мен дамуын болжау;
- Жоғары білімнің даму тарихын зерттеу;
- Жоғары кәсіби білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін жасау;
- Жоғары білімнің заңдылығын айқындау;
- Жоғары білімнің мазмұнын жетілдіру;
- Білім беру стандартын, оқытудың жаңа әдістері мен формаларын жетілдіру;
- ЖОО педагогикалық тәжірибені зерттеу және жалпылау;
- ЖОО педагогикалық инновацияларды ғылыми саралау;
- Ғылыми-зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу.

Жоғары мектеп педагогикасының қызметтері: теориялық және технологиялық. *Теориялық қызметтер:* Жаңашыл тәжірибелерді зерттеу (сипаттамалық деңгей); Педагогикалық құбылыстардың жағдайын анықтау (диагностикалық деңгей); Тәжірибелік зерттеу жүргізу (болжамдық деңгей); *Технологиялық қызметтер:* Оқу іс-әрекетінің нормативті жоспарын айқындайтын әдістемелік материалдарды құрастыру (жоспарлар, бағдарламалар, стандарттар, құралдар) (жобалау деңгейі); Ғылыми жетістіктерді тәжірибеге енгізу (қайта құрылған, өзгертілген деңгей); Ғылыми зерттеу нәтижелерін саралау (рефлексивті деңгей).

Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары (ұғым, түсініктері). Педагогикалық терминология – білім, тәрбие, оқыту теориясы мен практикасында қолданылатын кәсіптік сөздер жүйесі. Педагогикалық терминология белгілі ұғымды анықтауда оқытушыларға жеңілдік туғызып, уақыт пен ой әрекетін үнемдеуге септігін тигізеді. Тәлім аппараты түсініктерін қалыптастыру педагогикалық құбылыстар мен мәнін ұғынуға себепші болады. Ғылым тілін түсіну үшін категорияларды білу міндетті. Жоғары мектеп педагогикасында қолданылатын категориялар (ұғымдар): *Жалпы ғылыми:* жүйе; құрылым; функция (қызмет); элемент; мақсат; іс- әрекет; жеке тұлға. *Жеке ғылыми* яғни, жоғары мектеп педагогикасымен тікелей байланысты ұғымдар, олар: даму; әлеуметтендіру; жеке даралық; оқу іс-әрекеті; үйрету; меңгерту; іскерлік. *Арнайы педагогикалық категориялар:* тәрбие, білім беру, оқыту. *Жоғары мектеп педагогикасының негізгі категориялары:* ЖОО тәрбие, ЖОО оқыту, ЖОО білім беру, педагогикалық жүйе, педагогикалық үдеріс, педагогикалық іс-әрекет, ғылыми-зерттеу іс- әрекеті, оқытушы және студент (білім алушы) т.б.

Жоғары мектеп педагогикасының қазіргі заманғы мәселелері:

- Жоғары мектептегі оқыту, білім беру, тәрбиелеу мәселелері;
- ЖОО оқыту әдістері, құралдары, формаларының жаңа жүйесін табу; ЖОО оқытудың инновациялық технологиялары; ЖОО оқытудың болашағын болжау;
- Жаһандану жағдайына сәйкес жоғары білімнің мазмұнын жетілдіру;
- Заманауи жоғары білім берудегі интеграциялық үдерістер;
- Жоғары білім беру аймағындағы салыстырмалы зерттеулер;
- Педагогикалық іс-әрекет контексіндегі күзіреттілік;
- Кәсіби білім берудегі тәрбие компоненттері;
- ЖОО білім алушыларды әлеуметтендіру;
- Жоғары мектепті басқару заңдылықтарын анықтау;
- Жоғары педагогикалық білім беруде оқытушының шығармашылық күзіреттілігін дамыту мәселелері; Оқытушының ғылыми-зерттеу мәдениетін дамыту; Оқытушының педагогикалық шеберлік деңгейін диагностикалау; Оқытушы-студент қарым-қатынасындағы мәселелер; Оқытушының тұлғалық

ерекшеліктерін зерттеу; Оқытушының кәсіби құзіреттілігі; ЖОО білім алушы тұлғасы;

• ЖОО академиялық ұтқырлықтың білім беру сапасын арттырудағы орны; ЖОО дуальді білім беруді жетілдіру; ЖОО-ғы қос диплом мәселесі және т.б.

1.2 (2-дәріс). Заманауи жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері.

Жоспары:

1. Педагогика ғылымының құрылымы.
2. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық тұғырлары (тәсілдері).
3. Құзыреттілік тұғыр жоғары мектеп педагогикасының негізгі басымдылығы.
4. Құзыреттіліктердің қазіргі заманғы сан алуан түрлері: іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми, экологиялық, техникалық саладағы мамандарды кәсіби, тілдік даярлау.
5. ХХІ ғасырдағы жаратылыстану-ғылыми білім беру

Әдіснама («методология» – грек. *methodos* – зерттеу жолы немесе таным, теория, оқу және *logos* – сөз, түсінік): 1) теориялық және практикалық әрекетті ұйымдастыру, құру принциптері мен тәсілдері жүйесі; 2) танымның ғылыми әдістері туралы ілім, білім; 3) белгілі бір ғылымда қолданылатын әдістер жиынтығы (*Философиялық энциклопедиялық сөздік*). Әдіснама – ғылыми әдістер туралы теориялық ілім; жаңа педагогикалық білімдерге қол жеткізу тәсілдері жөніндегі білімдер жүйесі; белгілі бір немесе бірнеше теориялар негізінде зерттеу бағдарламасын қабылдауға немесе қабылдамауға ықпал ететін ереже болып табылады. Әдіснамалық негіздер мен бағдарлардың ерекшелігін және мазмұнын ашуда педагог-зерттеушілер көбінесе «әдіс», «тұғыр», «қағида», «заң», «идея», «логика», «парадигма», «теория» ұғымдарын қолданады.

Педагогикалық әдіснама – педагогикалық білімдер және оны іздеп табу үдерісі жайлы ілім. Оның құрамына 1) педагогикалық білімнің құрылымы мен қызметі, оның ішіндегі педагогикалық мәселе турасындағы ілім; 2) әдіснамалық мәні бар бастапқы, іргелі, философиялық ілімдер, тұжырымдамалар, болжамдар; 3) педагогикалық таным әдістері туралы ілімдер жатқызылады (*В.И. Загвязинский*)

Ғылым әдіснамасы, оның ішінде педагогика әдіснамасы көптеген шетелдік, отандық ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелуде: М.А. Данилов, А.М. Арсеньев, Ф.Ф. Королев, Н.К. Гончаров, Э.И. Моносзон, В.Е. Гмурман, С.И. Архангельский, М.Н. Скаткин, В.С. Ильин, И.Я. Лернер, А.И. Пискунов, Г.В. Воробьев, Н.И. Волдырев, Я.С. Турбовской, Л.И. Новикова, Л.В. Занков, В.И. Журавлев, Я. Скалова, Х.И. Лийметс, Б.Т. Лихачев, А.Н. Кочетов, Н.Д. Никандров, В.С. Шубинский, Б. Битинас, Ю.К. Бабанский, Н.В. Кузьмина, В.В. Краевский, Е.В. Бережнова, В.И. Гинецинский, В.И. Загвязинский, Г.П. Щедровицкий, О.С. Анисимов, Б.С. Гершунский, Е.В. Бережнова, А.М. Новиков, Н.Д.Хмель, ШТ.Таубаева және т.б. Қазақстандық ғалым-зерттеуші Ш.Т.Таубаева педагогика әдіснамасын зерттей келе оның моделін ұсынған. Педагогикада әдіснама-қағидалар (принциптер), әдістер, таным формасы мен процедурасы және педагогикалық ақиқаттың шындалуы туралы ілім (*П.И. Пидкасистый*). Педагогиканың әдіснамасы педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді зерттейді. Ол педагогикалық теория тұрғысынан негізгі білімдер мен құрылымдарды бір жүйеге келтіреді. Олай болса, әдіснама- теориялық жүйе туралы ғылым мен ілім болып табылады.

Педагогика ғылымының әдіснамасы: *біріншіден*, ғылымның жалпы әдіснамасынан туындайды; *екіншіден*, қоғамдық ғылыми жүйенің даму тенденциясын оқып үйренумен және зерттеумен байланысты туындайды; *үшіншіден*, педагогикалық құбылыстардың жағдайлары туралы теориялық қағидалармен, олардың зерттеу әдістерін қарастырады; *төртіншіден*, жаңадан алынған білімдерді тәрбие, оқыту, білім беру тәжірибесіне енгізумен анықталады.

Әдіснамалық білімдер құрылымын ғалым *Э.Г. Юдин* төрт деңгейге бөліп түсіндіреді, демек бүгінде педагогикада әдіснаманың 4 кезеңі қабылданған:

философиялық әдіснама – экзистенциализм, неотоцизм, позитивизм, неопозитивизм, прагматизм, диалектикалық материализм; яғни таным мен жалпы ғылымның категориялық құрылымы педагогика ғылымының түсініктік аппаратына қатысты сындарлы-сыни қызметті атқаратын, құрылым сәйкестілігі мен педагогикалық зерттеу мәнін, олардың әдіснамалық іргетасын білдіретін және белгілі бір әлем сипаты тұрғысынан педагогикалық зерттеудің нәтижелерінің әлем танитын түсіндірмесіне қатысты жалпы қағидалар жатады;

жалпы ғылымдық әдіснама – жалпы ғылыми қағидалар мен зерттеу формаларын қамтиды (жүйелілік, кибернетикалық, кешенді, бағдарламалы-мақсаттық секілді жалпы ғылыми әдістер, идеализация, модельдеу, эксперименттеу секілді жалпы ғылыми рәсімдер мен тәсілдер және т.б. қатысады). Жалпы ғылыми әдіснама ұстанымдық-бағыттаушы қызметті атқарады, себебі дәл осы кезеңде зерттеудің қағидалық бағыты анықталады, оның стратегиясы, оның субъектісі мен пәнін анықтаудың әдістері қарастырылады;

нақты ғылымдық әдіснама – педагогика ғылымына сай келетін зерттеу әдістері, зерттеу қағидасы мен рәсімдерінің жиынтығынан тұрады. Ол реттеуші қызметті атқара отырып, бір-бірімен нақты зерттеулердің ерекшеліктеріне сәйкес педагогика әдістері мен аралас ғылымдарға қажетті жиынтықты құруға мүмкіндік бере отырып, педагогикалық зерттеу үдерісі барысында бір мәнді түсінуге қажетті

психология, әлеуметтану және т.б. ғылымдардың және педагогиканың ұғымдық-түсініктік аппараттың бірегейлігін қамтамасыз етеді, демек, нақты ғылым саласындағы теориялық концепцияларды туындатады;

зерттеу әдістемесі және техникасы (технологиялық), яғни, бір сипатты және шынайы эмпирикалық материал жинап, оны алғашқы талдау үшін қажетті болатын процедуралар жиынтығы. Оның басты функциясы – инструменталды немесе инструменталды технологиялық. Бұл әрдайым нақты көрінетін нормативті сипаты бар, яғни тиісті формадағы жоғары мамандандырылған әдіснамалық білімнің деңгейі болып табылады. Аталған деңгейдің қызметтерінің дұрыс жүзеге асырылуынан көп деңгейде жеке педагогикалық зерттеулердің нәтижесі мен жалпы, барлық педагогикалық ғылымның нәтижелерінің қалыптасуы мұқтаж болады.

Сондай-ақ, ғылыми айналымда төмендегідей педагогиканың әдіснамалық деңгейлері де қабылданған:

1-деңгей *гносеологиялық*, педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді саралауда жалпы ғылыми бағыттарды дұрыс құру мүмкіндігін береді;

2-деңгей *көзқарастық*, білім алушының жеке тұлғасының қалыптасу және даму факторын, білім беруді, оқыту мен тәрбиелеуді және педагогикалық іс-әрекетті қоғамдық құбылыс ретінде қарастырады;

3-деңгей *ғылыми-мазмұндық*, педагогика ғылымының заңдарын, заңдылықтарын, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу теориясы мен әдістемесін дұрыс құруға көмектеседі.

4-деңгей *логико-гносеологиялық*, педагогика пәнін, объектісін, категориясын дұрыс анықтау мен дамытуға мүмкіндік береді; педагогикалық теория мен педагогикалық практиканың өзара байланысын анықтайды, педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысын, фундаментальды және қолданбалы зерттеудің ережелерін қалыптастыруға көмектеседі; педагогиканың дамуын болжайды. Педагогика әдіснамасы бірнеше сфераларда жүзеге асырылады.

Ғылыми-педагогикалық білім беру жүйесінде:

- Педагогика пәні, қызметі мен міндеттері;
- Педагогиканың адам туралы ғылым жүйесіндегі орны;
- Педагогикалық пәндердің жалпы және арнайы міндеттері;
- Педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысы;
- Педагогиканың ұғымдық-терминологиялық жүйесі.
- *Педагогикалық құбылыстарды ғылыми тану үдерісінде:*
- Зерттеу әдістерін таңдау мәселелері;
- Зерттеу әдістерінің өзара байланысы мен ерекшеліктері;
- Мазмұндық және формальдық әдістердің сандық және сапалық сипаттарының өзара байланысы;
- Зерттеудің эмпирикалық және теориялық деңгейлері;
- Болжаудың әдіснамалық мәселелері.

Практика – педагогикалық білімді жүзеге асыру сферасы ретінде:

- Тәрбие үдерісінің мәнін, заңдарын, заңдылықтарын зерттеу;
- Тәрбие мақсатын, міндетін, мазмұнын анықтау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру факторларын зерттеу және салыстыру;
- Тәрбие үдерісін ұйымдастыру принциптерін, формаларын, әдіс пен құралдарын әзірлеу және жүзеге асыру.

Педагогикалық теория туралы түсінік. *Әдіснама, әдіс пен теория бір-бірімен тығыз байланысты.* Теория – танымдық үдерістің нәтижесі, ал әдіснама болса осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады. Бұл – теориялық және практикалық ғылыми-танымдық іс әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі, осы жүйені тану жолы. Таным теориясы тұтас танымдық іс-әрекет үдерісін және ең алдымен оның мазмұндық негізін зерттейді. Әдіснама шынайы және практикалық түрде тиімді білімге жетудің әдістерімен жолдарына көп көңіл бөледі, осы білімді дамытудың тәсілдерін іздестіреді.

Кез келген әдіснамалық мәселелерді шешу белгілі бір гносеологиялық принциптер негізінде құралған бастапқы әдіснамалық тұжырымда жүзеге асады. Адамның танымдық іс әрекетінің жалпы заңдылықтарын, оның даму заңдарын қалыптастыру философия ғылымының мәселесі. Демек, әдіснамалық тұжырымдар ғылымның философиялық негіздерімен психология ғылымының зерттейтін саласының жетістіктеріне байланысты ажыратылады.

Теориялық білім, жалпы мағынасында – белгілі бір психологиялық-педагогикалық құбылысты талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған ғылыми көзқарастар, түсініктер, идеялар жиынтығы. Ал тар және арнайы мағынасында – психологиялық-педагогикалық құбылыстардың заңдылықтары мен байланыстары туралы тұтас түсінік беретін ғылыми білімді ұйымдастыру формасы. Теория өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ол – осы білімдердің белгілі бір зерттеу бағдарламасы түрінде құралуының механизмі. Теориялық білім зерттеушіге оның не нәрсені біле алатынын көрсетсе, практикалық білім оны не істеу керектігіне бағыттайды.

Педагогикалық теория педагогикалық практиканы саралау негізінде педагогикалық болжамдар ұсынуға, алынған ғылыми фактілерді тексеруге, қабылданған ережелерді қалыптастыруға, нәтижесінде педагогика ғылымының дұрыс та, жан-жақты дамуына әсер етеді. *Педагогикалық теория* (грек. – бақылау,

зерттеу) – педагогикалық тәжірибенің, практиканың, тәрбиенің, оқытудың, білімнің логикалық жиыны; педагогикалық ойлар жүйесі; заңдылықтың ғылыми түсіндірмесі және мақсат, міндет, мазмұнның негіздемесі, педагогикалық қызметті іске асыру әдістері.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу – педагогикалық жаңа білімдердің қалыптасу үдерісі, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс- әрекет түрі.

Педагогика саласындағы зерттеулер – білім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері, мазмұны мен принциптері, технологиясы жөнінде жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс және оның нәтижесі.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу нысандары: педагогикалық жүйелер, құбылыстар, үдерістер (білім беру, тәрбие, жеке тұлғаны, ұжымды қалыптастыру); пәні: педагогикалық нысанның нақты аймағында шешімін табуы қажет ететін элементтер, байланыстар, қатынастар бірлігі.

Педагогикалық зерттеулерді *жүйелеу: Теориялық:* бұрынғырақ ашылған фактілерді түсіндіруге және олардың болашақтағы дамуын болжауға мүмкіндік беретін, негізгі және жаңа педагогикалық заңдылықтар ұсынылып қалыптастырылады.

Іргелі (фундаментальды) – тәрбие процесінің заңдылықтарын ашады, ғылыми білімді тереңдетуге бағытталған, ғылымның методологиясын дамытады, оның жаңа аймақтарын анықтайды, мұнда практикалық мақсат көзделмейді;

Қолданбалы – тәрбие мен білім беру мазмұнын қалыптастыруда, педагогикалық технологияларды жасауда, жүзеге асыруда жекелей теориялық және практикалық міндеттерді шешеді; ғылым мен практиканы, іргелі зерттеу мен әзірлемелерді байланыстырады.

Эмпирикалық: педагогика ғылымында жаңа фактілердің белгіленуі.

Эксперименталдық: қолданбалы; әдістемелік әзірлемелер – тәжірибелік және теориялық зерттеулер негізінде педагогикалық құбылыстарды зерттеудің жалпы қағидалары мен әдістері, теория құрылымы қарастырылады. Оған бағдарламаларды, оқулықтарды, оқу құралдарын; тәрбие мен оқытуда педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру мен басқару бойынша инструктивті- әдістемелік нұсқауларды әзірлеу жатқызылады.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу құрылымы мен логикасы:

1. Проблеманың (мәселенің) жағдайын зерттеу. Проблеманы қоя білу, зерттеу өзектілігін негіздеу; нысаны мен пәнін, тақырыбын анықтау;

2. Кеңінен таралған зерттеу тұжырымдамасын (әдіснама) нақтылау немесе құру;

3. Дәлелдеуді қажет ететін зерттеу болжамын жасау;

4. Зерттеу жоспарын құру;

Ғылыми-педагогикалық зерттеулер зерттеу әдістерінсіз жүзеге асырылмайтындықтан педагогикалық зерттеу әдістеріне тоқталамыз. *Әдіс* (грек. *metodos* – зерттеу немесе таным, теория, оқыту жолы) – таным жолы; ғылыми білімді құру тәсілі және негіздеу; ғылым пәнін анықтауға ықпал етуші тәсіл. *Әдіс* – күрделі таным тәртiптері, ал олар болса зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртiбін белгілейтін әр түрлі әдіс-тәсілдерінің жиынтығынан тұрады. *Әдіс* – ойға алған бір істі жүзеге асырудың тәсілдер жиынтығы. Бұны «метод» немесе «методика» деп те атайды. «*Метод*» грек тілінен аударғанда, белгілі бір іс-әрекеттің тәсілі дегенді білдіреді. Ал тәсіл дегеніміз – әдістің құрамдас бөлігі ретінде белгілі бір іс-шараны жүзеге асырудың реті, қимыл- қарекет немесе іскерлік.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде әдіске: «1. Адам баласының қызметінің белгілі салаларында қолданылатын әр түрлі амал, тәсіл, айла. 2. Қоғам өмірі мен табиғат құбылыстарын зерттеудің, танып білудің методы, жолы» сынды анықтама берілсе, *А. Байтұрсынов:* «Әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес. Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтылықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. Әдіс қажеттіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болуы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен, бір жұрттың сауаттану ісіне қолайлы әдіс басқа жұртқа да қолайлы болуға тиіс деп қарауға болмайды. Екі тілдің заңы, емле жүйесі бірдей болса, қолайлы болуы мүмкін. Ал әр тілдің заңы, емлесі немесе әріп жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған оқыту әдісі, екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды» – деген.

Зерттеу әдісі дегеніміз күрделі таным тәртiптері, ал олар болса зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртiбін белгілейтін әр түрлі әдіс-тәсілдерінің жиынтығынан тұрады. Әдісті құрайтын тәсілдер зерттеу тәртiбінің феноменологиялық суреттемесін, оның құрамындағы элементтердің эмпирикалық бөлінуін, зерттеу объектісі мен оның психологиялық-педагогикалық сипаттарын жүйелі түрде түсіну мақсатында зерттеу элементтерінің құрылымдық-қызметтік анализін қамтамасыз ететін анализ бірліктеріне әдістемелік бөлінуін қамтамасыз етулері қажет.

Зерттеу әдістері әр ғылымның дамуының басты құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық ғылым мен тұтас педагогикалық білімнің дамуы педагогикалық зерттеу әдістерінің даму деңгейіне байланысты. Ғылыми нәтижелердің анықтығы алғашқы ақпараттарды алудың жолдары мен тәсілдеріне және зерттеу әдістерінің сенімділігіне байланысты. Кез-келген педагогикалық зерттеу белгілі ғылыми білімдерді дәлелдеу емес, ол – жаңа білім көздерін табу үдерісі. Ол адамның зерттеу нысаны, заттары мен құбылыстарының мәнін ашуға бағытталған жан-жақты танымдық іс- әрекетінің бір түрі.

Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері – оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың объективті заңдылықтарын танып білудегі амалдар мен тәсілдер жиынтығы, педагогикалық жағдайларды, үдерістерді зерттеу жолдары мен тәсілдері. Ғылыми деректерде ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері мына тұрғыда жүйеленген.

Ғылыми әдістер *эмпирикалық және теориялық әдістер* болып бөлінеді. Эмпирикалық әдістерге төмендегілер жатқызылған:

- 1) бақылау – объективті шынайылықты арнайы түрде қабылдау;
- 2) суреттеу – нысандар туралы мәліметті табиғи және жасанды тілдің көмегімен бекіту;
- 3) өлшеу – нысандарды ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру;
- 4) тәжірибе жасау – құбылыс қайталанған кезде қажетті жағдайлар қайталанғанына байланысты өзгерістерді арнаулы дайындалған орындар арқылы бақылау.

Зерттеулердің *теориялық деңгейіндегі* ғылыми әдістерге төмендегілер жатқызылады:

- 1) формаландыру – зерттеліп отырған шынайы үдерістердің мағынасын ашатын абстрактылы-математикалық модельдер құру;
- 2) аксиомаландыру – дәлелдеуді керек етпейтін аксиомалар, яғни дәлелдеуді қажет етпейтін тұжырымдардың негізінде теория құру;
- 3) гипотетикалық – дедуктивтік әдіс – нәтижесінде эмпирикалық фактілер тұжырымдалатын бір-бірімен, дедуктивті байланыста болатын гипотезалардың жүйесін жасау.

Зерттеу әдістерінің классификациясы аса күрделі мәселе болғанның өзінде де, дәстүрлі түрде оларды үш топқа бөлу қабылданған: *жалпы ғылыми, интерғылыми және жеке ғылыми әдістер*.

Жалпы ғылыми әдістер барлық ғылым салаларына тән және оларды біріктіретін зерттеу нысанында пайдаланылатын логикалық әдістерді, бақылау мен тәжірибе, анализ бен синтез, болжам, индукция мен дедукция, аналогия, жүйелеу мен топтастыру, генетикалық әдіс, т.б. біріктіреді.

Жалпы ғылыми әдістер ішінде төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- анализ – жан-жақты зерттеу мақсатында бүтін бір затты құрамдас бөліктерге (жақтарына, белгілеріне, қасиеттеріне және т.б.) бөлу;
- синтез – заттың құрамдас бөліктерін бір тұтас затқа біріктіру;
- абстракциялау – зерттеліп отырған құбылыстың қажетті емес және зерттеуге қажетті қасиеттерін бөліп алу;
- жалпылау – нысандардың жалпы белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін ойлау әдісі;
- индукция – жеке қорытулар негізінде жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін зерттеу мен талқылау әдісі;
- дедукция – жалпы тұжырымнан жеке тұжырым жасауға мүмкіндік беретін талқылау әдісі;
- аналогия – нысандардың бірдей белгілерінің ұқсастығы негізінде олардың ұқсастығы туралы айтуға мүмкіндік беретін танымдық әдіс;
- жүйелеу – зерттелетін пәнді маңызды белгілері бойынша түрлі топтарға бөлу (әсіресе, биология, геология, география, кристаллография, т.б. ғылымдардың түрлі бөлімдері).
- *Интерғылыми әдістерге* экстрополяция, интерполяция, модельдеу, ретроспекция, эксперттік бағалау, т.б. жатады. Зерттеу үдерісі барысында төмендегідей *интерғылыми әдістер* қолданылады:
 - экстрополяция – ойдың дамуы немесе белгілі бір тарихи кезеңдегі тенденциялардың ашылуы, яғни жасалған заңдар мен тұжырымдардың бақылау аймағынан басқа аймаққа ауысуы;
 - интерполяция – құбылыстардың динамикалық қатарында көрінбейтін, бірақ осы қатар мүшелерінің арақатынасын ашу негізінде параметрлерді, функцияларды, көрсеткіштерді табу;
 - модельдеу – шынайы түрде бар үдерістер мен құбылыстардың логикалық, ақпараттық және графикалық құрылымын жасау, яғни нысандарды жеңілдетілген түрінде бейнелеу; модельдеу – түп нұсқаның зерттеушіні қызықтыратын қажетті жақтарының дәлме-дәл көшірмесін түсіру арқылы зерттеу;
 - ретроспекция – объектінің жүйелі түрдегі сипаттамасын алу үшін зерттеу объектісінің тарихи дамуын зерттеу, яғни оның әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі дамуының динамикалық қатарын зерттеу;
 - эксперттік бағалау – эксперттің немесе эксперттердің тұжырымдары мен ойлары.

Жоғарыда айтылып өткен әдістердің немесе тәсілдердің ешқайсысы да, дара түрде зерттеудің негізділігін, дәлділігін мен дәйектілігін қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті зерттеуде жоғары нәтижеге жету үшін олардың бірнеше түрінің жиынтығын пайдалану ғана тиімді бола алады.

«Тұғыр» деген ұғым білім беру үдерісінің стратегиясы және тактикасын белгілеуде қолданылып келеді. *Тұғыр* – педагогикалық нысананы зерттеудегі тәсілдер жиынтығының қатынасы. Демек тұғыр педагогикалық іс-әрекет тәсілдерін және өзара байланысты идеялар мен ұғымдардың сапалық жиынтығын пайдалануға мүмкіндік тудыратын әдіснамалық бағдар болып табылады.

Ш. Таубаеваның пікірінше, *тұғыр* – қойылған зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы, ол осы шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашады. Ғалым педагогикадағы әдіснамалық тұғырларды жіктеп, оларға жеке сипаттама берген. Көптеген ғалымдар тұғырды білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын кешенді педагогикалық құрал деп түсіндіреді.

Интеграциялық тұғыр (Бейсенбаева А.А.) тәрбиені мақсатты бағытталған үрдіс ретінде қарастырады, құрылымдық элементтерін, олардың қызметтерін, байланысын көрсетеді.

Мәдениеттілік тұғыр зерттелініп отырған мәселе контекстінде тұлғаның мәдениет әлеміне табысты кірігуін қамтамасыз ететін мәдени құндылықтарды меңгеруге және тасымалдауға жағдай жасауға бағытталған теориялық - әдіснамалық заңдылықтар мен ұйымдастырушылық -педагогикалық іс-шаралар жиынтығын ұсынады. Мәдениет адамның табиғатпен және әлеуметтік ортамен әрекеттесу нәтижесі ретінде қатысады. Бұл әрекеттестіктің нәтижесі рухани және материалдық байлықтарды құру болып табылады. Педагогикалық іс-әрекетте тұлғаның мәдени құндылықтары, сонымен бірге қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады.

Әлеуметтік-мәдениет тұғырын Г.И. Гайсина, М.С. Каган, т.б. дайындаған. Әлеуметтік-мәдениет тұғыры әлеумет пен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әрекеттестігін, тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуын, тұлғаның мәдени құндылықтарды меңгеруін көрсетеді, ол тұлғаның табысты әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Әлеуметтік-мәдениет тұғыры тұлғаның құндылық ұстанымын қалыптастыру үрдісіне әлеуметтік-мәдени кеңістіктің әсер ету факторын бөліп көрсетуге, мәдениеттің білімділік, тәрбиелік құндылығын қарастыруға мүмкіндік береді.

Аксиологиялық тұғыр болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени құндылықтарға бағдарынан байқалады, адамды рухани және әлеуметтік құндылықтарды жасауға қабілетті ең жоғарғы құндылық деп мойындау және оның тұлғалық және қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру; әлеуметтік-мәдени құндылықтардың тұлғаның білімі мен дамуының өзегін құрайтынын мойындау. Олардың іс-әрекет, қарым-қатынас үдерісінде ол үшін өмірлік қажетке, тұлғалық мәнге ие құндылықтарды өзектендіреді.

Аксиология тұғыры қазіргі заманғы білім берудің жаңа парадигмасы тәжірибеде аксиология тұғыры бойынша адамның ішкі әлеміне бағдарланып, оның құндылығына, түрткісіне, еркіне, әсерленуіне көңіл бөлуді қажет етеді деп есептейді (Б.С.Гершунский, А.Г.Асмолов, Ш.А.Амонашвили, И.А.Колесникова).

Аксмологиялық тұғыр (С.Д.Пожарский, Н.А.Рыбников, Б.А.Тұрғанбаева және т.б.) мұғалімнің интеллектуалдық, эмоциялық, ерік-жігерлік, коммуникативті мәдениеттерін дамытуға және моделдеуге әрі ішкі әлеуетін дамытуға, жоғары жетістікке жетуге бағытталған. Бұл тұғыр педагогикалық үдерісте болашақ мұғалімдерін оқыту мен дамыту шыңына шығуға, өзін іс жүзінде көрсетуге ұмтылу, жетістікке сұраныс сияқты факторларды ескере отырып, ұйымдастыруды құрылымдайды.

Құзыреттілік тұғырға сәйкес білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзыреттіліктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, түсінік қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Бұл тұғыр өмірдің әртүрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге қабілеттілікті және қоғамда табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді. Білім беру саласының негізгі басымдықтары ретінде нәтижеге бағытталған білім тұжырымдамасы даярланып, оның негізгі көрсеткіші ретінде құзыреттік тұғырына көшу бағыты айқындалды.

Педагогика ғылымында құзыреттілік тұғыр негізінде тұлға игеруге тиісті таным, тәжірибе, әрекет тәсілдерінен басқа құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады. Құзыреттілік тұғыр – білім беру үдерісін ұйымдастыру, ол субъектінің іс-әрекеті арқылы (оқу, таным, ойын және т.б) өзін-өзі жүзеге асыру құқығына, құзыреттілікті меңгеруге және пайдалануға негізделген. Ж.К.Түймебаевтың бас редакторлығымен құрастырылған Энциклопедиялық сөздікте «құзыреттілік тұғыр - мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық әрекетінің нәтижелігі және жоғары деңгейде кепілдік болуы арнаулы, жалпы және негізгі құзыретті белгілеу негізінде мұғалімдерді дайындау үдерісінің мақсатын белгілеу, мазмұнын таңдау, ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету» делінген. Құзыреттілік тұғыры білім алушының іс-әрекетінің нәтижеге бағытталуын және негізгі құзыреттіліктерді белгілеуге жағдай жасайды. Негізгі құзыреттіліктер – өмірдегі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс-әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі.

Білім саласына қатысты *құзыреттілік* (латын тілінде *competencia* – адам жақсы хабардар болған, білім мен тәжірибеге ие мәселелер шеңбері, өкілеттіктер мен құқықтар) дегеніміз – бұл білім беру мазмұнын игерудің ықпалдастырылған нәтижесі, ол оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың практикалық және теориялық міндеттерді шешу үшін нақты өмірлік жағдайда игерілген білімді, дағдылар мен қызмет тәсілдерін пайдалануға дайындықты білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, *құзыреттерді* социум талабы, ал *құзыреттілікті* – осы талаптардың көрініс табуы ретінде қарастыруға болады.

Сонымен қатар қазіргі таңда негізгі құзыреттердің бірыңғай келісілген анықтамасы мен тізбесі жоқ, ал Еуропа Кеңесінің «Еуропа үшін негізгі құзыреттер» симпозиумында олардың үлгілік тізбесі келтірілген: зерделеу, іздеу, ойлау, ынтымақтасу, іске кірісу, бейімделу.

Білім беру мазмұнын жалпы метапәндік (барлық пәндер үшін), пәнаралық (пәндердің немесе білім беру салаларының циклы үшін) және пәндік (әрбір оқу пәні үшін) деп бөлінуіне сәйкес, А.В. Хуторской тиісті құзыреттердің иерархиясын келесі түрде атап көрсетеді:

1. Негізгі құзыреттер – білім берудің жалпы (метапәндік) мазмұнына қатысты;
2. Жалпы пәндік құзыреттер – оқу пәндері мен білім беру салаларының белгілі бір шеңберіне жатады;
3. Пәндік құзыреттер – қысқаша сипаттамаға және оқу пәндерінің шеңберінде қалыптастыру

мүмкіндігіне ие құзыреттердің алдыңғы екі деңгейіне қатысты жеке құзыреттер.

1.3 (3-дәріс). Қазіргі заманғы білім беру парадигмалары

Жоспары:

1. «Парадигма» ұғымы.. білім беру парадигмалары.
2. Парадигманың түрлері.
3. Білім беру парадигмасының психологиялық аспектілері.
4. Интегралды парадигмалар.

Білім беру парадигмасы өзгерді (парадигма (гр. үлгі деген сөз) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; т.б. Бүгінде гуманистік, тұлғалық-бағдарлық білім беру парадигмасы қалыптасты, оның негізіне адамды жоғары әлеуметтік құндылық деп мойындау, тұлғаны құрметтеу, оның мақсаты мен талап-тілегін ескеру, оның қабілетінің толық ашылуына, үнемі өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі танытуына максималды жағдай жасау алынады. Парадигма ғасырлар бойы мәдени-тарихи жағдайларға сай білімнің әлеуметтік феномен ретіндегі негізгі параметрлерінің басым болуымен қалыптасады. Белгілі парадигмалар ішінен білімге тұрақты қызмет атқарған екі парадигманы ашып айтуға болады, олар:ізгілік және классикалық парадигмалар.

Ғылыми зерттеулерде «парадигма» ұғымына әртүрлі анықтамалар кездеседі: Парадигма – (грек. *Paradeigma* – үлгі) 1. Берілген білімдер саласындағы белгілі бір тарихи кезеңдегі ғалымдардың зерттеу практикасы, соларға қарап ұйымдастырылатын негізгі ғылыми жетістіктер жүйесі. 2. Шындық болмыстың мәнді сипаттарын білдіретін ұғымдар жүйесінде қалыптасқан қатаң ғылыми теория. 3. Белгілі бір тарихи кезең ішінде ғылыми қоғамдастықта үстем болатын зерттеу әдістерінің, мәселелер қою мен оларды шешудің бастама тұжырымдамалық сұлбасы, моделі.

«Парадигма» – педагогикада міндетті өзгерісті немесе әр түрлі дүниеге көзқарас тұрғысында өзгеше мағыналық ойды танытатын ұғым. Педагогикалық сөздікте «парадигма» – белгілі бір кезеңдегі ғылым дамуының ғылыми зерттеу стандарттарының, алынған мәліметтерді, ғылыми зерттеу нәтижелерін бағалау мен жүйелеудің моделі ретінде қабылданған теориялық және әдіснамалық ереже, тұжырымдамалық схема» деп беріледі. Парадигма ұғымын ғылымға енгізген Бергман, ал оны зерттеген американдық физик, философ Т. Кун. Ғалымның зерттеуіне сүйенсек, «парадигма» – қарастырылып отырған кезеңнің нақты ғылыми зерттеулерін анықтайтын алғышарттардың жиынтығы.

Философия мен әлеуметтануда парадигма – уақыттың өтуіне байланысты өзгеретін және ғылым дамуының қандай да бір кезеңдерін сипаттайтын бастапқы тұжырым. Логикада парадигма ғылым дамуының белгілі кезеңінде ғылыми зерттеулерде қолданылатын ғылыми қоғамда қабылданған үлгі, нобай, стандарт эталоны мен ғылыми таным үдерісінде ғылым негіздерін жүйелеуде, бағалауда қолданылатын теориялық және әдіснамалық қағидалар жиынтығы ретінде көрсетіледі. Психология ғылымында парадигма белгілі бір тарихи кезеңдегі осы саладағы ғылымдардың зерттеу практикасын ұйымдастыруға болатын үлгілерден тұратын негізгі ғылыми жетістіктердің жүйесі.

Парадигма түсінігі педагогикада екі тұрпаттағы мәнмен толықтырылады. Біріншісіне Т. Кунның классикалық түсіндірмесіне сай ғылыми айналымдағы мәселелерді және оларды шешу жолдарын үлгілеуде танымал болған ғылыми жетістіктер, ғылыми қызмет үлгісі, нормалар, критерийлер, стандарттар жиынтығы деген анықтама беріледі. Парадигманың екінші түсінігі В.В. Краевский, Е.В. Бондаревская, И.А. Колесниковалардың пайымдауынша, парадигма мазмұны, идеялары, негізгі білім жүйесін жобалаудың тұғырлары, білім стратегиясы немесе үлгісі салынған құбылыс қарастырылады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, білім беру парадигмасын анықтайтын элементтер қатарына жататындар: адамзаттың белгілі тарихи кезеңіне қажетті анықталатын білім және біліктіліктің жиынтығына деген көзқарас; өркендеу бағытындағы мәдениет пен адамзаттың даму әдістерін ұғыну; ақпаратты кодтау және тарату ұстанымдары; адамзаттың мәдени дамуын ұғыну; адамзаттың әлеуметтік дамуындағы білімнің орнын бағалау; білім беру үдерісінде білім мен мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде педагогтың орны мен ролін түсіну; тәрбиелеу-оқыту-білім беру құрылымындағы білім алушының орны мен ролін анықтау және т.б.

Соңғы уақытта педагогикалық теория мен практикада диалог, ынтымақтастық, бірлескен әрекет, өзге адамның көзқарасын түсіну қажеттігі, тұлғаны құрметтеу және басқа да идеялар еніп, көп тұжырымдамалық және көп парадигмалық тұғырлардың дамуына тікелей ықпал етті. XX ғасырда таным әдіснамасында маңызды өзгерістер орын алды. Көп парадигмалық тұғыр да талқыланды. Педагогика ғылымы мен практикасында парадигмалық тұғыр, парадигмалық ұстаным, көп парадигмалық, парадигмалық бейне, көп парадигмалық үдеріс, парадигманың түрлері және осы категорияны зерттеушілердің дүниетанымдық бағытына сәйкес, парадигмалық құбылыстар деген жалпы ұғым қалыптасты. Парадигманың түпнұсқалық мазмұнына педагогикалық мәселені қою мен шешудің жалпы қабылданған тұрпаты, педагогика ғылымы мен практикасында танымның жалпыәдіснамалық негізі, таным әрекетінің негізгі ұстанымы және іске асыру нысаны, әдістердің, мәселелік жағдаяттың көздері және оларды шешу стандарттары, педагогиканың өткені мен бүгінін талдау енгізілді.

Т. Кун ғылыми пәннің дамуында парадигманың кезеңдерін: парадигмалық кезең, парадигма үстемдігі кезеңі, дағдарыс және революция кезеңі деп бөлген. Т. Кунның парадигмалы ғылыми тұжырымын талдай отырып, қазақстандық ғалым Ұ.Ж. Әлиев оның тұжырымдамасының негізгі қағидаларын сипаттай

отырып, ғылым өз дамуындағы әр түрлі кезеңдерді басынан өткізетіндігін атап көрсетті: аномалды, дағдарысты, қалыпты. Т. Кун бойынша, ғылыми білімнің өсу заңдылықтары: қалыпты ғылым (ҚҒ), ғылымдағы аномалия (ҒА), жаңа парадигма (ЖП), яғни балама теориялардың бәсекелестігі және ескі парадигманың жаңа парадигмамен алмасуы, ғылыми революция (ҒР) қайтадан қалыптасқан ғылым (ҚҒ) және ары қарай дамудың келесі сатысы. Т. Кунның тұжырымдамасына сүйене отырып, философ Г.И. Рузавин парадигманы қоғамда қабылданған қандай бір ғылыми саланың белгілі кезеңдегі дамуын қамтамасыз ететін, негізі қаланған теория ретінде қарастырады.

Ғалым Г.Б. Корнетов «Педагогикалық парадигма – теориялық және практикалық іс-әрекеттің олардың рефлексия дәрежесіне байланыссыз мазмұнды бірлігін анықтайтын тұрақты сипаттамалар жиынтығы» деген мағыналы анықтаманы бере отырып, педагогикалық парадигманың төмендегі түлерін анықтайды: авторитарлық, манипулятивтік, қолдау педагогикасы.

Қазіргі кезеңде «білімді адам» парадигмасына көшу орын алып отыр, жаңа парадигманың артықшылығы – адам еркін ойлана алады, өз ойын шығармашылыққа ұштастыра алады, өз бетінше дами алады, интеллектуалдық, тәндік және адамгершілік тұрғыда өзін қалыптастыра алады. Жаңа парадигма жаңа білім мен ақыл-ойдың жалпыәлемдік принципіне сүйенеді, машиналық технологиядан әлеуметтік технологияларға өтуді көздейді, күтілетін нәтиже ғылыми білімді меңгеру емес, оны өмірде пайдалану – іс-әрекеттік әдіснамасы болып табылады.

Қазақстандық ғалымдар Ж. Наурызбай, А.П. Сейтешев, Қ.М. Арынғазин және т.б. ҚР білім беру жүйесіне жаңа парадигманың қажеттілігін ашып көрсетеді. Мәселен, ғалым Қ.М. Арынғазин мағыналы педагогиканы ұсынса, академик А.П. Сейтешев – «суперобъектілер: адам, әлеумет, өркениет» және білім берудің өзара байланысын көрсетеді, ғалымдар «ғылыми зерттеулер барысында шешілетін нақты мәселелер мен оларды шешудің әдіс-тәсілдері» деген ұстанымды ұстанады.

Парадигма *ғылыми және білімдік* деп екіге жіктеледі:

Ғылыми парадигма – барлық ғылыми қауымдастықтар мойындаған, жаңа ғылыми зерттеулер үшін негіз бола алатын ғылыми жетістіктер жиынтығы. Ғалымдардың берген анықтамасы бойынша, ғылыми парадигма бұл тек қана теория емес, ғылымдағы іс-әрекеттер тәсілі, зерттеу міндеттерін шешудің үлгісі. Парадигма ғылымда екі жақты рөл атқарады; бір жағынан ғылыми мәселелерді шешуді жеңілдетеді, ал екінші жағынан, жаңа идеяларды қабылдауға тосқауыл болады, себебі белгісіз, дәстүрлі емес бағыттағы ғылыми ізденіске шектеу жасалынады, яғни жананың өмірге келуіне кедергі жасайды.

Ғылымтанушылардың пікірінше, ғылыми парадигма бұл тек қана парадигма емес, сонымен қатар ғылымдағы тәсіл, модель, зерттеу міндеттерін шешу үлгісі. Басқаша айтқанда, парадигма – бұл ғылыми мәселелер мен оларды шешу әдістеріне жататын ақиқаттың тиісті аспектісін ғылыми айналымда көрінуінің белгілі бір айқындалған тәсілі.

Қазіргі кезде «парадигма» термині мәдениет тарихының ірі ілгерілеуінің, әртүрлі ғылым мен ғылыми мектептер негізі болып табылатын өмірлік түсініктер кешенінің мағынасы ретінде қолданылады. *Білімдік парадигма* – педагогикалық қауымдастықтың қабылдаған теориялық, дүниетанымдық алғышарттарының жиынтығы. Парадигма ғасырлар бойы мәдени-тарихи жағдайларға сай білімнің әлеуметтік феномен ретіндегі негізгі параметрлерінің басым болуымен қалыптасады. Белгілі парадигмалар ішінен білімге тұрақты қызмет атқарған екі парадигманы ашып айтуға болады, олар: ізгілік және классикалық парадигмалар.

Классикалық парадигманың өмірге келуі Я.А. Коменскийдің XVI ғасырдағы «Ұлы дидактика» еңбегінен, К.Д. Ушинскийдің XIX ғасырдағы «Человек как предмет воспитания» трактаттарынан бастау алады. Классикалық парадигма білім берудің нормасына, идеалына уақыттың талабына сай толықтырулар мен өзгерістер енгізілгенімен, оның іргелі мақсаты, құрылымы мен мазмұны сақталып отырылады.

Ізгілік парадигмасы «барлығы адам үшін», «адам байлығы үшін» ұстанымдарына негізделген. Ізгілік парадигмасы өзінің негізгі құндылықтары ретінде адамды таниды, оның қабілеті, қызығушылығы, өзін-өзі жүзеге асырудағы ынтасы қалыптасқан тұлға деп қарастырады. Кеңестік білім беру парадигмасы тұлғаны жоспар мен бағдарламаны іске асырушы ретінде қарастырып келді де, оның субъектілік қасиеттері, тұлғалық құндылықтары ескерусіз қалдырылып отырылды. Кеңестік білім беру парадигмасында негізгі басымдылық тәртіп үлгілерін жүзеге асыру болып келді. Ш.А. Амонашвили білім берудің ізгілікті парадигмасын ұсынады. Ал ғалым Е.А. Ямбург парадигманы когнитивтік және тұлғалық парадигмалары ретінде ажыратады. Бұл екі парадигма да тұлғаның жеке басының ерекшеліктерін тануға бағытталады, педагогикалық феноменді тарихи кезең және мәдениетпен бірлікте қарастыра алады. Жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағдымен шектелетін білім беру жүйесін тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру әлеуетімен қамтамасыз ету мақсатындағы құзырлық тұғырына ауыстыруды болжайды. Мұндай тұжырым кешегіге қарап жалтақтамайтын, болашаққа бет бұрған адамның күрделі жүйеге, білімге қатынасымен негізделеді. Жаңа білім парадигмасы жағдайында білім алушы педагогикалық әсер объектісі емес, танымдық қызмет субъектісі болып табылмайқ.

Демек, педагогикалық білім беру жеке тұлғалық парадигманы өзектендіруде. Жеке тұлғалық парадигма – бұл бір-бірімен тығыз байланысқан идеялар, түсініктер және әрекет тәсілдері арқылы тұлға мен қоғамдық қатынас арасындағы әлеуметтендіру үрдісін қамтамасыз ететін педагогикалық қызметтің жалпы ғылыми бағыты. Жеке тұлғалық парадигманың мәні оның баланың қажеттілігі мен қызығушылығын

қанағаттандыруды, оның өзіне ғана тән тұлғалық сапалары арқылы өзіндік даму траекториясын анықтауы, педагог пен білім алушы арасындағы субъектілік қарым-қатынасты орнатуға бағытталуы арқылы ашылады.

Ғылымда парадигмаларды жіктеу белгілері:

- Жаңа ғылыми бағыттарды көрсететін парадигмалар;
- Педагогика ғылымы мен практикасындағы жаңа ғылыми бағыттарды қолданушы парадигмалар;
- Педагогика ғылымы мен практикасында зерттеушілердің зерттеу логикасын құрудың негізі болып табылатын парадигмалар;
- Пәндік салалар парадигмалары (педагогика, педагогикалық антропология, социология, физика, химия және т.б.).

Парадигма бастапқыдан теориялық қайта құрудың нысанасы болғанымен, нақты да тұрақты анықталған шекарасы жоқ. Парадигма – ғылыми жетістік, ол белгілі бір уақыт ішінде ғылыми-педагогикалық мәселелерді алға қоюдың *моделінің*, оларды шешу *үлгісінің* негізі болып табылады. Демек, *парадигма* ғылымға танымдық және қайта құру қызметінің негізгі қағидаларын және осы қағидаларды іске асырудың үлгілерін ұсынады. Парадигма педагогикалық теория ретінде басқа зерттеушілер үшін белгілі бір ғылыми-педагогикалық мектеп шеңберінде орындалатын зерттеулердің *әдіснамасы* қызметін атқарады. Мұндай теория ғылыми-педагогикалық мектеп өкілдерінің ғылыми зерттеулерінің бағыттары мен тәсілдерін анықтайды. Адамзаттың жаңа постиндустриалды дәуірге өтуі білімдегі үш жүз жылдан астам уақыт қызмет көрсетіп келген оқытудың түбегейлі жаңаша құрылуын талап етті. Қоғамның индустриалды қоғамнан екінші – постиндустриалды қоғамға өтуі білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістермен қатар жүрді. Постиндустриалды мәдениетке көшу барысындағы еңбекке деген көзқарас өзгеше – жұмысшы өз еңбегінің нәтижесі мен табысына қанағаттанады. Ол материалдық және рухани да болады. Еңбекке деген қарым-қатынас жаңа типтегі жұмысшының еңбек арқылы өзінің еңбегінің құнын танытуы ретінде болады. Осылайша адам еңбек үдерісінде басты өмірлік қажеттілігінен қанағат тауып – өмірдің мәнін түсінеді. Өмір мен еңбек ұласады. Постиндустриалдық қоғамдағы оқу әрекетін ұйымдастыру методологиясы тұрғысынан педагогика және педагогикалық психология жаңаша қарауды талап етеді.

1.4 (4-дәріс). Қазақстандағы жоғары білім берудің дамуы.

Жоспары:

1. Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуының негізгі бағыттары (тенденциясы).
2. Болон үдерісі қазақстандық жоғары білімнің еуропалық білім беру кеңістігіне ықпалдасуы (интеграциялануы) ретінде.
3. Отандық білім беру жүйесін реформалаудың негізгі қағидалары.
4. Жоғары білімнің көпдеңгейлі жүйесінің сипаттамасы.
5. Жоғары білім беру ұйымдарының (мекемесінің түрлері).
6. Тұрақты даму мүддесінде білім беру. STEM-контекстіндегі білім.

XXI ғасыр – жоғары технология мен білім ғасыры. Білім беру адамзаттық өркениеттің дамуында маңызды фактор болғаны белгілі. Бүгінде жаһандық проблемалар туындауда: жалпыадамзаттық мәселелер (әлемдік термоядролық соғыс, т.б.); адам мен табиғаттың қатынасы; қоғам мен адамның аса қауіпті ауруларды жоюдағы өзара қатынасы. Осы мәселелерді шешудің жолдары қандай? (жаңа технология, адамның ойлауын өзгерту, әлемдік масштабта келісілген және жоспарлы әрекетке көшу). XX ғасырдың соңында экономикалық дамудың жоғары кезеңі басталды. Жаһандық қозғалыс басталды: материалдық экономикадан интеллектуалдылыққа өту немесе ол экономикаға негізделген білім. Оған мына факт дәлел болады: табысты дамыған елде ұлттық байлықтың: 15% материалдық құндылық, 20% - табиғи ресурс, 65%-білім, білімді адамдар құрайды. Тек білімнің ғана емес, адам факторының рөлі өсуде. Техникалық күш жоғары болған сайын, адамның кәсібилігі ғана емес, оның адамгершілік мәдениеті, гуманизмі, жауапкершілігі де жоғары болуы керек. Сондықтан тұлғаның қалыптасуында білім факторының рөлі зор. Білім беру мәселесімен тек педагогика ғылымы айналыспайды. Білім беруді философия, әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану, т.б. зерттейді. Білім беруді әлеуметтік феномен ретінде зерттеуге көптеген ғылымдар қажетті, құнды үлестерін қосты, бірақ бұл ғылымдар білім берудің мәнді аспектілерін-адамның күнделікті өсуі мен дамуы, осы үдерістегі педагог пен білім алушының өзара әрекеттестігі және оған сай институционалды құрылымын қарастырмайды. Бұл аспектіні педагогика ғылымы зерттейді.

Қазақстан қазіргі жаһандану заманында дамудың нарықтық қатынастар талабына жауап беретін жаңа кезеңдеріне аяқ басты. Бұл сапалы жоғары білім берудің мақсатын қайта қарауды қажет етеді. Мемлекетіміз өзінің табиғи байлықтары көзіне сүйене отырып бәсекеге қабілетті 30 - алдыңғы қатарлы елдің құрамына енуі көздейді.

Сапалы жоғары білімді көздей отырып Қазақстан Еуропалық жоғары білім стандарттарына бет бұрды. Мысалы, 1997 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде ең алғашқы болып мемлекет аралық дипломдарды өзара қабылдау туралы айтылған жоғары білім туралы Лиссобон конвенциясын енгізген.

Бүгінде Қазақстан жоғары білім беру жүйесі Болон үдерісі принциптеріне сүйеніп қайта қарастырылуда. *Болон үдерісі* - еуропалық жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпы-еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үрдісінің көрінісі. Алғашқы еуропалық университеттің отаны - Болонья қаласының (Италия) құрметіне аталған Болондық декларациямен (1999 ж.) бекітілген. 2004 жылға

дейін Болондық үдеріске 40 ел мүше болды. Мүше-мемлекеттердің ағымдағы мәселелерін талқылау мақсатында мерзімдік кездесулерді ұйымдастыруды көздейді. Болон үдерісі демократиялық жоғары технологиялық ақпараттық нарықтық қоғам талаптарына сай келетін және жеке бағыттылықты, таңдау еркіндігін және өзіндік білім жолын игерумен, білім жинаудың ақпараттық-ізденімпаздық сипатын қалыптастыруды мақсат тұтады. Болон үдерісінің басты мақсаттарының құрамында еуропалық мәдени құндылықтарды дамытудағы университеттердің негізгі басты орнын мойындау; жоғары білімді қоғам талаптарына сай бейімдеу қажеттігі; білім орталықтарына қол жеткізу мақсатындағы азаматтардың жұмылуы; түлектердің кәсібін айқындауда түсінуге жеңіл, салыстыруға боларлықтай дәрежелер мен мамандықтар қабылдау; әртүрлі мәдениеттерге, тілдерге, ұлттық жүйелерге сый-құрметпен қарау; университеттік автономияны және академиялық еркіндіктерді дамыту; үздіксіз білім беру; Болон үдерісі мүшелерінің арасында сенім философиясын орнату жатады. Ресми заңдық тұрғыда Болон процесі Батыс Еуропа мен Қазақстанда қалыптасқан кәсіби білім деңгейін біркелкі «бакалавр-магистр» формуласымен теңестіріп, қазақстандық жоғары білім құжаттарының Еуропада мойындалуына жол ашып, мүмкіндік береді.

Болон үдерісі (Болондық қайта құрылулар) – жоғары білім министрлерінің Декларациясына сәйкес, еуропалық жоғары білім жүйесін жақындату процесін белгілеу үшін жиі пайдаланылып жүрген термин. (Париж, 1998; Болонья, 1999; Прага, 2001; Берлин 2003). Болон үдерісі – жалпы қызмет қағидасына негізделген жоғары білімнің біріңғай еуропалық жүйесінің құрылу үдерісі.

Қазақстан 2010 ж. 11 наурызынан бастап бірінші орталық-азиялық мемлекет болып (Болондық үдерістегі) Еуропалық білім беру кеңістігінің толық мүшесі болды.

Болондық декларацияның 46 елінің өкілдері Қазақстанның қосылуы туралы шешімді қолдады. Біздің мемлекетіміз Еуропалық жоғары оқу орындарының аймағына енген 47-ші ел болды.

Болондық үдеріс – жалпы қызмет қағидаларына негізделген жоғары білімнің біріңғай еуропалық жүйесінің құрылу үдерісі.

Болондық үдерістің принциптері: Еуропалық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін және тартымдылығын жоғарылату; Ұлттық білім жүйелерін жақындастыру; Көп деңгейлі жоғары білімді енгізу; Академиялық кредиттер жүйесін қабылдау; Білім сапасын бақылау.

Болон реформалары «нәтижелерге бағытталу» және «студенттік орталықтандырылған оқыту» терминдерімен сипатталады. Бұл жерде сөз оқыту нәтижелерін кең мағынада түсінуде болып отыр. Осы терминдер ECTS, модуляризациямен және институционалдық еркіндікпен байланыста болуды болжай отырып, педагогикалық практиканың алға жылжуының негізгі элементтері болуы керек. Сонымен қатар Болондық құрылымда біліктіліктің «Дублиндік дескрипторлар» деп аталатын білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелеріне негізделеді, күзиретілікті түрінде тұжырымдалады және біліктіліктің Еуропалық шеңберінде келістіріледі. Ол маманның 5 біліктілігін айқындайды. Олар: *қабілеттіліктерін және білімін тәжірибеде қолдана білуі; өзінің көзқарасын, идеясын, қорытынды жасай білу қабілеттерінің болуы; оқу үдерісіндегі іскерлігі; ақпаратты, пікірлерді, шешімдерді мамандарға, маман еместерге жеткізе білуі; білімі және түсінігі арқылы қалай өмір сүруі.*

Болон үдерісінің үш деңгейінің арасында баланс болу керек: өкіметке, жоғары оқу орындарына және студенттерге қатысты еуропалық деңгейде белгіленген мақсаттар; процесі жүзеге асырудағы ЖОО - лардың алатын негізгі рөлі; ұлттық стратегиялардың рөлі және алдыңғы екі деңгейдің бірігуіндегі және әрбір елдегі үдерістерге көмек көрсетудегі заңдылықтар. Болон үдерісі – еуропа аймағындағы жоғары білім беруді және ғылыми зерттеулерді қорғау және жақсарту құралы, ашықтық пен мобильділікті көтеру құралы болып табылады. Болон үдерісі жоғары оқу орнының қоғамдағы орнын мойындайды және сапаға ерекше мән береді, сапаны қолдау мен оны жоғарылату, жүйе мен оның кадрларына берілетін мемлекеттік инвестицияны көтеруді талап ететіндігін айтады.

Мектептер мен университеттер барлық әлемде бірдей білімдік-тәрбиелік жүйе ретінде көп ғасырлық тарихи дамуды өткерді. Олар ғылымдағы, мәдениеттегі, әлеуметаралық өзгерістер нәтижесіндегі көзқарастарға сәйкес күрделі қайта құруларға ұшырап отырды.

Мектеп пен жоғары оқу орындарының, сондай-ақ, басқа да білім беру институттарының дамуы ұлы өркениет дәуірінен бастау алады. Ерте дәуір өркениеті бір-бірінен дара болғанына қарамастан, адамды белгілі бір біліммен қаруландыруда ортақ қағидаларды ұстанған.

Жазудың пайда болуы мектептердің қалыптасу факторларының генезисі бола алады. Жазба түрде ақпаратты жеткізу арнайы оқытудың болуын қажет етті. Екінші фактор - адам еңбегінің ақыл-ой және дене еңбегі болып даралануы, осыдан әр түрлі мамандықтар қалыптасты, олардың алғашқылары қатарында оқытушылық пен тәрбиешілік болды.

Отбасын, шіркеуді және мемлекетті ерте өркениет дәуіріндегі білім беру ошақтары дей аламыз. Сондықтан мектептің – отбасылық, шіркеулік, жеке және мемлекеттік түрлері болды.

Университет – жиынтық, жинақ – жаратылыстану, қоғамдық, техникалық, әлеуметтік ғылымдар саласынан кең көлемде жоғары білімді мамандар даярлайтын, көп салалы жоғары оқу орны. Университетте студенттер жан-жақты терең теориялық даярлықтан өтеді. Университетке тән ерекшелік – оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сабақтас жүргізілуі. Алғашқы университет XII ғасырда Батыс Еуропада пайда болды. Ресейдегі тұңғыш университет Мәскеу университеті (1755 жылы құрылған), байырғы

универсиеттерге Львов (1661 жылы алғашқы академия ретінде), Тарту (1802), Вильнюс (1803), Қазақ (1804), Харьков (1805), Санкт-Петербург

(1819), Киев (1834) университеттері жатады. Орта Азияда 1920 жылы Түркістан мемлекеттік университеті, 1928 жылы Қазақ педагогикалық институты (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті), 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті), 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті ашылды.

Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы. Қазақстанның Ресейге қосылуы жалпы қазақ халқының білім жүйесінің дамып, мектептер ашылуынан бастап әрі қарай ілгерілеуіне ықпал етті. Бұл - Қазақстанға Ресейдің экономикасы мен алдыңғы қатарлы мәдениетінің ықпал етуіне қолайлы жағдайлар туғызды, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына әсер етті.

1744 жылы Орынборда татар мектебі ашылып, мұнда әскери шендегілердің балалары оқыды. Бұл мектепті бітіргендер өкімет кеңселерінде, сауда-саттық орындарында жұмыс істеп, тілмаштық қызмет атқарды. 1786 жылы Омскіде ашылған «Азия мектебі» де осындай мақсатты көздеді. Олардың ішінде қазақ балалары да болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей ордасында мектептегі білім беру кең тарала бастады. Бұнда үлкен рөлді Жәңгір хан атқарды. Ханның білім беру саясатының орталығында мешіт жанындағы бастауыш мектептерін ұйымдастыру болды. 1841 жылдың желтоқсанында Жәңгір ханның үкімімен орталық мектеп ашылды. Мектепте арабша, татарша және орыс тілі, жаратылыстану негізі, тарих және медицина оқытылды. Мектепті жақсы бітіргендер кадет корпусында білім алды.

Кадет корпустарының оқу курсы сегіз жылдық, әр класс екі жылдық мерзімді қамтыды. Кадет корпустарын бітірушілер Қазақстандағы әр түрлі басқару орындарына қызметке жіберілді. Олардың біразы орыс тілін меңгерген және орыс мәдениетінен хабардар, әжептәуір білімді жастар болды, кейбіреулері орыс баспа сөзімен байланыс жасап, қазақтарды орыс оқу орындарымен таныстырды, сол арқылы қазақ жастарын оқу орындарына ынталандыруды ойлады.

1960-жылдардағы Халық ағарту жөніндегі алдыңғы қатарлы теориялар біртіндеп мектеп тәжірибесіне ене бастады. Бұл кезде ағарту ісінде қоғамдық орындардың алдыңғы қатарлы бастамалары өріс алды. Қалалар мен ауылдарда бастауыш мектептердің бірнеше түрлері ашылды: жеке адамдар ашқан гимназиялар, жексенбілік мектептер.

Қазақ балаларына арналған Орынбор орыс мектебі 1850 жылы 22 тамызда ашылды. Мектепке 50 бала қабылданды. Мектептің оқу жұмысы белгілі тәртіпке келтіріле бастады: оқу жылының мерзімі белгіленді, жалпы оқу мерзімі (7 жыл), оқушыларды қабылдау кезеңі (әрбір екі жыл сайын), жазғы демалыс (15 маусымнан 15 тамызға дейін) анықталды, сабақ кестесі мен оқушыларға арналған үзіліс енгізілді, емтихандардың ережесі жасалды. Орынбордағы қазақ балаларына арналған тұңғыш мектеп (1850-1869) оқушылар санының тым шағындылығына қарамастан, қазақтар арасында орыс білімін таратудың алғашқы ошағы болды.

Ішкі қазақ (Бөкей) ордасында мектептің негізінен екі түрі (алты жылдық екі класты, төрт жылдық бір класты орыс-қазақ училищелері) болды. Торғай және Орал облыстарында алты жылдық екі класты уездік, төрт жылдық болыстық орыс-қазақ училищелері және Ы.Алтынсарин негіздеген

ауыл мектептері ұйымдастырылды.

Ақмола мен Семей облыстарында интернатты мектептер ашылып, кейінен ауыл шаруашылық мектептеріне айналды. 19-ғасырдың аяғында бұл облыстарда ауылдық мектептер ашылды.

XIX ғасырдың ортасында Қазақстан аймағында медреселер мен мектеп-оқу орындары жұмыс істеді, олар ежелгі Шығыс және Азия мұсылман халықтарының жоғары дамыған мәдениетіне тартуда, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетінің дамуында жағымды рөл атқарды.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстан аймағында бірінші рет орта және кәсіби оқу мекемелері пайда болды. Орта мектеп бастауыш және келесі буындағы білім арасындағы аралық буын болып есептеліп, екі міндетті орындады. Біріншіден, гимназияны бітіргендер, алғашқы кәсіби білім алу, екіншіден, қабілетті оқушылардың жоғары оқу орынына түсуіне мүмкіндіктері болды.

Қазақстанда 1917 жылы 1 қаңтарда 17 орта мектеп, 4 реальды училище және 13 гимназия жұмыс істеді, онда 5880 оқушы оқыды, оның ішінде 215 ғана қазақ ұлтының өкілдері.

XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы білім саясатында өзгерістерді талап етті. Өндірістің дамуы кәсіби жұмысшы кадр мамандарды даярлау міндетін қойды. 1903-1904 жж. Ресейдің білім министрлігі бірқатар қаулыларды шығарып, соған сәйкес мемлекеттік қазыналық қаржыға мектеп жанынан қол еңбегі және қол өнер мектептерін ашуды шешті. Сонымен, қол өнер бөлімі Қазақстанда кәсіби білім беруді қалыптастырудың негізі болып табылады. Олардың даму мөлшері бойынша кәсіби бағыттылығы кеңі түсті. Қазақстандағы кәсіби мектептер 3 бағытты қарастырды: ауылшаруашылық, қолөнер, педагогикалық.

Қазақстанда мұғалім мамандықтарын дайындау мұғалім семинарияларымен педагогикалық сыныптарда жүзеге асырылды. Бірінші мұғалім семинариясы Қазақстанда 1903 жылы Семейде ашылды. Педагогикалық сыныптар Қазақстанның білім жүйесінің қалыптасуында жағымды рөл атқарды, олар арқылы оқу орындарының негізгі түрі - бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау жүргізілді.

Революцияға дейінгі Қазақстан аймағында жоғары оқу орындары болмады. Сондықтан жоғары білім алуға ұмтылған кейбір қазақтар Ресейдің басқа қалаларының оқу орындарында оқыды: Томскде, Казанда,

Петербургте, Орынборда және т.б. XX ғасырдың басы және XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының арасындағы оқу-ағарту және мәдениеттің дамуында негізгі рөлді Омск қаласының орталығы және Түркіменстан өлкесінің орталығы - Ташкент қаласы атқарды.

Білім беру жүйесінің қалыптасуында алдыңғы қатарлы баспасөз үлкен рөл атқарды. Орыс-қазақ мәдени-ағарту ынтымағының және Қазақстандағы ой-пікірдің дамуында «Айқап» журналының мәні зор. Бұл журнал 1911-1915 жылдары Троиц қаласында шығып тұрды.

М.Дулатов А.Байтұрсыновпен бірлесіп, «Қазақ» газетін шығаруға ат салысты. Халық ағарту мәселелері, кітап басып шығару мәселелері жалпы халықтың баспа органы – «Қазақ» газеті беттерінде кең таралды.

Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі Жоғары оқу орындары ретінде Шымкент, Әулиеата, Түркістан, **Ақмешіт медреселерін** атауға болады.

- ✓ 1919-1920 жж, халық ағарту институттары ашылды: Орынборда, Семейде, Ордада.
- ✓ 1920 ж. қарашада Түркістан мемлекеттік университеті (кейінгі Орта Азия университеті) құрылды. Сондай-ақ, осы жылдың күзінде Семейде халық ағарту институты құрылды.
- ✓ 1921 ж. Орынборда Қазақ халық ағарту институты (кейін Қызылордаға көшірілді) және Верныйда (Алматы) Қазақ ағарту институты ашылды.
- ✓ 1926ж. 2 шілдеде Ташкенттегі халық ағарту институты Қазақ педагогикалық институты болып қайта құрылды.
- ✓ 1928 ж. Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны – Алматыда ашылған Қазақ педагогикалық институты,
- ✓ 1929 ж. Алматы малдәрігерлік институты,
- ✓ 1930 ж. Қазақ ауыл шаруашылық институты,
- ✓ 1931ж. Қазақ медициналық институты, Орал педагогикалық институты,
- ✓ 1934 ж. Қазақ мемлекеттік университеті мен Кен-металлургия институты ашылды,
- ✓ 1950-1960 жж. Ақтөбе, Атырау, Тараз, Қостанай, Көкшетау, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Ақмола (қазіргі Астана) қалаларында педагогикалық институттар, Ақтөбе, Қарағанды, Семей, Ақмолада медициналық институттар, Алматыда халық шаруашылығы, Қарағандыда политехнология және кооперативтік, Павлодарда индустриалдық, Өскеменде жол құрылысы, Ақмолада инженер құрылысы, Таразда гидромелиоративтік-құрылыс және технологиялық институттары.

✓ 1972 ж. Қарағанды мемлекеттік университеті, Арқалық, Талдықорған педагогикалық институттары ашылды.

✓ 1986-1987 оқу жылында Қазақстанда 55 жоғары оқу орындарында 247 мыңнан астам студент оқыды. 2001ж. 5 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен *8 жоғары оқу орындарына* ерекше мәртебе берілді. Олар:

- ✓ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
- ✓ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
- ✓ С.Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
- ✓ К.Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
- ✓ С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті
- ✓ Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
- ✓ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
- ✓ Қазақ ұлттық өнер университеті

Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарихы. Қазақ мемлекеттік университеті республикадағы тұңғыш жоғары оқу орны болды. 1928 жылы шаңырақ көтерген бұл білім ордасында физика-математика, жаратылыстану және лингвистика-педагогикалық бөлімдерден құралған жалғыз ғана факультет болды. Алғашқы кезде мұнда үш факультет: педагогикалық, ауылшаруашылық, медициналық факультеттерін құру жобаланды, олар 1932- 1933 оқу жылында жұмыс істеуге кірісуі тиіс болатын. Алайда халыққа білім беруді қарқынды түрде өркендету мақсатымен жаңадан ашылған жоғары оқу орнын дербес педагогикалық институт ретінде қалыптастырып, дамыту қажет болды. Сондықтан 1930 жылы университет Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты деп атала бастады да, 1935 жылы оған ұлы ақын Абайдың аты берілді. Бұл бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Алғаш құрылған кезіндегі ҚазПИ бұрынғы Верный әйелдер гимназиясының ғимаратында орналасты. Институт жанында оқуға түсушілерге арналған бес айлық дайындық курсы жұмыс істеді. Сондай-ақ педагогикалық техникум, училище мен жұмысшылар факультеті ашылды. Бұл оқу орындарына негізінен ата-аналарынан айырылған балалар үйінің тәрбиеленушілері, кедейлердің балалары және аздаған орта шаруалардың балалары қабылданды. Институтқа алғашқы қабылдау екі

кезеңде – 1928 жылдың қыркүйек және қазан айларында жүргізілді. Республика Халыққа білім беру комиссариатының округтердің санына орай жоспарлы бөлу жұмыстарының негізінде 124 адам, соның ішінде 28 қыз бала оқуға қабылданды. Студенттер құрамы көптеген ұлттардың өкілдерінен тұрды. Олардың ішінде 76 қазақ, 42 орыс және басқада ұлттардың өкілдері болды. Студенттердің 75 пайызы стипендиямен қамтамасыз етілді. Баспана аса қажеттеріне жатақханадан орын бөлінді. Кейбір студенттердің дайындығы біршама төмен екендігі ескеріліп, орыс және қазақ тілдерінен, математика мен физикадан қосымша сабақтар өткізілді. Бірінші курста 9 оқытушы, оның ішінде 3 профессор, 5 доцент және 1 ассистент сабақ берді. Сол бір жылдары институт қабырғасында негізінен білімге аса құштар жандар – жасы отыз-қырықтарға келген адамдар оқыды, студенттер арасынан жиырмаға дейінгі жастар сирек кездесетін.

Институт сонымен қатар тұрғындар арасындағы ғылыми-ағартушылық жұмыстарын да жүргізді. Қазақ педагогикалық институтының жанынан екі жүзге жуық тыңдарман қатысатын жексенбілік мектеп құрылды. Мұнда оқытушылар еңбеккерлерге дәріс оқып, ғылыми баяндамалар жасады. Институт жанынына сауатсыздықты жоюға арналанған мектеп ашылып, тақырыптық кештер, пікірталастар, оқырмандар конференциялары, басқа да мәдени-ағартушылық шаралар тұрақты өткізіліп тұрды.

Сол кезде Қазақ педагогикалық институты үшін оқытушылар құрамын кәсіби біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық кадрлармен толықтыру аса маңызды мәселе болып табылды. Бұл міндет екі жолмен шешілді: біраз мамандар орталық жоғары оқу орындарынан шақырылса, қалғандары жергілікті кадрлардың арасынан даярланды. Институттың қалыптасуына туысқан республикалардағы, әсіресе Мәскеу мен Ленинградтағы көптеген оқу орындары үлкен көмек көрсетті. Олар өздерінің бай кітапхана қорымен, кабинеттерге арналған жабдықтармен бөлісті. Сол жылдары Қазақ педагогикалық институтына жұмыс істеуге әдебиеттанушы Н.Н.Фатов, математик Б.Л.Кругляк, физик В.Ф.Литвинов, биолог С.В.Логинов, эмбриолог А.А.Захваткин тәрізді көптеген белгілі ғалымдар келді. Сол кездерде институтта Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Баймен Алманов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Ілия Қабылов, Темірбек Жүргенов сынды қазақ халқының көрнекті өкілдері оқытушылық қызмет атқарды. 30 – жылдары Қазақ педагогикалық институтында белгілі тіл мамандары Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Жолдыбаев, математик А.Ермеков және т.б. еңбек етті.

Қазақстанның алғашқы оқу орнын ұйымдастыруға оның тұңғыш ректоры, көрнекті мемлекет қайраткері, талантты ғалым және педагог, республикада жоғары мектеп пен ғылымның іргетасын қалаушы С.Ж. Асфендияров зор еңбек сіңірді. Ол 1928-1937 жылдар аралығында Қазақ педагогикалық институтының, Алматы медицина институтының ректоры, Қазақ АССР денсаулық сақтау халық комиссары және халық ағарту комиссары, Қазақтың ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институты тарих секторының меңгерушісі, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

Алғашқы жылдары Қазақ педагогикалық институты республикаға қажетті мамандар, ғалымдар, мемлекет қайраткерлері, ақын-жазушылар, білікті мұғалім кадрларының бір шоғырын даярлап шығарды.

Соғысқа дейінгі жылдар Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты үшін қалыптасу мен дамудың ең бір маңызды кезеңі болды. ҚазПИ-дің оқытушы-профессорлары мен студенттері жетілу, кемелдену сынағынан абыроймен өтті. Институт атағы бүкіл републикамен одан тыс жерлерге де таралып, белгілі болды. Осы кезде ҚазПИ қабырғасынан түлеп ұшқан мұғалім мамандардың саны артып, кадрлар даярлау сапасы жақсарды, студент жастарды оқыту мен тәрбие беру дәстүрлері нығайып, бекіді. Институт республикадағы ғылыми ой орталықтарының біріне айналды. Мұнда Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиетінің даму мәселелері зерделеніп, жаратылыстану ғылымдары саласында іргелі зерттеулер жүргізілді.

Тәжірибе жинақтау, материалдық-техникалық базасының жақсаруы, білікті ғылыми-педагогикалық кадрлар қатарының көбеюіне байланысты ҚазПИ-дің оқу-ғылыми орталық ретіндегі рөлі үнемі артып отырды. ҚазПИ-дің республикада жоғары оқу орындарын, Ғылым академиясын және басқа да білім, ғылым, мәдени мекемелер қатарын молайтып, оларды өркендетіп дамытудағы үлесі мол.

Ұлы отан соғысы жылдары ұжым үшін ең бір ауыр, сындарлы кезең болды. Институтта оқыту мерзімі қысқартылып, үш жылдыққа көшірілді. Сабақтар 8-ден 23 сағатқа дейін жүргізілді. Көптеген оқу корпусы мен жатақханалар әскери қажеттіліктерге босатылып берілгендіктен, аудиториялар мен бөлмелер жетіспеді. Қыста отын болмай, сабақтар суық аудиторияларда өткізілді, көптеген студенттер әскери зауыттарда күндіз-түні жұмыс істеп, ұйқы-күлкіні ұмытты, ашқұрсақ жүрді. Соғыс уақытындағы осындай қиыншылықтарға қарамастан студенттер білім алуда белсене және табандылықпен еңбектенді. Жақсы оқу әркімнің патриоттық борышы болып саналды.

Соғыс қарсаңында оқытушылар В.Е.Турумов, А.А.Аветякин, С. Қожахметов және т.б. қызыл армия қатарына шақырылды. Педагогтер В.В. Синюкин, Д.М.Загодский, А.А.Савченко, А.И.Кузнецов, И.Г.Рыбин, Х.М. Әділгереев, С.А.Аманжолов, М.Д.Исаев, А.Тоқмағамбетов, В.М.Зимин, В.Ф.Боярчук, Т.П.Топчий, А.Зақарин, Ш.Ахметов, И.М.Шаукенов, Д.И.Ларин, П.В.Симонов, К.Игенов, П.А.Исаков, Д.Четвериков, К.Мұсағалиев және т.б. отан қорғауға алғашқылардың бірі болып аттанды. Соғыс басталысымен-ақ елу жеті студент майданға аттанды.

Соғыстың алғашқы жылдарында оқытушылар саны күрт азайып кеткендіктен, КСРО – ның әртүрлі қаласынан Алматыға қоныс аударған көрнекті ғалымдар педагогикалық қызметке тартылды. Олардың

катарында академиктер И.И.Мещанинов, В.И.Чернышев, Ф.Г.Фисенко, КСРО ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Н.Н.Баранский, профессорлар А.А. Глаголев, П.М.Рубинштейн,

И.А.Палунск, Н.Ф.Бельчиков, Н.Ф. Черномордник, Р.А.Фридман, Д.И.Макеев, Г.А.Какиев және т.б. бар болатын. Ұлы отан соғысы жылдарында жауынгерлік және еңбектегі ерлігі үшін ҚазПИ-дің көптеген оқытушылары, қызметкерлері мен студенттері орден және медальдармен марапатталды. Мәлік Ғабдуллин, Лесбек Жолдасов, Қанаш Қамзин, Құдайберген Сұрағанов, Рақымжан Тоқатаев, Ахмедияр Хұсайынов, Сәду Шәкәрім Отанымыздың жоғары наградасы Кеңес Одағаның Батыры атағына ие болды. Соғыстан кейінгі жылдары мектептерде маман мұғалім кадрларына деген қажеттілік күрт өсті, сондықтан студенттер қабылдау, әсіресе сырттай оқуға қабылдау саны артты. Егер 1946 жылы күндізгі бөлімнің бірінші курсына 362 студент қабылданса, сол жылы институтты сырттай 60 адам ғана бітірді. Ал 1956 жылы күндізгі бөлімге 567 студент оқуға түссе, сырттай оқуды 594 адам тәмамдады.

ҚазПИ өзінің 50 жылдық мерейтойын лайықты табыстармен қарсы алды. Бұл кезде институттың 39 кафедрасында 400 оқытушы, оның ішінде 16 ғылым докторы мен профессорлар, 200 ғылым кандидаты, доценттер жұмыс істеді. Бұлардың арасында КСРО Педагогика ғылым академиясының екі корреспондент-мүшесі, Қазақстан Ғылым академиясының үш корреспондент-мүшесі, еңбек сіңірген төрт ғылым қайраткері, Қазақстан жоғары мектебінің үш еңбек сіңірген қайраткері бар болатын.

Университет түлектері, республиканың ғылым мен мәдениетінің көрнекті өкілдері С.Аманжолов, Х.Бекхожин, Ғ.Қайырбеков, М.Қаратаев, А.Ысқақов, А.Қалыбаева (Хасенова), С.Қасқабасов, А.Нүсіпбекова, Г.Омарбекова, Г.Садуақасова, Ж.Саин, Ш.Сәтбаева, Р.Сыздықова, Ә.Тәжібаев, т.б. есімдерін мақтанышпен атауға болады.

ҚазПИ-дің қабырғасында білім алған түлектердің ішінде еліміздің ғылым, білім және мәдениет салаларын дамытуға зор үлес қосқан М.Әбдіхалықов, Т.Тәжібаев, А.Закарин, К.Айманов, А. Сембаев, Н.Жанділдин, Б.Бөлтірікова, Д.Бейсенов, Ә.Шәріпов, Е.Мәмбетқазиев, Ө.Жәнібеков, М.Ахметова, А.Тұмарбеков тәрізді көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері де аз емес.

1964 жылы Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігі жүйесінде 26 жоғары оқу орны болды. Оның ішінде 1 университет, 7 техникалық, 18 педагогикалық және басқа мамандықтағы институттар жұмыс істеді. Сол жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының педагогика кафедрасының мүшелері кешенді тақырып жоспарының негізінде төмендегі жеке мәселелермен айналысты.

Профессор Р.Г.Лембергтің жетекшілігімен «Мектептегі оқыту әдістері», «Сабақтың психологиялық мәселелері», «Оқушылардың білімі мен ептілігін есепке алу» туралы тақырыптарда зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1960-жылдары республика жоғары педагогикалық оқу орындарында Т.Тәжібаевтан кейін докторлық диссертацияларын қорғаған ғалым- ұстаздардың ішінде Ә.І.Сембаевты, Қ.Б.Бержановты, Н.Д.Хмельді, Г.А.Умановты, Б.Р.Айтмағамбетованы, И.М.Кузменконы, А.А.Бейсембаеваны, Н.Д.Иванованы, Э.И.Шыныбекованы, К.Бозжанованы және т.б. атауға болады.

1990-жылдардың басында елімізде болып өткен жаңа әлеуметтік- экономикалық және саяси процестерге байланысты Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарихында да жаңа кезең басталды. Қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі, нарықтық қатынастарға көшу жоғары білім беру және жаңа кадрлар даярлауды ұйымдастыру ісіне өзгеше талаптар жүктеді. Мамандар даярлаудың отандық жүйесінде білім берудің халықаралық стандарттарына жақындатылған жаңа үлгілері іздестіріліп, жүзеге асырыла бастады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚазПИ-ді Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті етіп қайта құру жөніндегі 1992 жылғы 24 қарашадағы шешімі осыған байланысты қабылданған болатын.

Соңғы жылдары университет өмірінде көп өзгерістер болды, факультеттер саны көбейді. Оқыту процесі де күрт өзгерістерге ұшырады. Үздіксіз білім беруге көшу және оны жетілдіру Алматы мемлекеттік университетінде мамандар даярлау үрдісін халықаралық стандарттарға жақындата түседі. Мұнда оқыту ісіндегі бәсекелестік, ғылым мен практиканың өзара үздіксіз байланысы, ең озық ақпараттық және есептеу техникасын пайдалану маңызды міндеттер болып саналады.

Бүгінде университетте оқу үдерісін жетілдіруде көптеген істер тындырылуда: іргелі ғылымдар бойынша білім беру және алған білімін шығармашылықпен пайдалана білуге дайындау тереңдетіліп, мамандар қажетті мекемелер мен университет арасындағы өзара байланыс кеңейтілуде. Оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы енгізіліп, қашықтан оқыту дамытылып отыр.

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, бүгінгі Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінде ғылыми-зерттеу жұмыстары мен оқыту үдерісі әрқашанда біртұтас байланыста жүргізіліп келеді. Ғылыми жұмыс болашақ мамандар мен оқытушылардың шығармашылық күш-қуатының қайнар көзі. Университетте көкейкесті ғылыми проблемалармен, педагогикалық жоғары оқу орындары және мектептерге арналған оқулықтар, оқу құралдарын дайындаумен жемісті түрде айналысатын үлкен ғылыми күш шоғырланған. Тек ғылым, өндіріс, эксперименттік білім беру салалары арасында тығыз байланыс қана оқу процесінің және болашақ мамандардың практикалық дайындығының жоғары сапалылығын қамтамасыз ете алады. Сондықтан университет ұжымы оқу процесін академиялық ғылымның соны жетістіктеріне орайластыра құруға тырысады.

Университеттің алдағы міндеттері отандық жоғары мектептің болымды нәтижелерін сақтай және көбейте отырып, білім берудің әлемдік стандарттарын біртіндеп тәжірибеге енгізіп, жетілдіруге саяды.

Университеттік білім беру ұзаққа созылған кезеңінде тарихи түрде парадигмалар типтері өзгеріп отырды. Олардың әрқайсысы өз кезегінде универсалды білімнің доминантасы болып көрінді. Университеттік білімнің даму үдерісінде *мәдени-құндылық тұғыры* өткен ұрпақтың мәдениеті мен құндылықтарының әмбебап элементтерін ұлы ойшылдардың еңбектері арқылы жүйелі де терең меңгеруге табан тіреді (ең алдымен латын, кейін грек тілдерінде). Бұл әлемді жан-жақты тануға бағдарланды. Осы парадигмамен білім алған бітіруші жоғары білімді адам – философ, діндар атанды. Әлемге танымал мәдениет пен ғылымды, құндылықтарды меңгеруге бағытталған білім стратегиясы біздің кезеңімізге дейінгі уақытта *классикалық білім феномені* болып саналады. «*Академиялық тұғыр*» – университеттік білімнің теориялық білім мен фундаменталдық білімнің дамуына, түлектерді жаңа білімдерді іздеп, дүниені, адамның іс-әрекетін ғылыми, теориялық, ғылыми болжамдық тұрғыда түсінуге бағдарлау приоритетінің басымдығымен сипатталды. Бұл тұғыр шеңберіндегі басты құндылық табиғат пен жануарлар дүниесі, жер мен космос, адам мен қоғам, өмір мен өлім туралы ғылыми білім. ЖОО профессор оқытушылар құрамының іргелі және қолданбалы зерттеулерінің ғылыми білімдерді меңгеру типі мен зерттеу сапасының нәтижесі болып мынадай университеттік білім түрлері саналды: биологиялық, математикалық, филологиялық, физикалық, химиялық. Университеттің академиялық дәстүрі ретінде студенттердің ғылымның іргелі негіздерін жүйелі де терең меңгеруі мен ғылыми зерттеулерге қатысуы танылды. *Кәсіптік тұғыр* – университеттік білім мазмұнын байыту мен кеңейтуді ұстанды. Ғылым әлемді тану мен түсінудің ең тиімді тиесілі болуы (самоценное) тоғыстады. Ол дамуы қарқындаған техника мен өндірістің өндіргіш күштерінің қызметін атқарды. Нәтижесінде университет ғылыми білімдерді ғылыми білімдер спекторын кеңейту ғана емес, адамның әлеуметтік-мәдени, кәсіби іс-әрекетінің жоғары үлгілерін дайындау бағытталды. Осы уақыттан бастап университетте мемлекет пен қоғамның әлеуметтік тапсырысы бойынша жоғары медициналық, заңгерлік, экономистік, педагогикалық, инженерлік-техникалық және басқа да кәсіби білім беріле бастады.

Университеттік білімнің *технократтық тұғыры* – XIX-XX ғ. ғылым мен мәдени құндылықтарды кейін тастап, тар прогнатикалық бір бағыттағы техника мен технологиялық ғылым және білімді мамандар дайындау алдыңғы қатарға шықты. Мұндай парадигмалы университеттік білімнің мақсаты мен мазмұны өндіріс, экономика, және бизнес, техниканың дамуы және өркениет құралы болуды көздеді. Осыған байланысты XX ғ. университеттің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары айтарлықтай өзгерістерді бастан кешірді. Технократикалық және прагматикалық тұғырларға альтернатива ретінде университеттік білімнің гуманитарлық бағдары келді. *Гумандық тұғырдың* – негізгі мақсаты адамның жеке тұлғасы мен оның қабілеті және қызығушылығы. Университетте студенттер әлеуметтік мәнділігіне емес, қалауы бойынша универсалды білім алу арқылы *тұлға ретінде өзіндік ашылу*. Өзін-өзі іске асыру мақсатында мамандық алады. Білім парадигмаларының ықпалы мен әртүрлі факторларға қатысты университеттік білім моделі қалыптасты. Университеттік білімнің мақсатты бағытына және мазмұнына байланысты алдыңғы екі моделдің айырмашылығы бар. Дәстүрлі немесе классикалық модель жас ұрпаққа мәдениеттердің универсалды элементтерін, ғылымның жетістіктері туралы білімдерді, адам қызметінің жоғары жетістіктері ретінде академиялық білім беру жүйесін құрайды. Бұл модель қоғамның, мемлекеттің, ғылымның, техника мен мәдениеттің дамуы үшін шығармашылық негізін салуға міндетті. Көріп отырғанымыздай бұл болашақ қоғамның перспективті, жан-жақты білімді мәдениетті тұлғасын дайындауға бағытталған. Классикалық білім моделінің мазмұны мен мақсаты әлемдегі ғылым, мәдениет, техника мен адам өмірін өткен күн, қазіргі кезең және болашақ жағдайында үйлесімді ұсынады. *Рационалисттік модель* – осы күнгі қоғам мен өркениетке бейімделгіш, жоғары дәрежеде универсал дайындалған, болашақ кәсіби қызметіне терең дайындықпен келетін, алдағы уақыттағы технологияларды шығармашылықпен меңгере алатын университеттік білімге ұйымдасқан түрде бағытталған. Сондай-ақ, университеттік білімге әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарап, университеттің «әлеуметтік жүйеге кіру» және «басқару тәсілі» сияқты даму белгілеріне қатысты тағы да екі модельді анықтап алуға болады. Бұл екі модель мемлекеттік-ведомстволық мекеме және мемлекеттен тыс жоғары білім беретін автономдық университет. Бірінші жағдайда университеттік білім орталықтанған білім мақсаты мен мазмұнын мемлекеттік білім стандарттарымен, мамандықтар бойынша номенклатурасы, оқу жоспары, оқу бағдарламалары және білім нәтижесін анықтау арнайы басқару органдарымен іске асады. Автономдық университеттер орта ғасырлық университеттер тәрізді өз ресурстарымен қызмет етеді.

Жоғары оқу орны – ең алдымен, жоғары білікті қызметкерлерді даярлаумен байланысты, әр түрлі қызметтерді көрсете алатын білім беру мекемесі. Жоғары оқу орындарының негізгі *түрлері*: университеттер, академиялар, ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орны, зерттеу университеті, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище). Бұл мекемелердің бәрі бірінші кезекте ғылыми зерттеулерді орындаумен қоса білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Ұлттық зерттеу университеті - ерекше мәртебесі бар және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, бес жылға арналған даму бағдарламасы бар, мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің өз бетінше әзірленген білім беретін оқу

Жоғары оқу орны оқытушысы педагог болғандықтан осы аталған қызметтердің барлығы оған да тиесілі болғанымен, ол - әсіресе ғылыми ақиқатты іздеуші, ғалым-зерттеуші және болашақ маманды дайындаушы. Оқытушы – жалпы білім беретін әр түрлі типтердегі мектептерде білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман; дүниеге ғылыми дидактикалық-материалистік көзқарасты, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық даярлықты, жоғары адамгершілік сапасын, қоғамдық белсенділікті, білім алушыға және мамандыққа деген сүйіспеншілікті, дербес білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын, қажеттілігін игерген біздің заманымыздың алдыңғы қатарлы мүшесі. Жоғары мектеп оқытушысы — арнайы даярлығы бар және педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын кәсіпкер адам. Оқытушының педагогикалық мәдениеті - интеллектуалдық, рухани, шығармашылық педагогикалық қабілеттердің, тұлғалық қасиет-сапалардың жиынтығы, қалыптасқан педагогикалық іс-әрекет стилі, жалпы және өзіндік педагогикалық-психологиялық білімі, жағымды тәжірибесі, т.б.

Педагогикалық мәдениеттің құрылымы: Педагогикалық шеберлік Психологиялық-педагогикалық эрудиция Педагогикалық техника Кәсіби-педагогикалық сапалар: педагогикалық байқағыштық; педагогикалық талап; педагогикалық такт; т.б. Кәсіби-этикалық мәдениет. Оқытушының маңызды қызметі - оқыту, білім беру, тәрбиелеу, тәрбиелеу үрдісінде жеке тұлғаны қалыптасуру.



Педагогикалық еңбекті ұйымдастыру мәдениеті: педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті; мінез-құлық мәдениеті; педагогикалық сезім мәдениеті; танымдық мәдениеті; педагогикалық ойлау мәдениеті; сөз сөйлеу мәдениеті (ритор-шешен)

Педагогикалық мораль – мұғалім тәртібіне, мінез-құлқына, өзін-өзі ұстау, қарым-қатынас жасау мәдениетіне қойылатын белгілі бір талап-тілектердің, қағида мен ережелердің, қалыптық, мазмұндық ой-тұжырымдардың жүйесі, жиынтығы.

Педагогикалық стиль – мұғалімнің жұмыс тәжірибесінде қалыптасқан педагогикалық шеберлікке тән сипат.

Педагогикалық шеберлік - балаларды сүйетін, жүрек қалауымен әрбір педагогтың қол жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отырылатын өнер.

Педагогикалық әдеп – мұғалімнің кәсіптік сапасы және кәсіптік белгісі. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі, ең алдымен ,оның педагогтік әдебінде. Педагогтың әдеби ілтипаттылық, сенім білдірушілік, әділдік, төзім мен сабыр сақтау деген сияқты қасиеттерімен өлшенеді.

Жоғары мектеп оқытушысына қойылатын талаптар:

1. Мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы;
2. Адамдардың адамдарға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларды білуі;
3. Қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып, жаңа білім алу, өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білуі;
4. Компьютерлік техниканы меңгеруі;
5. Ғылыми, іскерлік, қоғамдық, саяси және тұрмыстық тілдер ауқымында мемлекеттік және шетел тілдерінде сөйлесе білуі.

Жоғары мектептегі оқыту үрдісі студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, олардың дербес зерттеуші қызметіне жақындай түсуіне ықпал етеді. Әр уақытта педагогикалық қызмет пен ғылымды бір-бірімен ұштастыра жүргізудің маңызы зор. Сол себепті біздің қоғам жоғары мектептердің ғылым мен мәдениетті дамытудағы ролін арттыруды басты мақсат етіп отыр. Оқытушының аудитория алдындағы сөйлеу кезіндегі ең бастысы - тіл заңдылықтарын сақтау мен сөйлеу техникасын меңгеру. Ғылыми айналымда сөйлеу мәдениеттілігін анықтайтын сөз сапаларының 23 түрі айқындалған, олар: сөздің дұрыстығы, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі, жүйелілігі, мағыналылығы, байланыстылығы, айқындылығы, жандылығы, тартымдылығы, айғақтылығы, ғылымилығы, идеялылығы, ықпалдылығы, сенімділігі, тұтастығы. Құзіретті педагог құзіреттіліктің үш тобын қалыптастыра алуы тиіс: Әдіснамалық (психология, педагогика). Жалпы мәдениетті (дүниетанымдық). Пәндік-бағдарлық. Тұлғалық және кәсіптік “МЕН” тұжырымдамасы, іс-әрекет, тәрбиеленушінің бірлігі. «Кәсіби құзіреттілік» ұғымы ең бірінші жеке тұлғаның кәсіби білімінің деңгейімен, жеке қабілеттерімен, өзін-өзі жетілдіру және үздіксіз іскерлігімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерін практикада тиімді қолдана алуымен анықталады.

XIX ғ.аяғында П.Ф.Каптерев педагогикалық іс-әрекеттің жетістікке жету факторы ретінде педагогтың «жеке тұлғалық қасиеттерін» атап көрсеткен. Олар *педагогтың бойында міндетті түрде болуға тиіс қасиеттер*: мақсатқа жетуге ұмтылушылық, табандылық, еңбекқорлық, қарапайымдылық, байқағыштық, ақылдылықтың, шешендіктің, артистизмнің қажеттілігі. Педагог үшін эмпатияға, демек білім алушының психикалық күйін түсіне білуге даярлық пен әлеуметтік өзара қарым- қатынасқа деген қажеттілік

те ерекше маңызды орында. Педагогикалық іс- әрекетте жоғары кәсіби шеберлік пен педагогтың мәдениеттілігі көрінетін педагогикалық такт пен ғылыми ізденістің де мәні зор деп көрсеткен.

А.К.Маркова кәсіби сапаларға келесі *сапаларды* жатқызады: педагогикалық эрудиция (білімдарлық); ғылым салаларын терең меңгеру; педагогикалық мақсат қоя білушілік; педагогикалық (практикалық және диагностикалық) ойлау; педагогикалық интуиция (сезімталдық); педагогикалық импровизация (суырып салмалық, жанынан жедел шығару, шешім қабылдау); педагогикалық байқағыштық; педагогикалық көрегендік. Ғалым ойынша, педагогтың жеке тұлғалық сипаттамасында ең басты орында мұғалімнің педагогикалық мамандықтың моделін, нормасын, ережелерін сезінуінен, кәсіби кредоның қалыптасуынан, мұғалім еңбегінің концепциясынан; кейбір кәсіби эталонға өзін енгізуден, кәсіби референтті адамдардың берген бағасынан және өзін-өзі бағалаудан тұратын *кәсіби педагогикалық өзіндік сана*.

Л.М.Митина *кәсіби сапаларға*: әдептілікті, сыпайылықты, сезімталдықты, тәрбиелілікті, зейінділікті, ізденімпаздықты, шыдамдылықты, адамгершілікті, іскерлікті, тәртіптілікті, белсенділікті, саяси сауаттылықты, сыншылдықты, патриоттықты, болжағыштықты, өзбеттілікті, принципшілдікті, батырлықты, кешірімшілдікті, кішіпейілдікті, балаға деген сүйіспеншілікті жатқызған.

М.М.Мұқанов педагог мамандығына лайықты *сапалар* қатарына: педагогтың идеялық сенімін, қабілетін, ұстамдылығын, әділеттілігі мен абыройын жатқызған. Осылардың ең ортасы, өзегі, яғни жеке тұлға сапасының ядросы – оның бағыттылығы, бейімделушілігі, өзін-өзі бағалауы, «Мен» бейнесі» - деп ойын тұжырымдаған. Сонымен, *педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары*: Әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар-намысшылдық, еңбексүйгіштік, нақтылық); Рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, білімпаздық); Коммуникативтілік сапа (шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік); Эмпатиялық сапа (өзара түсіністік, қайырымдылық, қайғыға ортақтаса білуге қабілеттілік);

Педагогтың адамгершілік қасиеттері: (дәлелдей білушілік, ұстанымдылық, патриотизм, ұжымшылдық, тәртіпшілдік, мәдениеттілік). Педагогтың кәсіптік-этикалық іс-әрекеті тұлғаны ерекше өмір сүру салтымен, мақсаттылығымен, арнайы қарым-қатынас жүйесін, адамдарды оқыту мен тәрбиелеу саласындағы пікірлерін, жетістіктерін үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылысымен сипатталады. Ал, педагогикалық қабілеттер - педагогтың педагогикалық іс-әрекетте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететін даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы.

Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі өзін-өзі дамытудың *көрсеткіштері мен белгілері*:

Мамандық құралдары арқылы өзін-өзі дамытуды көздейтін дербестік: тұлғаның өз біліктілік деңгейін, кәсіби білімділік дәрежесін, кәсіби ынтасы мен өз іс-әрекетіне қанағаттанушылық деңгейін бағалай алу қабілеті; өз жұмысын орынды жоспарлау мен ұйымдастыру, өзін-өзі реттеп отыру қабілеті, ұжымда жұмыс істеудегі ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттері; өз бетімен мамандығына сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру, кәсіби маңызды сапалар мен қабілеттерді тереңдету және кеңейту, кәсіби жаңаруға деген тұрақты дайындық.

Кәсіби бағдарланған ойлау, нақты білім беру саласындағы мәселелерді шешуде қабылданған тәсілдерді қолдана білу, кәсіби әрекет стратегиялары мен әдістерін өңдеу: орынды-қисынды ойлау (кәсіби іс-әрекет ережелері мен заңдылықтарын айқындау қабілеті, жалпы және кәсіби мәдениет аясында өзіндік дамуды жүйелі талдау мен болжау, тұтас көзқарас); кәсіби-жады (қисынды және пайымдық байланыстарды орнату, белсенді ойша өңдеу қызметімен қатар, маңызды ақпарат сақтау қызметін атқаратын есте сақтау қабілеттерін дамыту); ауызекі қабілеттер (кәсіби таңбалық түсіну, эрудиция, кәсіби сөздік қоры, тілдесу қабілеті). Кәсіби педагогикалық іс-әрекетке шығармашылық қарым-қатынас, еңбектегі инновациялық қабілет, жеке шығармашылық еңбек есебінен тәжірибені байыту: шығармашылық пайымдау; үлгілік кәсіби жады; актерлік өнер (тілдік импровизация, бойлау өнері, тұлғаралық тілдесудегі сөздік қоры). Олай болса, *педагогикалық іс-әрекет* – аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі, ал кәсіби іс-әрекет-кәсіптік мақсатқа бағытталған әлеуметтік іс-әрекеттің бір түрі. Педагогтың негізгі әрекеті - кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті болып табылады. Педагог қызметі: ұйымдастырушылық, коммуникативтілік, креативтілік, диагностикалық, болжау, зерттеу, шығармашылық, инновациялық. Осы мұғалімнің қызметтері кәсіби-педагогикалық іс-әрекет болып табылады. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетте педагогикалық қарым- қатынас жүзеге асады.

И.Ф.Харламов педагогтың жұмысында бір-бірімен тығыз байланысқан іс-әрекеттің мынадай түрлерін көрсеткен:

А) *Диагностикалық іс-әрекет* – білім алушыларды зерттеумен және олардың даму мен тәрбиелік деңгейлерін белгілеумен байланысты. Ол үшін оқытушы бақылай алуы және диагностикалық әдістерді меңгеруі тиіс.

Б) *Бағдарлық-болжамдық* іс-әрекет нақты мүмкіндіктерді ескере отырып педагогикалық процестің мақсат, міндеттерін қою, соңғы нәтижені болжау.

В) *Конструктивті-жобалық іс-әрекет* оқу-тәрбие жұмысын жобалау, білім алушылардың танымдық қабілетіне сәйкес мазмұнды таңдау, оны түсінікті әрі қызықты түрде жеткізе білу іскерлігінен тұрады. Бұл іс-әрекет түрі оқытушының шығармашылық қиялымен байланысты.

Г) *Ұйымдастырушылық іс-әрекет* оқытушының білім алушыларға әсер ету, сонына ерте білу, белгілі іс-әрекет түріне жұмылдыру іскерлігінен тұрады.

Д) *Ақпараттық іс-әрекет* көбінекей оқытушының әлеуметтік қызметі іске асырылады: бізге дейінгі ұрпақтар жинақтаған тәжірибелерді өскелең ұрпаққа тасымалдау. Осы іс-әрекет барысында білім алушылардың бойында білім, дүниеге көзқарас және адамгершілік-эстетикалық идеялар қалыптасады. Бұл жағдайда оқытушы мәліметті тасымалдаушы ғана емес, білім алушылардың сенімін қалыптастырушы да.

Е) *Коммуникативтік-ынталандырушылық* іс-әрекет мазмұны оқытушының білім алушылармен қарым-қатынас орната алуында, олармен түсінісе білуінде.

Ж) *Аналитикалық-бағалаушылық* іс-әрекет кері байланыстан, яғни педагогикалық процестің тиімділігі мен қойылған мақсатқа жетуді дәлелдеуден тұрады. Бұл әрекет педагогикалық процеске түзету енгізу мүмкіндігіне әкеледі.

З) *Зерттеушілік-шығармашылық* іс-әрекет педагогикалық еңбектің шығармашылық сипатымен анықталады. Бұл іс-әрекетті нәтижелі жүзеге асыру үшін оқытушы педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеруі тиіс.

ЖОО оқытушысының негізгі іс-әрекет түрлері: Білім беруші (дидактикалық) – студенттерге ғылыми түсінік пен ғылыми әдістер жүйесін меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекет. *Ғылыми-әдістемелік іс-әрекеті*, мақсаты – оқыту әдістерін меңгеру және оны жетілдіру. Ғылыми-әдістемелік жұмыс - ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуін және оны дамытуды жетілдіруге бағытталған қызмет түрі. *Ғылыми іс-әрекет* мамандарды даярлау үдерісінің құрамдас бөлігі бола отырып оқытушылар мен студенттер іс-әрекетін де қамтиды.

Педагогикалық іс-әрекет барысында мынадай *функциялар* атқарылады: ақпараттық; дамытушы; бағыт беру; жұмылдыру, зерттеумен қоса оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру процестерін басқару; мақсатқа жету, диагностикалау, болжау, өзінің және білім алушының іс-әрекетін жобалау және жоспарлау; ұйымдастырушылық, бақылау және коррекциялық, аналитикалық және педагогикалық білімді насихаттау. Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы: іс-әрекеттің мақсаты; іс-әрекет субъектісі; іс-әрекет объектісі; іс-әрекет мазмұны; іс-әрекет тәсілі; іс-әрекет нәтижесі. Педагогикалық іс-әрекет формалары: әңгіме (соқраттық әңгіме) немесе майевтика; шеберханадағы жұмыс; сабақ; лекция; семинар; сынақ; практикум; тренингтер және т.б.

Педагогикалық және инновациялық іс-әрекеттің өзара байланысты. *Инновация* - білім беру жүйесінде оның жеке бөліктерін, компоненттерін және тұтастай білім беру жүйесінің сипаттамаларын жақсартуға бағытталған тұрақты элементтерді енгізетін, мақсатты көздейтін өзгеріс. Инновация - оқу-тәрбие ісін алдыға қарай жылжыту немесе өзгерту. *Инновациялық іс-әрекет* – оқытушының жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие процесінде өз кәсіби тәжірибесіне, білім беру мекемесі жағдайына, оқушылардың білім дәрежесіне сәйкес енгізу. *Инновациялық іс-әрекет міндеттері*: Жаңалықты тұтастай және жекелеген кезеңдерінің нәтижелерін болжау; Жаңалықтың жетімсіз жақтарын анықтап, оны енгізуді ұйымдастыру кезінде толықтыру мақсатын көздеу; Жаңалықтарды басқа жаңалықтармен салыстырып, олардың тиімдісін таңдап алу, мәні мен зерттелуін анықтау; Жаңалық енгізетін ұйымның инновациялық қабілетін бағалау.

Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру реті: жаңа білім беру бағдарламаларымен, әдіс-тәсілдермен танысу, талдау; оларды өз тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін ойластыру, қолдану, тиімділігін анықтау бойынша зерттеу жұмыстарының кезеңдерін жоспарлау; қиыншылықтарды болжау; жаңашыл әдіс-тәсілдерді педагогикалық процеске енгізу; инновациялық іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылап, бағалау. Инновациялық іс-әрекет өлшемдері: Инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігін сезінуі; Оқу үрдісіне жаңалық енгізуде шығармашылықпен қызмет етуге даярлығының болуы; Енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы; Белгілі проблеманы шешудегі қолданылатын инновациялық іс-әрекетті толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі.

2-Модуль. Жоғары мектептегі тұтас педагогикалық үдеріс

2.1 (6-дәріс). Жоғары мектептегі білім беру мазмұны.

Жоспары:

1. Білім беру мазмұны экономикалық және әлеуметтік прогресс факторы ретінде.
2. Білім беру мазмұнын қалыптастыру қызметтері мен қағидалары.
3. Жоғары білімді іргелілендіру.
4. Жоғары мектептегі білім беру мазмұнын реттейтін нормативтік құжаттар.
5. Білім беруді қалыптастыратын негізгі трендтер.
6. ХХІ ғасырдағы ұлттық сана шеңберінде білім беру саясатының болашағы.

Білім алушының оқуы нәтижелі болуы үшін оны тұлғалық дамыту мен қалыптастыруда мынаны анықтап алу керек: *нені оқыту керек*, яғни, білім алушының нәтижеге жетуде меңгеретін білімінің көлемі. Бұл *білім мазмұнын* береді *ол* – ғылыми білімдер, практикалық іскерліктер мен дағдылар жүйесі, сондай-ақ, білім алушының оқу барысында меңгерген дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеялары.

Білім беру мазмұны - жас ұрпақтың өркениетті, демократиялық қоғамда өмір сүруі үшін оған қазіргі кезеңдегі білім жүйесі мен дүниетанымды игерту. Білім мазмұны жаңа ақпарат ағымын саналы түсіну, оны бағалай білу, кез келген жағдайда шығармашылық шешім қабылдау, рухани адамгершілік қағидаларды игерту бағыттарын белгілейді.

Білім беру мазмұны – бұл арнайы іріктеліп алынған және қоғамда қабылданған, білгілі бір сферада қызмет атқару үшін меңгеретін адамзат тәжірибесінің элементтер жүйесі. Білім мазмұны – білім, іскерлік, дағды және дүниетанымы мен жалпы тұлғалық қалыптасу деңгейі көрінетін *түпкі нәтиже*.

Білім беру мазмұнын анықтау өте күрделі міндеттердің бірі. Білім мазмұнын анықтауға *объективтік және субъективтік* факторлар әсер етеді. *Объективтік*: қоғамның, ғылым мен техниканың дамуы; *Субъективтік*: қоғамдағы саясат, идеология, ғалымдардың методологиялық позициялары.

Педагогикадағы білім беру мазмұнын анықтау теориялары: *формалды және материалды* білім беру теориялары.

Формалды білім беру теориясы – Джон Локктан (XVIII ғ.) бастау алып, Песталоцци, Кант, Герbart т.б. (XVIII-XIX ғ.) жалғасты. Олар рационализм философиясы теориясын ұстанды, демек тілдерді меңгеруді білім алушыны дамыту құралы деп есептеді, әсіресе, ертедегі грек, латын тілдерін, математиканы үйретуді таңдады. Ал, химия, физика пәндері жалпы табиғатты тану ретінде меңгерілді.

Материалды білім беру теориясы – XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. өріс алды, шаруашылық пен ғылыми-техниканың дамуы ғылыми-жаратылыстану, техникалық тәжірибесі мол мамандарды дайындауды талап етті. Бұл теорияны жақтаушылар *эмпиризм* (грекше «тәжірибе») философиясын ұстанды. Осыдан ғылыми-жаратылыстану ғылымдарын меңгертуге үлкен үлес тиді, нәтижесінің өлшемі ретінде білімнің өмірге қажеттілігі есептелді. Бұл екі теория да біржақтылық танытты. Кезінде К.Д.Ушинский осы теорияларды қатты сынға алған.

Педагогикада білім берудің ғылыми мазмұнын анықтау теориялары. Педагогика ғылымындағы білім берудің ғылыми мазмұнын анықтау теориялары және оны жетілдіруге *қойылатын ғылыми талаптар жүйесі*: тәрбиенің негізгі мақсатына бағытталуы – жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеу адамды өмір сүруге дайындау; білім мазмұнын ғылыми негізде құру; ғылыми жүйенің логикалық құрылуы; пәнаралық байланысты сақтау; теория мен практиканың байланысы, өндіріспен ұштастыру; білім алушының жас ерекшелігімен сәйкестендіру.

Оқыту – білім беру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет. Білім мазмұны - өкімет арнайы таңдап анықтаған белгілі салада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі. Ол - оқытудың нәтижесі болатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Фундаментальдылық, тұлғаның қызығушылығын қанағаттандыру мақсаттылығы және бағыттылығымен қатар білім берудің жаңа парадигмасының көрінісі.

«Фундаментальді ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық білім адамға дүниенің қазіргі таңдағы біртұтас ғылыми-жаратылыстану туралы түсінік беруге, кәсіби қызметті бағалау үшін ғылым іргетасын қалап, тұлғаның шығармашылығын дамытуға және өз мүмкіндігі, қабілеті, қажеттілігін тану арқылы өмірлік бағдарламасын жасауға мүмкіндік тудыруы керек» (*ЮНЕСКО-ның халықаралық меморандумы*).

Егер, 1960-1980 жылдары білім беру «бәрінен аз ғана білу» формуласымен сипатталса, 1990 жылдары одан «Жаңа жағдаяттарды тану үшін барлығының мәнін білу» - ге көшті.

Барлық пәндердің негізгі мәнін білу арқылы ортақ ақпарат жинақтау білім алушыға әсіресе, студентке болашақ маман ретінде қойылатын негізгі мақсат. Оқытудағы мәндік тұрғы жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар синтезін құрайды. Оқытудағы мәндік ұстаным – бұл оқытушылардың студенттің қабілетін дамыту бағытында пәнаралық байланыс негізінде олардың (пән мазмұнының) мәнін жүйелі ұғынуға жағдай жасайтын жүйелі, синергетикалық («синергия» - грекше серіктестік, екі адамның бір бағыттағы бірлескен әрекеті) ұстаным.

Акмеологиялық парадигма инновациялық білім беруде мәндік тұрғымен тығыз байланысты. «Акмеология» (грекше «акме» - шың, биіктік, жоғарғы деңгей) – зерттеу нысаны (объектісі) өмірдің кез келген сферасындағы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзінің қол жетер мүмкіндігін жүзеге асыру динамикасындағы адам болып табылатын ғылыми білімнің жаңа аймағы, ғылыми пәндер кешені. *Акмеология пәні* – адамның шығармашылық әлеуеті, субъектінің шығармашылық деңгейге жету заңдылықтары мен шарттары, өзінің мүмкіндігін шарықтау шегіне жеткізуі. Акмеология міндеті - іс-әрекет субъектісін кез-келген әрекетте, сондай-ақ, өзі таңдаған мамандықта үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім және технологиялармен қаруландыру. «Акме» - бұл кәсібилік шыңы – тұрақты жоғары нәтижелер, келешекке сенімділік. Шығармашылық – кәсібиліктің қажетті компоненті. Өзін-өзі дамыту – кәсіби шыңға жету жолы. Барлық білім алушылардың бойында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өз бетімен білім алу, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру қажет, бұл «акме» жағдайына жету факторлары.

Жоғары білім мазмұнын айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттар: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік оқу жоспары, оқу бағдарламалары, оқулықтар. Қазақстан Республикасының Конституциясында (1995 ж.) «мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек» деп көрсетілген (30 бап,

4-тармақ). *Стандартта* жоғары білім беретін оқу орны дайындайтын мамандығына сәйкес білім мазмұнына, оқу жүктемесінің көлеміне және бакалаврлардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар беріледі.

Стандарттың ережелері олардың ведомстволық бағыныштылығынан, ұйымдық-құқықтық оқыту нысандарынан тәуелсіз, бакалаврларды және дипломды мамандарды дайындауды іске асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары үшін қолданылуы және сақталынуы міндетті.

Мемлекеттік білім берудің жалпыға міндетті стандартында типтік оқу жоспары беріледі. *Түптік оқу жоспары* – мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалатын және студенттердің меңгеруге қажетті ең аз көлемдегі кредиттерін, бақылау формаларын, сондай-ақ оқытудың қосымша түрлерімен қорытынды аттестаттауын көрсете отырып жалпы білім беру пәндері (ЖБП), базалық пәндер (БП), кәсіптендіру пәндері (КП), циклдеріне шоғырландырылған оқу пәндері тізімі тұрғысынан міндетті компоненттерді белгілейтін негізгі оқу құжаты.

Типтік оқу жоспарында белгіленген әрбір оқу пәніне типтік оқу бағдарламасы дайындалады. *Түптік оқу бағдарламасы* – ол мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалып, типтік оқу жоспарындағы міндетті компонент пәндерінің мазмұнын, оқу көлемі мен тәртібін анықтайтын, меңгеруге қажетті негізгі білімдер, іскерліктер, дағдылармен құзыреттіліктер тобын, ұсынылған әдебиеттерді көрсететін және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өкілетті органымен бекітілетін оқу құжаты.

Маман дайындауда типтік оқу жоспарында көрсетілген Жалпы білім беру пәндері, Базалық пәндер, Кәсіптік пәндер блогындағы міндетті компоненттегі пәндер тізіміне енген пәндерді барлық студент міндетті түрде оқиды.

Міндетті компонент – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты белгілеген және оқу бағдарламасы бойынша студенттің міндетті түрде оқитын оқу пәндері көлемінің тізімі.

Сонымен қатар Жалпы білім беру пәндері, Базалық пәндер, Кәсіптік пәндер блоктарының әр қайсысын тереңірек меңгеру мақсатында таңдау бойынша компонент құрылады. Бұл пәндер тізбегі жоғары оқу орны жұмыс берушілермен бірлестікте ғылыми жаңалықтар және қоғам мен өндіріс қажеттілігіне байланысты ұсынылады. Осы блоктағы пәндерді студенттер өз қалаулары бойынша таңдап оқиды. Яғни, *таңдау бойынша компонент* – жоғары оқу орны ұсынатын, барлық академиялық кезеңде оқытылатын студенттердің жеке таңдалған пәндерінің тізімі.

Сондай-ақ, оқу бағдарламасында берілген мазмұнды меңгеру мақсатында пререквизиттер мен постреквизиттер көрсетіледі. Жоғары оқу орны студентінің білім мазмұнын меңгеруде ескеретін жайлардың сол пәнді меңгеруге дайындығын анықтау және осы пәнді меңгерудің келесі пәнді меңгерудегі орнын білу болып табылады. Олай болса, өз кезегінде оқытушы пререквизиттермен постреквизиттер туралы білулері қажет.

Пререквизиттер: оқылатын пәнді меңгеруге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктер тізімі, студенттердің ауысуы барысында оқу курсы реттейтін құрал.

Постреквизиттер: келесі оқытылатын пәндерді меңгеруге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктер тізімі.

Студенттердің оқу пәндерін таңдау іс-әрекетін ұйымдастыруға эдвайзер тағайындалады. *Эдвайзер* – студенттердің білім алу бағытын таңдауға және өзгертуге, олардың жеке оқу жоспарын құрастыруға септігін тигізетін, академиялық тәлімгердің қызметін атқаратын маман дайындаушы кафедраның оқытушысы.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоғары базалық білім стандартында (бакалавриат) кредиттік оқыту жүйесі бойынша студенттің оқытушы басшылығымен жүргізілетін өз бетінше жұмысы – аудиторияда және аудиториядан тыс жүргізілетін оқытудың түрі деп атап көрсетілген. Тьютор дегеніміз – оқу пәндерін жүргізетін және нақты пәнді меңгеру бойынша студенттің академиялық кеңесшісі ролінде танылатын кафедра оқытушысы. Тьюторлар қызметі мамандандырылған кафедрада құрылады.

Б.М.Бим-Бад, А.В.Петровский бойынша: «білім беру - жеке тұлға мен қоғам мүддесі бойынша жүзеге асырылатын педагогикалық ұйымдасқан әлеуметтену үдерісі» болса, А.Г.Асмолов бойынша: «білім беру – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға және өмірлік жолын құзырлы таңдауға мүмкіншіліктерін кеңейтуге бағытталған үдеріс» болып табылады. В.С.Безрукова бойынша: «білім беру - қоғамда арнайы ұйымдастырылған адамның дамуына қажетті жағдай жасау жүйесі» болса, ЮНЕСКО (1997ж.) бойынша: «білім беру дегеніміз жеке тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен жеке өсуі қамтылатын оның қабілеттіліктері мен мінез-құлқын жетілдіру үдерісі мен нәтижесі» - ретінде қабылданған. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «Білім беру - адамзаттың әлеуметтік маңызды тәжірибесін меңгерумен байланысты білім, іскерлік, шығармашылық әрекеттерде жүзеге асырылатын жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамыту үдерісі» ретінде берілсе, педагогикалық энциклопедияда (1999ж.): «білім беру – жеке тұлға мен қоғам мүддесі үшін жүргізілетін педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған әлеуметтендіру процесі» ретінде тұжырымдалған. А.В.Петровский, А.Г.Асмолов, В.С.Безрукова, И.П.Подласый: білім беруді - білімнің, іскерліктің, дағдының, ойлау тәсілдерінің оқыту үдерісіндегі жетістігі жүйесі ретінде қарастырған. Академик В.А.Сластенин: білім беруді – адам, қоғам, мемлекет мүддесіне, мақсатына бағытталған тәрбие және оқыту үдерісі ретінде түсіндірген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 3-тарауының 10-бабында білім беру жүйесі ұғымы: білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беретін оқу бағдарламаларының; меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының; білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының; білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді.

ҚР Білім туралы заңында (11-бап) білім беру жүйесінің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, [Конституцияға](#) қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;

8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

Аталған заңда (13-бап) білім беру мазмұнының ұғымы былайша берілген: «Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені)». Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады. Мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды үдерісті жүзеге асыруға бағытталған: ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу; әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу. Қазақстан білім кеңістігінде қалыптасып жатқан осы заман білімін реформалау бағыттары жалпы әлемдік бағдар мен үндес келіп, іске асырылуда.

Қазақстандағы білім беру жүйесін дамытуда шешілуге тиіс міндеттер:

- **ЖОО-дағы білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру;**
- **білімге қол жетімділіктің теңдігін қамтамасыз ететін шараларды енгізу;**
- **білім беру жүйесінде әріптестілікті дамыту үшін жағдайлар жасау;**
- **оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету;**
- **білім мен ғылымның іс жүзінде интеграциялануын қамтамасыз ету;**
- **ресурстарды жұмылдыру және білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда қамтамасыз ету;**
- **білім беру ісін басқару жүйесін жетілдіру;**

• студенттерге білім берумен қоса, тәртіптік, құқықтық тәрбие беруді ұйымдастыруды жоғарлату мен дамыту болса, осы міндеттерге сәйкес бүгінгі білім жүйесін реформалаудың басты бағыттары: білімді гуманизациялау; оқуды үздіксіз жүргізу бағыт-бағдары; білім технологиясындағы пәнаралық байланыстарды (интеграция) іске асыру; оқу үдерісін компьютерлендіру және технологияландыру; білім берудің ақпараттандыру формасынан проблемалық, ғылыми ізденіс, оқушылардың өзіндік жұмыстарын кең қамтитын оқудың белсенді әдістері мен формаларына өту;

оқу желісінде оқытушының оқыту жұмыстарынан гөрі білім алушылардың танымдық іс-әрекеттеріне көбірек мән беру; оқу-танымдық үдерісін ұйымдастыру мен сол процесті басқаруда жоспарлы қадағалау, қатаң бағдарластыру тәсілдері орнына оқудың дамытушылық, белсенділікті арттыру, жеделдестіру мүмкіндіктерін мейлінше тиімді пайдалану; білімнің дамытушылық және азаматтық баулу қызметтерін назарда ұстау.

Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру процесі халқымыздың салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады. ҚР тәуелсіздігіне орай білім беру мәселелері жаңаша бағытта дамуға көшті. Осыған сәйкес ҚР білім беру бағытын, мақсатын, мазмұнын айқындайтын нормативтік құжаттар қабылданып, онда білім берудегі мақсат пен жаңа міндеттер айқындалып көрсетілді, елімізде білім беру жүйесінің дамуы үшін Заңнамалық база негізі қалыптасты:

- «Білім туралы» Заң 1999 ж., 7 маусым; 2007 жылғы 27 шілде (№ 319-III ЗРК, Астана, Ақорда), 2012 жыл 09 қаңтардағы толықтырулармен;

- «Ғылым туралы» Заң. 18 ақпан, 2011 ж.;

- ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. 16.11.2009ж.;

- ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581-III ҚР Заңы (2011ж.толықтырулармен); ҚР баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-III ҚР Заңы; ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 7.12.2010 ж.

Аталған заңнамалық құжаттардың барлығында дерлік қарастырылған өзекті мәселе мемлекет экономикасының орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру мен бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған жаңа білімді үйренуге қабілетті, шығармашыл, ғылыми зерттеулерге белсене қатысуға ынталы маман дайындау; мамандардың беделін арттыру; жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттер мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру. Білім беру жүйесінің даму басымдығы, барлық азаматтар үшін сапалы білім алудың жариялылығы мен қолжетімділігі білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі білім беретін оқу бағдарламаларының үздіксіздігі мен сабақтастығы принципі негізінде мынандай білім беру деңгейлерін қамтиды: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Бастауыш білім беру. Негізгі орта білім беру. Орта білім беру (жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру). Орта білімнен кейінгі білім беру. Жоғары білім беру (бакалавриат, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище). Жоғары оқу орнынан кейін білім беру (магистратура, аспирантура, докторантура). Кредиттік технологияға негізделген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі моделі (бакалавриат-магистратура-докторантура Ph.D) заңнамамен бекітіліп отыр. Бұл Болон декларациясының ережелері мен халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

ҚР Білім туралы заңында (47-бап) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі төмендегідей:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қабылдау талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарын және білім алу нысандарын таңдауға құқығы бар.

2. Білім алатын адамдар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып табылады. Білім алушыларға оқушылар, кадеттер, студенттер, магистранттар, адъюнкттар, интерндер, курсанттар, тыңдаушылар және докторанттар жатады. Тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі, интернаттық ұйымдарда білім алушы және тәрбиеленуші адамдар жатады.

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға; білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға; оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға; өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға; білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға; қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқудың бір нысанынан басқасына ауысуға; білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге; спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға; өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге; өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне; оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

ҚР «Білім туралы» заңға сәйкес (35-бап):

1. Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

2. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарында іске асырылады.

3. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыға біліктілік және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі.

4. Білім беру бағдарламаларын іске асыру және ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүргізу үшін жоғары оқу орындары инновациялық-білім беру консорциумын құруға және (немесе) оған кіруге құқылы.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты қайшылығы тез өсіп бара жатқан жаңа білімдер қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Бұл қарама-қайшылық педагогикалық теорияны білім берудің абсолютті идеалға – адамның өзін-өзі реттеуі мен өздігінен білім алуы қабілеттерін барынша дамытуға көшуіне мәжбүр етті. Сонымен, жаңаша (инновациялық) оқытудағы басты нәрсе – бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім беру парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдық) те шешуші рөлге ие. ЮНЕСКО-ның халықаралық симпозиумында қабылданған меморандумда бұл жайында былай делінген: «...Фундаменталды ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық білім беру әлемнің қазіргі заманғы ғылыми-жаратылыстанушылық көрінісінен тұтас хабардар етуі, кәсіби қызмет нәтижелерін бағалаудың ғылыми негізін салуы, тұлғаның шығармашылық тұрғыдан дамуына және адамның ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін тану негізінде жеке өмірлік бағдарламасын құруына көмектесуі тиіс.

2.2 (7-дәріс). Педагогикалық ғылым жүйесіндегі дидактика.

Жоспары:

1. Дидактика педагогиканың бөлімі ретінде.
2. Дидактиканың категориялық аппараты.
3. Дидактиканың әдіснамалық негіздері және категориялары.
4. Жоғары мектептегі оқытудың мәні, құрылымы және қозғаушы күштері.

Дидактика (грек тілінен аударғанда Didaktikas – зерттеу бойынша, didasko – зерттеуші) – балаларды және үлкендерді оқытудың міндеттері мен мазмұнын ашатын, білімді, іскерлікті және дағдыны меңгеру процесін суреттейтін, оқытуды ұйымдастыру ұстанымдарын, әдістерін және формаларын сипаттайтын, оқыту мен білім беру мәселелерін жасайтын педагогиканың құрамдас бөлігі.

Оқыту үдерісін қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлармен, адамдардың әрекеттері және тіршілік қажеттіліктерімен, қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерімен және күн сайын артып отырған студент тұлғасына қойылатын талаптармен айқындалады. Дидактика ғылым ретінде пән өрісінде әрекет ететін заңдылықтарды зерттейді, оқыту үдерісінің барысын және нәтижесіне жағдай жасайтын тәуелділіктерді сараптайды, жоспарланған мақсат, міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін әдістерді, ұйымдастыру формаларымен құралдарын анықтайды. Олардың негізінде ол екі басты қызмет атқарады: Теориялық (диагностикалық және прогностикалық); Практикалық (нормативтік құрал ретінде). Дидактиканың алдында шешімі ең алдымен, онымен тығыз байланыстағы басқа ғылымдардың (философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, этнология, педагогикалық психология, адам физиологиясы, нақты әдістеме және т.б.) жетістіктерін біршама тиімді пайдалануды қажет ететін жаңа мәселелер туындап отырады. Кез-келген ғылыми білім саласының дамуы, бір жағынан құбылыстың мәніне жақын белгілі-бір тобын білдіреді, екінші жағынан сол ғылымның пәнін жасайтын ұғымның дамуымен байланысты.

Дидактика философиялық жалпы ғылыми және жеке ғылыми ұғымдарды пайдаланады:

- философиялық категория: «мән мен құбылыс», «байланыс», «жалпы және жалқы», «болмыс», «сана», «тәжірибе», т.б.
- педагогиканың жалпы ұғымдары: «педагогика», «тәрбие», «педагогикалық іс-әрекет», «педагогикалық ақиқат» және т.б.
- дидактиканың жеке ұғымдары: «оқыту мен оқу», «оқу пәні», «оқу материалы», «оқу жағдайы», «оқыту құралы», «оқыту тәсілі», «оқытушы», «студент» және т.б.
- пән аралық ғылымдардың ұғымдары: психологиялық («қабылдау», «меңгеру», «ақыл-ойдың дамуы», «есте сақтау», «іскерлік», «дағды»), кибернетика («кері байланыс», «динамикалық жүйе» және т.б.);
- жалпы ғылыми ұғымдар: «жүйе», «құрылым», «қызмет», «элемент», «тиімділік», «жағдай», «ұйым», «формалау» және т.б.

Педагогика терминімен қатар, ұзақ уақыт бойы сол мағынадағы «дидактика» терминінің қолданылуы тарихи қалыптасқан жағдай. Бұл ұғым ең бірінші рет неміс педагогы Вольфганг Реткенің (Ратхия) (1571-1635) шығармасында оқыту өнері мағынасында қолданылған. Соған ұқсас, «бәрінен, барлығында оқытудың әмбебап өнері» мағынасында, чех педагогы Я.А.Коменскийдің 1657 жылы Амстердамда шығарылған негізгі еңбегі «Ұлы дидактикасында» дидактиканы түсіндіреді.

Оқыту үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің бір бөлігі, оқытушы мен студенттің мақсатқа бағытталған өзара әрекетесуінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін шешу. Оқыту – мақсатты үдеріс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс-тәсілдері, мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарады. Оқыту – таным процесі. Танымның ерекшелігі студентте білімге деген қызығушылығы ұдайы өсіп арта түсуінде. Оқытудың міндеті – студентті айнала ортамен және дамуының негізгі

зандылықтарымен қаруландыру. Студент дүниетануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген жаңалықтарды, заңдылықтар мен тұжырымдарды әрі қарай дамыта түседі. Оқыту – бұл күрделі үдеріс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін, біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Мұның мәнісі, жеке тұлғаға кешенді ықпал жасауды көздейді.

Осы негізде, оқыту үдерісінің бірінші қызметі – студенттерге білім беру. Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай студенттерді нақты айғақтармен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды қамтамасыз етсе, екіншіден солардың негізінде, айналасындағы әр-түрлі құбылыстарға ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Екінші қызметі – тәрбиелеу. Оқыту барысында студенттерді теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту. Сонымен бірге оқыту барысында тәрбиенің мақсат, міндеттері және мазмұны, тәсілдері анықталады. Оқытуда тәрбие мен оқытудың байланысы біржақты қарастырылмайды, керісінше біртұтастық ұстанымға негізделіп, бірлікте қолданылады.

Демек, тұлғаға білім бере отырып, оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отыра білім берміз. Сөйтіп, тәрбие үдерісі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқытудың барысына қолайлы ықпал етеді, тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады. Үшінші қызметі – дамыту. Оқыту барысында студенттерге білім беру, оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті, т.б. көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына, біліктері шындалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Демек, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды. Даму қызметінің ерекшелігі ол өз алдына жеке өмір сүрмейді, керісінше оқытудың білім беру мен тәрбиелеу қызметінің жалғасы болып есептеледі. Сондықтан, дамудың қарқынды, жан-жақты әрі терең болуы білім беру мен тәрбиенің қандай дәрежеде іске асырылуына байланыты. Бұдан шығатын қорытынды, оқытудың білім беру мен тәрбиелеу қызметінің негізі болып саналса, даму өз алдына олардың қызметінің нәтижелі болуына қолайлы ықпал етеді.

Жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісі - болашақ маманның кәсіби шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға қажетті белгілі білім, іскерліктерді меңгеруі мақсатында ұйымдастырылған арнайы үдеріс. Бұл анықтама оқыту үдерісіне қатысушылар (оқытушы мен білім алушы) іс- әрекетіне көңіл бөлуді қажет етеді. Оқытушының іс-әрекеті – оқыту, білім алушының іс-әрекеті – оқу. Осыдан, оқыту – іс-әрекет болып табылады. *Оқытудың нәтижесі* жай білім, іскерліктер жиынтығы емес, білім жүйесі негізінде *жоғары білім алу* болады.

Оқытушы қызметінің мәні іс-әрекетті ұйымдастыру, ынталандыру арқылы студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін басқару. Бірақ іс-әрекетті жоғары деңгейге жеткізу үшін ол мақсатты түрде ұйымдастырылу қажет. Бұл оқытушының міндеті болып саналады.

2.3 (8-дәріс). Оқыту үдерісі тұтас жүйе ретінде.


Жоспары:

1. Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері.
2. Оқытудың мәні және құрылымы.
3. Оқытудың қызметтері және олардың ара қатынасы.
4. Оқытудың қозғаушы күштері.
5. Жоғары мектептегі көптілде оқытудың мақсаты мен мазмұны.

«Педагогикалық үдеріс» ұғымы бір жағынан, педагогика арқылы зерттелінетін құбылыстың барлық кешенін белгілейді, екіншіден, осы құбылыстардың мәнін көрсетеді. Педагогикалық үдерісті педагогикалық жүйе жағдайында білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын тәрбиеші мен тәриеленушінің ұйымдасқан өзара әрекеттестігінде тұтас және өзара байланыста жүзеге асырушы үрдіс. Өрекет – орындау, тындыру, меңгеру үстіндегі амал-айла, іс-қимылды білдірсе, іс-әрекет - ғылыми білім категориясы, қоғамдық-тарихи болмыстың ерекше түрі, дамудың тәсілі болып табылады. Іс-әрекет түрлері: қарым-қатынас; ойын; оқу; еңбек.

Бағыты бойынша іс-әрекет түрлері: танымдық іс-әрекет; қоғамдық іс-әрекет; спорттық іс-әрекет; көркемөнерпаздық іс-әрекет; техникалық іс-әрекет; қолөнерлік іс-әрекет; гедоникалық іс-әрекет, ғылыми іс-әрекет, педагогикалық іс-әрекет.

В.И.Гинецинский, И.А.Зимняя педагогикалық іс-әрекет құрылымын ғалымдар әр түрлі аспектіде қарастырған. В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Г.С.Костин, А.А.Люблинская, Н.А.Менчинская, А.А.Смирнов, Л.Б.Эльконин және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқу-танымдық іс-әрекеттің мынандай *компоненттерден* тұратынын көрсетеді: іс-әрекет мақсаты; іс-әрекет мазмұны; білім алушы мақсатқа жету үшін қолданылатын амал-тәсілдер; оқытушы тарапынан бақылау және бағалау, сондай-ақ, білім алушының өзін-өзі бақылауы мен бағалауы.



2.4 (9-дәріс). Жоғары мектептегі оқытудың заңдылықтары мен қағидалары.

Жоспары:

1. Жоғары мектептегі оқытудың заңдары мен заңдылықтары.
2. ЖОО-дағы оқытудың заңдылықтарына сипаттама.
3. Оқыту қағидалары.
4. Биологиялық білім беру концепциясы және қағидалары.

Оқыту үдерісін іске асыру белгілі бір заңдылықтарды меңгеру негізінде жүзеге асады. Құбылыстар мен үдерістер арасындағы объективті, маңызды, қажетті, жалпы, берік, белгілі жағдайда қайталанатын өзара байланыс *заңдылық* деп аталады. Өзара байланысы бар объектілер, байланыстың түрі, сипаты, қызмет аясы анықталған кезде заңдылықты *заң* деп білеміз. Оқыту үдерісінің заңдылықтары оның тұтастығын дәлелдейді. Оқыту заңдылықтары *сыртқы* және *ішкі*, *жалпы* және *жеке* деп бөлінеді.

Н.В. Бордовская (2003 ж.) оқытудың сыртқы және ішкі заңдылықтарын бөліп қарастырады. *Сыртқы заңдылықтар* оқытудың қоғамдық шарттарға, саяси-әлеуметтік жағдайларға (әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдаяттар, мәдениет деңгейі, білім беру жүйесіне қоғам тарапынан қойылатын талаптар және т.б.) тәуелділігін сипаттайды. *Ішкі заңдылықтар* оқытудың мақсаты, әдістері, құралдары, түрлері арасындағы байланыстарды сипаттайды. Жалпы заңдылықтар бүкіл оқыту жүйесін қамтыса, жеке заңдылықтар оқыту жүйесінің нақты, жеке бөліктерін қамтиды. Жоғары мектеп дидактикасын теориялық зерттеу оқыту үдерісінде белгілі бір ұстанатын идеялар мен нормативтік ережелердің болуын туындатады, осындай ұстанымдар дидактикалық принциптер деп аталады.

Принцип – латын сөзі – «негізгі», «бастапқы» деген ұғымдарды білдіреді. Оқытуға қойылатын талаптардың бастапқы белгілі жүйесін оқыту процесінің принциптері деп атайды. Оқыту процесінің бірнеше ұстанымдарын атауға болады. Оқыту ұстанымдары – жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мақсатына сәйкес, оқыту сипаттарын белгілейтін негізгі ережелер.

Негізгі оқыту ұстанымдары: теория мен практиканың байланысы, тәрбиелілік, ғылымилық, көрнекілік, түсініктілік.

Жоғары оқу орындарының дидактикалық ұстанымдары: Оқыту процесінің мақсаттылық ұстанымы. Оқытудың ғылымилық ұстанымы. Оқытудың жүйелілік және бірізділік ұстанымы. Оқытудың саналылық пен белсенділік ұстанымы. Көрнекілік ұстанымы. Студенттер білімінің беріктігі және түсініктілік ұстанымы. Ынталандыру ұстанымы. Гуманизациялау (ізгілендіру) ұстанымы. Интеграциялау ұстанымы. Бұл – жалпы білім мазмұнын анықтауда, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жазып шығаруда ескеретін маңызды ұстаным. Интеграция – әртүрлі пәндердегі негізгі ұстанымдар мен заңдылықтарды өзара тығыз диалектикалық бірлікте қарастыруды көздейді. Сондай-ақ мазмұны жағынан бір-біріне жақын пәндердің (тіл мен әдебиет, әдебиет пен тарих, математика мен информатика, өнер мен еңбек, этика мен эстетика, т.б.) өзара және жеке пәннің ішіндегі материалдардың арасындағы байланыстарын анықтап, оқушылардың білімін тереңдетуге болады. Осыған орай интеграцияланған пәндердің, сабақтардың рөлі ерекше.

Зерттеуші Н.В.Басова ұсынған дидактикалық принциптер:

- Оқытудың дамытушылығы мен тәрбиелілігі;
- Ғылымилық, түсініктілік және еңсерілуге боларлық қиындық;
- Саналылық және оқытушының басшылық ықпалындағы студенттің шығармашылық белсенділігі;
- Көрнекілік және шығармашылық ойлаудың дамуы;

- Оқытудың бірізділігі мен жүйелілігі;
- Білім берудің өз бетімен білім алуға ауысуы;
- Оқытудың өмірмен, болашақ мамандығымен байланыстылығы;
- Студенттердің танымдық белсенділігінің дамуы мен білімнің беріктігі;
- Оқытудағы жағымды эмоционалды ахуал;
- Оқытудың ұжымдық және жеке даралығымен есептесуі;
- Оқытудағы ізгілендіру және гуманитарландыру;
- Оқытуды компьютерлендіру;
- Интеграция - пәнаралық байланыс;
- Оқытудың инновациялылығы;
- Оқытудың интеграциясы.

С.И.Зиновьев жоғары мектептегі оқу үдерісіне арналған алғашқы монографияларының бірінде жоғары мектеп дидактикасының принциптеріне жатқызады: ғылымилық, теорияның практикамен байланысы, ғылымның практикалық тәжірибемен байланысы, мамандарды дайындаудағы жүйелілік пен бірізділік, саналылық, студенттердің оқудағы белсенділігі мен өзбеттілігі, оқу жұмысындағы жеке ізденушілік пен ұжымдық жұмыстың бірлігі; оқытудағы абстрактілі ойлаудың көрнекілікпен үйлесуі; ғылыми білімнің түсініктілігі; білімді меңгерудің беріктілігі. Ғалым бұл оқыту қағидаларын орта мектеп қағидаларына сәйкестендіріп қолданған. Ал жоо-ның орта мектепке қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар: жоғары мектепте ғылым негіздері, ғылым және оның даму барысы оқылады; студенттердің өз бетімен орындалатын жұмыстары оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмысымен ұштасады; оқытушылардың қызметінде оқыту мен ғылымның байланысы анық көрінеді; барлық пәндерді оқыту барысында мамандандыру идеясы нақты, мақсатты көрініс табады. Оқыту принциптері жоғары мектеп оқытушысының оқыту үдерісіндегі негізгі бағдары деуге болады. Осы айтылғандарды басшылыққа ала отырып жоғарғы оқу орнында мынадай оқыту принциптері ұсынылып келеді: студенттердің ғылыми және оқу жұмысының бірлігін қамтамасыз ету (И.И.Кобыляцкий); мамандыққа бағыттылық (А.В.Барабаншиков); мамандықтағы ұтқырлық (мобильділік) (Ю.В.Киселев, В.А.Лисицын және т.б.); проблемалылық (Т.В.Кудрявцев); оқу үдерісіндегі эмоционалдық және мажорлық (Р.А.Низамов, Ф.И.Наумов).

2.5 (10-дәріс). Жоғары мектептегі оқыту әдістері.

Жоспары:

1. Оқыту әдістері дидактика категорияларының бірі ретінде.
2. Оқыту әдістерінің жіктелімі.
3. Оқытудың белсенді әдістері. Оқытудың интербелсенді әдістері.

Оқыту әдістерінің мазмұнын анықтауда құрал, жол, тәсіл сөздерін пайдаланудың синонимдік жағынан педагогикалық әдебиеттерде әр түрлі көзқарастар байқалады.

Ж.Б.Қоянбаев, Р.М. Қоянбаевтің «Педагогика оқулығында» оқыту әдістері - бұл мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбие міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері деген анықтама берілген.

Г.М.Коджаспирова, А.Ю. Коджаспировтың «Педагогикалық сөздігінде» оқыту әдісі – білім мазмұнын меңгеруді, оқушылардың ақыл-ой күштері мен қабілеттерін дамытуды, олардың өзбетімен білім алу және өзбетімен оқу құралдарын игеруді қамтамасыз етуге бағытталған мұғалімдер мен оқушылардың өзара байланысты, бірізді әрекеттерінің жүйесі деген анықтама берілген.

Ж.Әбиевтің және т.б. авторлардың «Педагогика» оқулығында «Оқыту процесінде оқушыларға ғылым негіздеріне сай терең де, тиянақты білім беру, оларды адамгершілік рухта тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешудегі мұғалімнің басшылық ету тәсілдері, амалдары мен құралдарының біртұтастығын оқыту әдістері» деп қарастырады.

Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдермен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Оқыту әдісі және әдістемелік тәсіл ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты. Әдістемелік тәсіл оқыту әдісінің элементі. 50 - жылдардан бастап оқыту әдістерін жіктеу (топтастыру) мәселелеріне көңіл бөліне бастады. Грузин педагогы Д.О.Лордкипанидзе оқыту әдістерін топтастыруға әрекет жасады. Ол әдістерді топтастыру үшін білім көзін негізге алды және оқыту әдістерін үшке бөлді: сөздік әдістер, кітаппен жұмыс істеу әдісі, оқыту-практикалық сабақтар. 50 жылдың аяғы, 60-жылдардың басында орыс ғалымдары Е.Я.Голант, С.Г.Шаповаленко, Н.М.Верзилин білім көзін негізге алып, оқыту әдістерінің жаңа жіктеуін үш топқа бөлді:

- 1.Сөздік әдістер тобы: әңгімелеу, әңгіме, түсінісу, лекция, кітаппен жұмыс;
- 2.Көрнекілік әдістер тобы: демонстрация, иллюстрация, бақылау;

3. Практикалық әдістер тобы: лабораториялық, практикалық, графикалық жұмыстар, әр түрлі жаттығулар.

И.А.Данилов пен Б.П.Есипов оқыту әдістерін топтастырғанда оқыту процесінде іске асырылатын дидактикалық міндеттерді негіз етіп алды. Олар дидактикалық міндеттерді негізге ала отырып оқыту әдістерін төмендегідей жіктеді: Жаңа білімді меңгеру. Іскерлікті дағдыны қалыптастыру. Білімді қолдану, білімді бекіту, шығармашылық іс-әрекетін дамыту.

М.Н.Скаткин мен И.Я.Лернер оқушылардың танымдық немесе логикалық ойлағыштық іс-әрекетін оқыту әдістерін топтастырудың негізі етіп алды және олар оқытудың мынадай әдістерін ұсынды: Түсіндірме-иллюстративті әдіс. Репродуктивті әдіс. Проблемалы баяндау әдісі. Эвристикалық әдіс. Зерттеу әдісі.

Ю.К.Бабанский бірқатар Ресей ғалымдарының оқыту әдістері топтастыруларына сүйене отырып оларды үш топқа бөлді:

1. Оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және іске асыру әдістері: сөздік әдістер (әңгімелеу, әңгіме, түсінісу, лекция, кітаппен жұмыс); көрнекілік әдістер (демонстрация, иллюстрация, оқу теледидары); практикалық әдістер (лабораториялық, практикалық, графикалық жұмыстар, жазба жаттығулар, тәжірибе және бақылау); индуктивті және дедуктивті әдістер, репродуктивті әдіс, проблемалы баяндау әдісі, эвристикалық әдіс, зерттеу әдісі.

2. Оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандыру әдістері: оқушылардың танымдық ықыласын қалыптастыру әдістері; оқудағы жауапкершілікті қалыптастыру әдістері; оқудағы жауапкершілікті және міндетті ынталандыру әдістері; оқудың қоғамдық және жеке адамдық маңыздылығын түсіндіру, оқыту талаптарын қою, мадақтау, ұялту.

3. Оқу-танымдық іс-әрекеттің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері: ауызша бақылау, жазбаша бақылау, лабораториялық бақылау, машиналы бақылау, өзін-өзі бақылау әдістері.

Қазіргі мектептерде иллюстрацияны пайдалану үшін экранды техникалық құралдар кеңінен қолданылады. Бейне әдіс. Жаттығу. Лабораториялық әдіс. Проблемалы лабораториялық зерттеу әдісі. Практикалық әдіс. Танымдық ойындар. Программалық оқыту әдісі. Білімді беруді бақылау әдістері. Ситуациялық әдіс барлық әдістердің комбинациясын қолдануды шектеумен ерекшеленеді. Иллюстрация әдісін қолдана отырып, оның көрсетілу әдісіне көп мән беру керек. Көрнекті құралдардың дидактикалық ерекшелігін, оның танымдық процестегі ролі мен орнын ойластырып алу керек. Мұғалімнің алдына қойылған мәселені иллюстрациялық материалдық оңтайлы көлемін анықтап алу. Иллюстрация алдына-ала дайындалады. Берілетін (фотография, диаграммалар, кестелер) мақсатты қолданылады.

Әдістер өте көптүрлі және шексіз болып келеді. Осыдан келіп оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруда, әдісті таңдап алу күрделі, индикативті қолданылуға байқалады. Мұғалім оқыту әдісін таңдап алуға басшылыққа, оқушылардың өздігінен білімді игеру мен оқу практикалық даярлығын қалыптастыруға бағытталса, оқушы жеке тұлғалық ерекшелігін ашық шығармашылығын дамытатын әлеуетті оқу-танымдық ерекше қасиетін, зерттеушілік іздепаз іс-әрекетке бағыттайтын, ғылымды берудің спецификалық таным әдістерін таныстыру, жеке дара психологиялық даму ерекшелігін, оның табиғи және әлеуметтік өндірістік ортасын, мектепке арналған оқыту құралдармен жабдықтаудың, кәсіби даярлық деңгейін өмірлік іс-тәжірибесі мен мұғалімнің жеке басы мен шығармашылықтың ерекшелігін оның әдістемелік және педагогикалық шеберлігін алу керек.

Оқыту әдістері жоғары мектеп дидактикасының теориялық және практикалық тұрғыда көкейкесті проблемасының бірі болып саналады. Оқу үдерісінің жолға қойылуы, оқытушы мен студенттің қызметі, ЖОО-дағы оқытудың нәтижелі болуы осы мәселенің оң шешіміне байланысты.

Оқыту әдісіндегі «әдіс» (метод) термині гректің «metodos» ақиқатқа жету жолы, тәсілі деген мағына береді. Оқыту әдістері – оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылау-түзетушілік қызметтерді атқарады.

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің рөліне және анықтамасына берілген ортақ бір қорытынды пікір әзірге жоқ. Мысалы, *И.Ф.Харламов* оқыту әдістері анықтамасының мәнін былайша түсіндіреді: «оқыту әдістері деп оқытушының оқыту жұмысының және түрлі дидактикалық міндеттерді шешу үшін меңгерілетін материалдарға бағытталған оқушылардың *оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудағы* амал-тәсілі». *Ю.К.Бабанскийдің* пікірінше, «оқыту әдістері - оқытушы мен білім алушының білім міндеттерін шешудегі бірлескен қызметінің ретке келтірілген тәсілдері. *Т.А.Ильина* оқыту әдістері «*оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру тәсілдері*» деп түсіндіреді. *Оқыту әдісі* дегеніміз оқытушы мен білім алушылардың ретке келтірілген өзара байланысты іс-әрекеттерінің оқу үдерісіндегі білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекет түрі.

Дидактика тарихында оқыту әдістерін жіктеу (классификация) қалыптасқан. Кең таралған жіктеме білім жазмұнын жеткізуге негізделген – *сөздік әдіс* (баяндау, әңгімелеу, нұсқау беру және т.б.), *практикалық әдіс* (жаттығу, сызу, кескіндеу, есептер шығару және т.б.), *көрнекілік* (иллюстрация, нақты материалды көрсету және т.б.). Негізінен, жоғары мектепте 1965 жылы *И.Я.Лернер*, *М.Н.Скаткин* ұсынған жіктемедегі оқыту әдістері пайдаланылады. Оқытудың нәтижелі болуы білім алушының бағыттылығы мен ішкі белсенділігіне, ол орындайтын қызмет сипатына, өз бетімен орындайтын жұмысына, шығармашылық қабілетін танытуына тікелей байланысты. Сондықтан олар (білім алушының бағыттылығы, ішкі белсенділігі, орындайтын қызмет сипаты, өз бетімен орындайтын жұмысы, шығармашылық қабілет

танытуы) оқыту әдісін таңдау критерийлері болуы тиіс. *И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин оқытудың 5 әдісін* бөліп және бұл әдістерді орындайтын қызмет сипаты, өз бетімен орындайтын жұмысы, шығармашылық қабілетінің біртіндеп өсу дәрежесіне қарай дамып отыратындай етіп ұсынған.

1. *Түсіндірмелі-иллюстративті әдіс.* Білім алушылар оқулықтан, түрлі әдебиеттерден, экранды оқу құралдарынан «дайын» білім алады. Фактілерді, қорытындыларды қабылдау, ой елегінен өткізу негізінде студенттер репродуктивті дәрежеде ойлайды. ЖОО-ында ауқымды мәліметті жеткізу мақсатында бұл кеңінен қолданылатын оқыту әдісі.

2. *Репродуктивті әдіс.* Бұл әдісте оқылатын материалдар үлгі немесе ереже бойынша меңгеріледі, білім алушының қызметі алгоритмдік сипатта болады.

3. *Проблемалық баяндау әдісі.* Оқытушы жаңа материалды баяндамас бұрын сан түрлі амал-тәсілдер мен құралдарды пайдалана отырып, студенттердің алдына проблема, танымдық міндеттер қояды, жүйелі дәлелдер, көзқарастар, тұжырымдарды мысалға келтіру арқылы қойылған міндетті шешу жолын көрсетеді. Студенттер ғылыми ізденіске қатысушы, ғылыми жаңалық куәгері ретінде қатысады. Осындай әдіс қай кезде де ЖОО - да кең қолданыстағы әдістің біріне жатады.

4. *Эвристикалық әдіс.* Оқыту үдерісінде ұсынылған міндеттерді шешу жолын белсенді іздестіруді ұйымдастыру (студент жекелей немесе оқытушымен бірлесе). Бұл әдіс ойлау процестерін белсенді етіп, семинарда, коллоквиумда танымдық қызығушылықты арттырады.

5. *Зерттеушілік әдіс.* Материалды талдап болғаннан соң, проблема қойылып, шешуге тиісті міндеттер ұсынылады да оларды орындау туралы қысқаша ауызша немесе жазбаша нұсқау (инструктаж) беріледі. Студенттер өз беттерімен әдебиеттерді, дереккөздерін, бақылау мен өлшемдерді қолдану арқылы ізденеді. Ізденістері бірте-бірте ғылыми-зерттеу жұмысына ұласады.

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерінің сан алуан түрі кездеседі. Кеңінен таралған оқыту әдістері ретінде оқу-танымдық іс-әрекет құрылымына негізделген студенттердің танымдық іс-әрекеттерін арттыра түсетін мынадай *әдістерді* атауға болады: *сөздік, көрнекілік, практикалық, репродуктивті және ізденістік, индуктивті және дедуктивті әдістер, өзіндік жұмыс әдістері, сонымен қатар педагогиканы оқытудағы бақылау мен өзін-өзі бақылау.* Әдістемеді оқытудың *дидактикалық тәсілі* деп әдістің құрамдас бөлігін атайды. Әдістерге қарағанда тәсілдер жекелей бағынушылық сипатқа ие. *Олар әдіс жүзеге асыратын дидактикалық міндетке бағынады. Бір әдістемелік тәсілдер бірнеше әдістер құрамында болуы мүмкін немесе керісінше, бір әдіс әр оқытушыда әр түрлі тәсілдерден құралуы мүмкін.* Мысалы, студенттердің назарын аудартып, ойлау іс-әрекетін белсендіру үшін мынандай дидактикалық тәсілдерді қолдануға болады: бірлескен мақсат құру, жоспарлауды және қарастыратын сұрақтар тізімін хабарлау және т.б. Білім алушылардың оқу іс-әрекетінде белсенді үлестірілген материалдар (БҮМ) тәсілі маңызды рөл атқарады.

Жоғары оқу орнындағы оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері. *Оқытудың белсенді әдістері* – бұл ең алдымен студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту; танымдық әрекеттің арнайы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушылардың әрқайсысына қажет міндетті бірлесіп шешуге алып келетін қарым-қатынас. *Оқытудың белсенді әдістері* - нәтижесінде оқыту әрекеті барысында білім алушылардың мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студентке педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен студенттің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері.

Оқытудың белсенді әдістері: Жұптасып жұмыс істеу; Ротациялық (ауыспалы) үштік; Карусель; Шағын топтармен жұмыс; Рөльдік (іскерлік) ойын; Дискуссия; Дебат; жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау, тренинг; білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: проблемалық есептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқу пікірталасы, «кейс-стади», өзіндік жұмыс.

Интерактивті әдісті қолдану кезінде ескерілуі тиіс: тұлғаның еркіндігі мен құқықтарының сақталуы; тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау; -тұлғаның өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік беру; педагогикалық қолдау көрсету. Оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістері: *«Жұптасқан дәріс»* әдісі – бұл өн бойына оқу материалын репродуктивтік, проблемалық, интеграциялық және диалогтік баяндау элементтерін жинақтаған оқыту тәсілі. Репродуктивтік элементі ғылыми тұрғыдан дәлелденген, қосымша түсіндіруді қажет етпейтін оқу материалын баяндаудан тұрады. Проблемалық элемент проблемалық жағдаятты қою, талдау, болжаулар жасау, оны растау не теріске шығару, проблеманы шешу жолдарын іздестіруден құралады. Интеграциялық элемент бір проблема төңірегінде әр түрлі ғылыми амалдарды қарастырады. Диалогтік элемент оқытушы мен студент арасындағы пікір алмасу арқылы көрініс табады. *Пікірталас әдісі* – оқу материалының пікірталас тудыратын тақырыбын қарастыруға, талдауға бағытталған және білім алушылардың әр түрлі ұстанымдарын бір арнаға тоғыстыратын оқыту тәсілі. Бұл әдіс

проблемалық жағдаятқа негізделген. Пікірталастың туындауына теорияны қорытулар мен ережелер, қағидалар, теорияны практикамен алмастыру, ғылым мәселелерін талқыға салу, проблеманың бүгінгі таңдағы көрінісі себеп бола алады.

«*Шағын топтар*» әдісі – оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі. Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттерімен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі. Бұл әдісті семинар сабақтарында қолданған орынды.

«*Тірек конспектілер*» әдісі – оқу материалын меңгеру мен бекіту ақпарат көздеріне (оқулықтар, сөздіктер, анықтамалықтар, дәріс конспектілері және т.б.) қарай бірнеше рет қайталау нәтижесінде жүзеге асатын оқыту тәсілі. Бұл әдісті семинар және практикалық сабақтарда қолдануға болады.

«*Оқытудың жекеленген жүйе*» әдісі – білім алушылар өздігінен, жекелей оқу материалын оқу әдебиеттері, бейнефильмдер, слайд-дәрістер, курстық кейстер арқылы меңгеретін оқыту тәсілі.

Бұл әдіс дәріс өткізу барысында, сонымен қоса қашықтықтан оқитын студенттермен жұмыс барысында қолданыс табуда. Бұл әдістің ерекшелігі оқу курсының мазмұнын модульдерге бөлу болып табылады. Әрбір модульге әдістемелік тапсырмалар мен нұсқаулықтар әзірленеді, студенттер өздігінен даярланады, әдебиетті өңдейді, электронды оқу қорларын (слайд-дәрістер, электронды оқулықтар және т.б.) қарап шығады. Материалды игерулеріне байланысты студенттер бақылау жұмысын (реферат, тест, эссе, жоба және т.б.) орындайды, оқу модуліне байланысты тапсырмаларды сәтті орындап шықса, келесі модульге көшеді.

Оқыту құралдары. Әдіс-тәсілдер мен оқыту құралдары бір-бірімен тікелей байланысты. *Оқыту құралдары* – білім алушының іскерліктерді қалыптастырудың көзі, сонымен қатар оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға арнайы әзірленген материалдық заттар, құралдар, құрылғылар. *Оқыту құралдары* іс-әрекет субъектісіне, нысандар құрамына, оқу ақпаратына, оқытушы қызметін алмастыра алу мен білім алушы әрекетін автоматтандыру мүмкіндігіне және т.б. негіздерге байланысты жіктеледі.

Іс-әрекет субъектісіне байланысты оқыту құралдары оқыту және оқу құралдары деп екіге бөлінеді.

Оқыту құралдарына: көрнекілік түрлері, демонстрациялау құралдары, оқытудың ақпараттық техникалық құралдары, компьютер, электронды тақталар, жазу құралдары (бор, компьютерлік құралдар, жарық сәулесі және т.б.) жатады.

Оқу құралдарына оқулықтар, жұмыс дәптерлері, қалам, дидактикалық үлестірмелі материалдар, карточкалар, сызбалар, тірек конспектілер, зертханалық құрылғылар, дербес компьютер, жеке оқытудың ақпараттық құралдары, ғаламтордың оқу бағдарламалары, оқу-зертханалық жабдықтар, кестелер, модельдер және т.б. жатады.

Нысандар құрамына қарай оқытудың құралдары: материалдық және идеалдық болып бөлінеді. *Материалдық құралдарға*: оқулықтар мен оқу- әдістемелік құралдар, нұсқаулар, кестелер, модельдер, макеттер, ақпараттық құралдар, компьютер, оқу-техникалық құралдар, зертханалық жабдықтар, оқу орны, жиһаз, сабақ кестесі және т.б. жатады.

Идеалдық оқыту құралдары – оқытушы мен студенттердің жаңа білімдерді меңгеру үшін қолданылатын бұрын меңгерілген білім мен біліктері болып табылады. Ойлау мұраттық (идеалдық) оқыту құралына жатады.

Поляк дидакты В.Оконь оқыту құралдарын оқытушының іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың әрекетін автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: қарапайым және күрделі.

Қарапайым құралдар: сөздік, оқулықтар, мәтіндер; қарапайым визуалды құралдар: нақты заттар, модельдер, суреттер және т.б.

Күрделі құралдар: механикалық визуалды құралдар: кодоскоп, диапроектор және т.б.; аудио құралдар: магнитофон, радио, музыка ойнатқыш; аудиовизуалды: дыбысты фильм, телевидение, бейнежазба; оқыту үдерісін автоматтандыру құралдары: мультимедиялық кабинет, компьютерлер, ақпараттық жүйе, телекоммуникациялық жүйе.

2.6 (11-дәріс). Жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастыру формалары.

Жоспары:

1. ЖОО-да оқытудың негізгі формаларына сипаттама.
2. Оқыту формаларын жіктеу тұғырлары.
3. Дәрісті, семинарды өткізудің дәстүрлі емес тәсілдері.
4. Экскурсия физика, химия заңдарын өндірісте қолдануды бақылау ретінде.

Жоғары мектептегі оқытудың құрылымы: мақсатты оқыту, мазмұнды оқыту, құралдар, форма, әдістер, түрлері, оқытудың нәтижесі. Жоғары мектептегі оқыту процесінің құрылымына мынадай компоненттер жатады:

- мазмұндық компонент – жоғары мектептегі оқытудың мақсаты мен міндеттері кіреді; мазмұндық компонент – бұл кәсіптік қызметпен өзіндік білімдендіру, қарым-қатынас пен іс-әрекетті меңгерудегі білім, білік, дағдыларды анықтайды;

- процессуалды компонент – жоғары білім беру мазмұнын меңгеруде жоғары мектептегі мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру бағытында оқытуды қабылдау құралдары, әдістері, түрлерін сипаттайды;

- бақылау, бағыттау компоненті; нәтижені бағалау компоненті – бұл студенттің жоғары мектептегі оқыту процесінің оқыту нәтижесі мен тиімділік дәрежесіне жетуі.

Оқыту үрдісінің сыртқы қалпы дегеніміз - оқытуды ұйымдастыру формасы. Оқытуды ұйымдастыру формасы дегеніміз – оқыту үрдісінің міндеттерін іске асырудағы мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттерінің сыртқы көрінісі

Жоғары оқу орындарында білім берудің ұйымдастырудың алуан түрлері кездеседі: дәріс, практикалық сабақтар (семинарлар, лабораториялық сабақтар, практикум, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ), оқытушылардың көмегімен жүзеге асатын студенттердің өзідік жұмысы (СОӨЖ), өндірістік практика). Дидактикада осындай оқытуды ұйымдастырудың түрлерін белгілі бір дидактикалық есептерді шешетін танымдық іс-әрекетті басқару тәсілдері болып саналады. Сонымен қатар, дәріс, практикалық сабақтар, семинарлар, өзіндік жұмыстар оқытудың мазмұны мен әдістерін түсіндіретін студенттер мен оқытушылардың өзара әсері жүзеге асыратын тәсілдер болып табылатындықтан оқытудың негізгі ұйымдастыру түрлері болып табылады. Оқыту процесі әртүрлі бақылау түрлерімен аяқталады.

Жоғары оқу орындарындағы дәрістер – оқытудың дидактикалық циклінің маңызды бөлімі. Оның мақсаты - студенттерге жаңа оқу материалдарын меңгеруге бағытталған ғылыми негіздер қалыптастыру. Қазіргі кездегі жоғары мектептерде дәрістерді «ыстық нысаналар» деп атайды. «Дәріс» сөзі латынша «lectio» - оқу деген мағынаны береді. Дәріс алғаш алтыншы ғасырда Ежелгі Грецияда пайда болған, кейін Ежелгі Римге және орта ғасырға дейін таралды. Ресей университетінің алғашқы қалаушыларының бірі М.В.Ломоносов оқытудың дәрістік түрлерінің даму тарихына аса назар аударды. Оның пікірінше, шешендік өнерді жүйелі және нақты үйрену міндетті. Сондықтан дәріс берушілерге тек ережелер мен авторлардың оқуларына сүйеніп қана қоймай, сөздің мәнеріне де басты назар аударылуы керек екендігіндігіне тоқталған.

Дәрістің маңызы студенттердің кітап арқылы өз бетімен жұмыс істеуімен шектелді. Орыстың ұлы хирургі және педагогы Н.И.Пироговтың пікірінше, дәріс егер лектор жаңа ғылыми материалды бергенде немесе сөз шебері болса ғана оқылуы керек.

Дәрістің негізгі функциялары:

1. Ақпараттық функция. Лекцияда студенттерге ғылымның жаңа жетістіктері, оқу пәнінің негізгі мазмұны жайлы белгілі бір тақырып бойынша мәлімет береді. Дәрісті оқушы өз тыңдармандарына мәліметті эмоционалды түрде береді. Студент үшін дәріс-бұл ғылыми мәліметтердің бейімделген көзі.

2. Бағыттаушы функция. Мұнда дәріс қажетті әдебиеттерге бағыт береді. Дәрісте белгілі бір теорияның немесе гипотезаның генезисі, оның негізгі идеясы беріледі. Дәріс оқушының ұсынған әдебиеттер тізімі де дәрістің бағыттаушы функциясына жатады.

3. Түсіндіруші функция. Бұл негізінен оқытылып отырған тақырыптың негізгі ғылыми ұғымдарына байланысты болады. Теорияны түсіндіре отырып студентке ғылыми ұғымдардың мәнін адекватты түсінуін қамтамасыз ету қажет. Мұнда тек терминдердің мәні ашылып қана қоймай, сонымен қатар студенттердің санасында негізгі ұғымдар қалыптасады.

4. Сендіруші функция. Бұл дәрісті баяндаушының өз сөзін дәлелдеуі кезінде жүзеге асады. Студенттер айтылған мәліметтерді тыңдайды, ал оларды сендіру үшін дәлелдеу қажет. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша дәлелділік маңыздылық болып табылады. Дәрісті баяндаушының өз пікірін білдіруі студенттерді сендіреді, оларды дәрісті баяндаушымен келісуге итермелейді. Дәлелділік дәрістің келесідей қасиеттерінен де маңызды орын алады. Олар: логикалылығы, информативтілігі, теорияның өмірімен байланыстылығы және т.б. Басқаша айтқанда дәлелділіктің болуы дәрістің басқада қасиеттерінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар дәрісті оқушы адам дәлелдеу әдістерін таңдау барысында тыңдаушылардың білім деңгейлерін ескеру қажет. Логикалық дәлелдеулердің 2 түрі бар. Олар: тура дәлелдеу және жанама дәлелдеу. Дәрістің сендіруші функциясы дәріс үшін өте қажетті.

5. Дәрістің қызықтырушы немесе әуестендіруші функциясы. Дәріс студенттерге маңызды және қажетті мәліметті беру үшін қолданылып қана қоймай студенттерді жаңа идеяны дамытуға итермелейді. Дәріс қызықты болуы үшін төмендегідей шарттарға жауап беруі тиіс: Оқытылып отырған ғылымды ескере отырып, студенттің білімді игеруде тұлғалық мәнді түсінуі. Дәріске деген қызығушылықтың пайда болуы-аудиторияның айтылып жатқан материалдың жаңашылдығын түсінуі. Дәріске деген қызығушылықты туындату - бұл тыңдаушы студенттердің ойлау жұмысын стимулдау.

Дәрісті оқудағы негізгі әдістемелік мәселелер төмендегідей:

1. Ұғымдарды қалыптастыру - ерекше педагогикалық процесс болып табылады. Ол үшін арнайы үрдістер бар, алайда олар әрқашан қолданыла бермейді. Олар міндетті түрде семинарлық және басқада топтық жаттығулар кезінде қолданылады.

2. Баяндалған материалдың дәлелділігі. Арнайы зерттеулер көрсеткендей дәрісті оқудағы басқада сапалардың ішінде оның дәлелділігі маңызды орынды алады.

3. Теорияның өмірімен байланыстылығы. Бұл жағдайда ғылымды алғаш рет оқып отырған студентке теориялар түсініксіз болмауы үшін дәрісті оқушы адам ұғымдарды өмірмен байланыстырады.

4. Информативтілігі. Дәрістің мазмұнының қарапайым және қызықсыз болмауын қамтамасыз етеді.

5. Баяндалушы материалдың өзектілігі. Ол студенттердің ойлауын белсендіруге арналған. Мұнда дәрісті баяндаушы адам өзінің сөзін студенттерге белгілі бір мәселені талдау түрінде ұсынады, талдай отырып ол ойлау міндетінің шешілу үрдісін көрсетеді.

Дәрісте берілетін тақырыптар мен сұрақтардың қайсысын проблемалы әдіспен оқыту қажет екендігін мұғалім өзі шешеді. Дәрісті оқу әдістемесі – айқындалған дәріс құрылымы және логикалы ойластырылуы; жоспарының болуы; осыларға қатаң бағыну; тақырыпқа байланысты әдебиеттерді лекцияның басында немесе аяғында айтылуы; әдебиеттер міндетті және қосымша әдебиеттерге бөлінеді. Терминдер мен ұғымдардың түсініктілігі, басты ойлар мен қорытындының болуы, көрнекі құралдарды пайдалану.

Практикалық сабақтар мектеп шеберханаларында, оқу-тәжірибе учаскелерінде, оқушылардың өндірістік бригадаларында, оқу-өндірістік комбинаттарында өткізіледі.

Семинар сабақтар өз атауын «көшет өсіретін ыдыс» деген мағына білдіретін латынның «seminaries» деген сөзінен алынған. Олар ежелгі Грек, Рим мектептерінде пікірталастардың сабақтастығы, студенттердің хабарламасы, түсіндірмесі, оқытушының қорытындысы ретінде өткізіледі. Қазіргі жоғары мектептерде семинар – гуманитарлық және жаратылыстану пәндері бойынша практикалық сабақтардың негізгі түрлерінің бірі. Семинар белгілі бір пәнді тереңдетіп оқуға арналған. Семинар сабақтардың мамандар даярлаудағы мүмкіндіктері зор, сондықтан кафедралар оны әр алуан және күрделі талаптарды табысты шешуге мүмкіндік жасайтын, оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі формасы ретінде көрінеді. Семинар студенттердің шығармашылық дербестігін дамытады, ғылымға және ғылыми жұмыстарға қызығушылығын күшейтеді, ғылыми ақпараттарды иемденеді, материалды ауызша және жазбаша баяндау өнерін, дамушы ғылыми қағидалар мен қорытындыларды игереді.

Жоғары мектептерде 3 түрлі семинар сабақтары белгіленген: алдын-ала өтетін, арнайы және жеке семинарлар. Семинар сапасын бағалауда, оларға дайындықты жоспарлауда төмендегі критерийлер пайда болады: мақсаттылық – мәселелер қою, теориялық материалдарды, оларды болашақ кәсіби қызметіне пайдалана отырып, практикалық материалдармен байланыстыруға ұмтылыс; жоспарлау – негізгі пәндерге қатысты басты мәселелерді бөліп қарау, әдебиеттер тізімінде жаңалықтың болуы; семинарды ұйымдастыру – пікірталас туғызу және қолдай білу, студенттердің барлық жауабы мен шығып сөйлеген сөздерін сындарлы талдау, оқу уақытын мәселелерді талқылаумен толықтыру, студенттің өзінің әрекеттері; семинарды өткізу стилі – пікірталастан туындаған, өткір мәселелерді талқылап, қызу өткізетін немесе ойға қозғау салмай, сылбыр өтетін; оқушының студентке қарым-қатынасы – сыйластық ретіне қарай талап қоя білу немесе кең пейілділік; студенттердің оқытушыға қарым-қатынасы – сыйластық немесе немқұрайлы, сынаушылық; топты басқару – оқытушы семинарға қатысушылармен тез байланыс орнатады, топта өзін сенімді, еркін ұстайды, барлық студенттермен әділ, байсалды әрекет жасайды немесе керісінше, көптеген ескертулер жасайды, дауысын көтереді, басқаларын елеусіз қалдырып, аз ғана студенттің жұмысына сүйенеді; оқытушының қорытындысы – білікті, сенімді немесе студенттердің білімін байыптайтын, теориялық тұжырым жоқ; студенттер семинарларда жазу жұмыстарын жүргізеді – үнемі жүргізеді, сирек немес тіпті жүргізбейді.

Семинар сабақтары көбіне оқылған лекция тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлелдеу, мұғалімдерге оқушылардың оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік тқ тезистер мен баяндамалар жазып, қосымша әдебиеттерді пайдаланады. Студенттердің семинар сабаққа дайындығы просеминар арқылы тексеріледі. Өкінішке орай қазіргі жоғары мектепте бұл сирек кездеседі. Семинар және практикалық сабақтар да лекция барысында жүзеге асыру мүмкін емес бірнеше маңызды қызмет атқарады: Студенттердің өздік жұмысына, дерек көздерімен жұмыс жасауына, конспект жазуына бақылау орнату. Студенттерді өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру: ауызша баяндама жасау, ойларын негіздеу және өз көзқарасын қорғай алу. Студенттерді дискуссия жүргізуге және әріптесін тындай білуге баулу. Студенттердің оқу барысындағы жеке қиындықтарын анықтау: олардың ойлау жүйесінің немесе ойлау операциясының (анализ, синтез, жалпылау, абстрактілеу және т.б.) деңгейін ескеру. Студенттердің оқу үрдісіне жақсы және кері әсер ететін ерекше қасиеттерін анықтау. Оларды сабақ барысында ескеру, қажет болса түзету. Арнаулы семинарлар мен арнаулы практикумдар негізінен жоғары курстарда кәсіби пәндерді игерту барысында өткізіледі де, алатын кәсіптің негізгі әдіс-тәсілдерін үйренуге мүмкіндік береді.

Лабораториялық жұмыстарда студенттердің оқитын мамандықтарына сай теориялық және әдіснамалық білімі практикалық біліммен, дағдылармен интеграцияланады. Мұнда маңызды орынды топтық жұмыстар алады. Өндірістік практикада нақты бір қызметті атқара жүріп білімдерін толықтыру студенттерге болашақ кәсіптеріне жақындай түсуге мүмкіндік береді. Мұндай практикаларды өткізуде ғылыми-өндірістік кешендердің маңызы ерекше. Лабораториялық сабақтарда тақырып бойынша жаңа оқу материалын ұғыну үшін мынадай тәсілдер ескеріледі: Лабораториялық сабақ тақырыбы мен сабақтың міндетін анықтау. Сабақты өткізу тәртібін түсіндіру. Сабақтың нәтижесін жинақтап қорытындылау. Сабақтың нәтижесін талдау. Лабораториялық жұмыстардың түрлері: бақылау, тәжірибелер, эксперименттік есептер шығару, өлшеу жұмыстары т.б. Дұрыс ұйымдастырылған лабораториялық жұмыс оқушылардың таным қабілетін, ой-өрісін дамытады, олар түрлі приборлар және жабдықтармен жұмыс істей білуге

үйренеді, ғылыми эксперименттердің элементтерімен танысады. Лабораториялық жұмыс оқушыларды дәлдікке, ұқыптылыққа, еңбек мәдениетіне тәрбиелейді.

Өзіндік жұмыс – тек жекелеген пәндерді меңгеруге ғана емес, сонымен бірге, оқу, ғылыми, кәсіби іскерлік, өзіндегі жауапкершілікті сезіне білу, дербес жұмыс істеуге үйрену. Сондықтан да, өзіндік жұмыс білікті маман даярлаудың негізгі бір тиімді жолы болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуға, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу мәдениетін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс істеуге және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды.

Жоғары оқу орындарындағы оқу-танымдық жұмыстарды педагогикалық шарттары мен ерекшеліктеріне қарай бес топқа жіктеуге болады: жаңа теориялық білімді игеруге арналған өзіндік жұмыстар; жаңа эмпирикалық және практикалық білім алуға арналған өзіндік жұмыстар; білік пен дағдыны қалыптастыруға арналған өзіндік жұмыстар; шығармашылық бағыттағы өзіндік жұмыстар; алған білімдерін бекітуге және жүйелеуге арналған өзіндік жұмыстар. Өзіндік жұмыс оқу үрдісімен тығыз байланысты болғандықтан оны екіге бөліп қарастырады: дәрісханалық өзіндік жұмыс; дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыс. Дәрісханада орындалатын өзіндік жұмыстарға дәрістік, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар кіреді. Ал, дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстарға дәріс материалдарын толықтыру, семинар сабақтарын дайындау, реферат жазу, курс, диплом жұмыстарын жазу, т.б. жатады. Өзіндік жұмысты былай білу тиімді. Өйткені, өзіндік жұмыстардың өзі дәрісті тыңдау және оны жазу, мәтінмен жұмыс істеу, тезис, конспект жазу, семинар сабақтарына дайындалу, үйірмелерге қатысу, ғылыми жұмыстармен айналысу сияқты бөліктерден тұрады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының ішінде курстық және дипломдық жұмыстардың орны ерекше. Студент алғаш рет зерттеу жұмыстарына, экспериментке жүгініп, жиналған материалдарды жүйелеу, қорытынды жасауға ұмтылыс жасайды. Ғылыми терминдер қолданып, ғылыми бақылау негізінде ой тұжырымын жасауға үйренеді. Сондай-ақ пән бойынша алған білімін тереңдетіп, оны бекітеді, білімін практикалық дағды, біліктермен байланыстырады.

Педагогикалық бақылаудың үш қызметі бар: диагностикалық, білім беру, тәрбиелеу.

Диагностикалық қызметі: бақылау арқылы студенттің білім деңгейі, қабілеті, дағдысы, тәртібі айқындалады. Білім беру қызметі: оқу материалын меңгеру деңгейін тексеру барысында білім беруді басқару іске асады. Тәрбиелеу қызметі: бақылау арқылы студенттің жұмысын ұйымдастыруға, шығармашылық жол іздестіруге, жеке басының ерекшеліктерін, өз бойындағы қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқыту тәрбиелеу процесінде бұл үш қызметтің бірі басшылыққа алынуы мүмкін. Мысалы, семинар сабағында оқыту қызметі орын алады, әр түрлі ой-пікірлер ортаға салынады, қателіктер талқыланады, сұрақтар қойыла отырып, диагностикалық тәрбиелік қызметтер іске асады. Сынақ, емтихан, коллоквиум, тест, диагностикалық қызметті атқарады. Бақылау жүйесін құрайтын: емтихан, сынақ, жазбаша бақылау, реферат, коллоквиум, семинар, курстық жұмыс, зертханалық жұмыстар, күнделік жүргізу жұмыстары, бақылау журналдарын жүргізу. Бақылау жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері бар. Ауызша сұрақ жауап жүзінде білім деңгейі тексеріліп қана қоймай, сонымен қатар, сөйлеу тілі машықтанады, педагог пен студент арасында қарым-қатынас орнатылады. Жазбаша жұмыстар: студенттің білім деңгейін құжат ретінде айқындау. Емтихан студентке психологиялық қысым туындатады. Курстық жұмыс пен дипломдық жұмыстар болашақ маманның бойында шығармашылық қабілетті қалыптастырады.

Бақылаудың бірнеше түрін біріктіре білу педагог шеберлігінің белгісі. Уақытқа байланысты педагогикалық бақылау бірнеше түрге бөлінеді: ағымдық (студенттерді үлгерімі жақсы және үлгіре алмайтын студенттерді сұрыптауға көмектеседі), тақырыптық (белгілі бір тақырып немесе бөлім бойынша білім деңгейін айқындау), аралық (келесі бөлімге өту алдында өткізіледі, ол өткен білімді қорытындылау үшін қажет), бекіту (курстық емтихан, бұл өткен пәнді бекіту), қорытынды (мемлекеттік емтихан, диплом жұмысын қорғау).

Студентке қойылатын баға педагогикалық бақылаудың қорытындысы болып табылады. Бағалау арқылы студенттің үлгермеу себебін айқындауға болады. Жіберілген қателіктердің себебін айқындай отырып, оқытушы студентті дұрыс жауапқа жетелей алады. Сонымен қатар, студент білімін жетілдіру керек екеніне көз жеткізу мүмкіншілігі туындайды. Баға – сандық айқындаушы. Өте жақсы баға келесідей шарттарда қойылады. Студент берілген көлемде нақты және дәл білім көрсету керек. Жазбаша жұмыста, ауызша жауап бергенде сөйлеу тілі сауатты, әңгімесінің логикалық байланысы болуы қажет. Жақсы бағасы, нақты білім үшін, 1-2 қателіктер жіберілгенде қойылады. Педагогикалық өлшемдердің ең көп тараған түрі – тест. Педагогикалық тест дегеніміз белгілі мақсатқа байланысты ғылыми негізде құрастырылған тапсырмалар жинағы. Тест ұйымдастырудың талаптары: тест жоспарланған бағдарлама бойынша жүргізіледі. Барлық студенттер біркелкі жағдайда, бірдей сұраққа жауап береді. тест мазмұны қатаң құпияда сақталуы қажет.

2.7 (12-дәріс). ЖОО-дағы оқыту технологиясы.

Жоспары:

1. Оқыту технологиясының мазмұны.
2. Жоғары мектептегі оқыту технологиясының жіктелуі.
3. Оқытудың технологиясының жіктемесі. Дамыта оқыту технологиясы. Ақпараттық оқыту технологиясы. Қашықтан оқыту технологиясы.
4. Белсенді оқытудың ерекшеліктері. Оқыту әдістерін белсендендіру.
5. ЖОО-дағы проблемалық оқыту. Проблемалық оқытудың формалары мен әдістері.
6. Оқу әрекетін жобалауды ғылыми негіздеу.
7. ЖОО-дағы оқу үдерісін жобалаудың ерекшеліктері.
8. ЖОО-дағы білім беру технологиялары және олардың ерекшеліктері.

Жоғары оқу орындарында оқу үрдісінде педагогикалық технологияны қолданудың белгілі тәжірибесі қалыптасқан. Педагогикалық технология мынадай төрт басты шартты қанағаттандыруы тиіс (В.П. Беспалько): педагогикалық технология оқытудағы педагогикалық эксперименттерді жоюы қажет; оқушының оқу танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет; оқу мақсатын диагностикалық зерттеу жолымен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалауды қажет етеді; практикада оқу үрдісінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Кеңес Одағындағы педагогикалық технологиялар тақырыбына арналған алғашқы зерттеу жұмысы ретінде академик В.П. Беспальконың «Слагаемые педагогической технологии» (1989) еңбегін атауға болады. Бұл жұмыстан кейінгі маңызды зерттеулер қатарына И.В.Клариннің, В.М.Монаховтың, Г.К.Селевконың, Т.И.Шамова мен Т.И.Давыденконың т.б. еңбектерін жатқызуға болады. 1990 жылдардың орта шенінен бастап бұл ұғым педагогика курсының оқулықтарына да ене бастады. Алайда, бұл әдебиеттерде келтірілген педагогикалық технологиялар ұғымына берілген анықтамалардың жалпы негізі бір болғанмен кейбір айырмашылықтары да бар екенін көруге болады.

Педагогикалық технология мәселесіне арналған П.Я.Гальперин, В.П.Беспалько, В.В.Давыдов, В.М.Кларин т.б. ғалымдардың еңбектерінде оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деген ұғынудан бастап, педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер айтылған.

Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияға мынадай анықтама береді: «педагогикалық технология дегеніміз оқыту әдістері – педагогикалық және психологиялық тәсілдер мен құралдардың жиынтығы. Ол педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру құралы».

«Педагогикалық технология дегеніміз мұғалім мен оқушыға ыңғайлы (комфорт) жағдай жасай отырып оқу процесін жобалау, ұйымдастыру мен өткізуге арналған біріккен, жан-жақты ойластырылған педагогикалық қызметтің моделі» – дейді В.М.Монахов.

«Білім беру технологиясы деп мұғалім мен оқушыға ыңғайлы (комфорт) жағдай жасай отыра нәтиже алуға бағытталған оқу процесін жобалауға, бағыттауға және түзету енгізуге арналған олардың біріккен қызметінің процестік жүйесін айтады» (Т.И.Шамова, Т.И.Давыденко).

Қазіргі күнгі мектеп бағдарламаларында мұғалім балаға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойын, қабілетін дамыту, «оқи алуға үйретуі» керек деген міндеттер қояды. Психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерде бұл «дамыта оқыту» технологиясы деп аталып жүр. Мәселе әрекеттік оқыту технологиясының мәні студенттердің алдына проблема қоя отырып, оны шешудегі дағдыларды және кәсіби әрекеттердің, компоненттердің меңгеруі. Бұл технология оқытудағы әрекеттер мен мәселелер талаптарын жүзеге асырады. Ол мынандай кезеңдерден тұрады: 1-кезең – оқытушы тудырған проблемалық жағдайды студенттердің түсінуі мен қабылдауы. 2-кезең – проблемалық жағдаяттарды шешудегі студенттердің, өзіндік әрекеттері моделінің пайда болуы мен негізделуі (өздері білетін шешу жолдарын пайдаланып және жаңа шешу жолдарын іздеу). 3-кезең – мәселені шешу жолдарының дұрыстылығын тексеру мен аталған әрекеттерін талдау. 4-кезең – ойлау әрекетіндегі қатып қалған ойлардан бас тарту, дәстүрлі шешімдерден шектен шығу, студенттің ақыл-ой мүмкіндіктерінің дамуына көмектесетін аталған әрекеттер барысындағы ойлауды талдау. Бұл технологиялардың авторлары студент тек қана жаңа әдет пен дағдыларды меңгеріп қана қоймай сонымен қатар, әртүрлі шығармашылық кәсіби міндеттерді шешудегі тәжірибе жинайтындығын қосады. Бұл технологияларды оқу процесінің жобалануының негізгі бірлігі – оқу бағдарламасы болып табылады.

Модульдік оқыту технологиясы – оқытушыны дамыту құралы ретінде (М.М.Жанпейсова). Мәні оқудың аралық түрін кең пайдалана отырып, қорытынды мазмұнды модуль түріндегі жеке оқу бағдарламасымен студенттердің өзіндік жұмысы. Бұл оқытудың педагогикалық негізінде американдық философ Дж.Дьюидің тұлғалық идеясы жатыр, студент – педагогикалық жүйенің орталығы, ал өзіндік білім беру және өзіндік басқару алғашқы маңыздылыққа ие болады. Бұл технологияның жақсы жағы оқу процесіндегі әр студент талап етілетін материалдарды зерделеу үшін уақытын алатындығында.

Контексті оқыту технологиясының мәні оқытудың белсенді әдістерін пайдаланып, келешек және кәсіби әрекеттерінің әлеуметтік және пәндік мазмұнының моделі. Бұл технология сұраным әрекеттерінің және проблемалық оқыту теориясының негізгі заңдылықтарын есепке алумен құралған. Бұл технологияның

жүйелі түсінігі «контекст» болып табылады. Яғни мәтіннен үзінділер немесе сөйлемдер, сөздер құрамына кіретін маңыздылығын және ойын анықтауға мүмкіндік беретін жазбаша және ауызша ойлардың қорытындысы. Контексті оқытуда бұл термин әртүрлі деңгейдегі болатын технологиялық үрдістер көмегімен түсіндірілетін психикалық категория ретінде қарастырылады. А.А.Вербицкий бойынша контекст адамның таным әрекетінің және ойлау, түсіну механизмі, рефлексия және антипация үрдісін біріктіруге болады деген. Контексті технологияда адамдық тәртібін ұйымдастырудың формаларын көрсететін оқу әдістері пайдаланады.

Дискуссия – талқыланып жатқан сұрақ бойынша студент өз ойын, көзқарасын тыңдай отырып, ол өз көзқарасын айтуы міндетті. Ол көзқарас өзінің құрбылары мен студент көзқарасынан да күшті болуы мүмкін. Проблемалық семинар – дискуссияға қарағанда жұмысы белсендірек және ол семинардың мазмұнды қозғалысын анықтайтын фактор болып табылады, яғни, семинарға қатысушылар өз жұмыстарын біліммен көрсете алу керек. Проблемалық семинардың міндеті дәстүрліге қарағанда дайын білімнің мәселесін талқыламайды, ол әзірше білмейтін жаңалықты талдау мен анықтаудан тұрады. Тренинг – негізінен біліктердің қалыптасуына бағытталған. Тренингтің негізгі міндеті қатысушылар қатынастарға байланысты бағытын өзгерте алады, белгілі-бір бірліктер жиынтығын меңгеру үрдісіндегі, өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуы. Ойын арқылы оқыту технологиясы. Бұл технология оқу үрдісінде көп пайдаланады және белсенділік жағынан көп орын алады. Кәсіби оқудың белсенді имитациялық әдістерінің кең тараған түрі – ойындар.

Жоғары оқу орындарының ақпараттандырылу қажеттілігі туралы жоғары оқу орнын басқарудағы және ғылыми әрекеттегі, оқу үрдісіндегі есептеу техникасы құралының бар болып, оны пайдаланудағы болатын жоғарғы оқу орнының беделін анықтайтын мемлекеттік аккредитациясының көрсеткішінің бірі – «жоғары оқу орындарының ақпараттандырылуы». Ақпараттық білім беру технологияларының анықтамаларын талдау педагогикалық технологияларды қарастырудағы сұраным терминнің түсінуіндегі 2 тәсілін анықтады: Бұл жағдайда ақпараттық білім беру технологиясы бар қазіргі құралдар жиынтығы пайдаланумен ұйымдастырылған дидактикалық үрдіс ретінде; Бұл жағдайда ақпараттық технологияларға негізделген оқудың анық ортасын құру туралы сөзді құрайды.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы (Ж.А.Қараев). Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы В.П.Беспалько ұсынған педагогикалық технология ұғымына, оған негіз болатын концептуалдық көзқарасқа сәйкес және Б.Блумның «толық меңгерту» технологиясының басты идеяларына сүйеніп жасалынған. Бұл технология да басқа технологиялар тәрізді оқу процесінің құрылымына, дидактикалық құралдарға қойылатын жалпы технологиялық талаптардың орындалуын қажет етеді. Білімді толық меңгерту технологияларының авторлары американдық ғалымдар Б.Блум мен Дж.Кэрролл. Аталмыш технологияның дәстүрі класс-сабақ жүйесінен басты айырмашылығы – оның міндетті түрде көзделген нәтижеге жеткізуінде. Толық меңгерту технологиясында барлық оқушылардың бірдей деңгейдегі білім, білік, дағды қалыптастыру көзделсе де, әр оқушыға жұмсалатын уақыттың, оқыту әдістері мен формаларының олардың жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес болуы қарастырылған. Бұл технологияны ерекшелейтін басты анықтауыш – толық меңгерудің эталоны (критерийі) саналатын барлық оқушылар меңгеруге тиісті оқытудың жоспарланған нәтижелері болып табылады. Толық меңгерту эталоны мақсаттар таксономиясы арқылы беріледі. Таксономия дегеніміз иерархиялық түрде өзара байланысқан педагогикалық мақсаттар жүйесі. Қарқынды оқыту технологиясы өзіне ғана тән оқыту жүйесіне негізделіп, оқу материалдарын ұйымдастырудың жаңа ұстанымын құрайды және белгілі бір психологиялық, педагогикалық және әдістемелік ұстанымдарға негізделген дидактикалық жүйе. Қарқынды оқыту технологиясы төмендегідей 4 түрлі ерекшеліктерді ескеруді талап етеді: меңгерілетін материалдардың көлемі; қолданылатын әдіс-тәсілдердің; үйретілетін тілдік қатынастың үнемі жүргізілу ұстанымы; жеке тұлғаның психологиялық жай-күйі. Осы жерде қарқынды оқыту технологиясының өзге оқыту технологияларынан айырмашылығын көрсететін негізгі белгілерін де атап өткен жөн. Бірінші белгісі – студенттер мүмкіндіктері мен мамандықтарының ескеру белгісі. Осыған сәйкес, оқытудың негізгі ұйымдастыру түрлері де, өткізу тәсілдері де өзгереді. Екінші белгісі оның мерзімімен байланысты. Бұл жерде қарқынды оқыту технологиясын қысқа мерзімді жеделдетіп оқытумен шатастырмау керек. Өйткені, қысқа мерзімді жеделдетіп оқытуда, көбіне сандық көрсеткішпен бірге сапа, мазмұн сияқты көрсеткіштер қатар жүреді. Яғни, бұл жерде негізгі көтерілетін мақсат – берілген уақыт көлемінде игеруге тиісті материалды сапалы меңгерумен ғана шектелмей, пәндік білімін тереңдету, белсендендіру, жан-жақты білім беру. Қарқынды оқыту технологиясының негізін ашу үшін «оқуды белсендендіру» ұғымын енгізуге тура келеді. Педагогиканың маңызды мәселелерінің бірі: студенттердің оқу іс-әрекетін белсендендіру және оқу үрдісін белсендендіретін әдістерді қолдану болса, «оқуды белсендіру» ұғымы осы мәселелерді шешудің негізі болып табылады. Бұл ұғым қарқынды оқыту технологиясын, біріншіден, белгілі бір бағыт ретінде көрсетсе, екіншіден, ол оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің көзі болып табылады.

Жобалау әдісі білім беру ресурсы ол оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сын тұрғыдан ойлауын дамыту. Жобалау әдісі біріншіден – қандай да бір мәселені шешуді, екіншіден – нәтижеге қол жеткізуді болжайды. Төменде көрсетілетіндей Е.С.Полат жобалау әдісі жаңа педагогикалық технологиялар дидактикасының дамуына осылайша әсер етеді деп көрсетеді. Қазіргі

таңда қолданылып жүрген стандартталған сабақтың класс-сабақ жүйесіне жобалау әдісі оңай еніп жүйенің ешқандай мақсаттары мен құрылымына әсер етпейді.

Бұл технология интеграция кезінде мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген мақсатқа өте нәтижелі жетеді. Жобалау әдісі тек оқу материалдарының өнімді игерілуін ғана қамтамасыз етпей, адамгершілік, өнегелік, өз бетімен жұмыс жасау, мұғалімге, оқушылардың бір-біріне кеңпейілді дұрыс көзқарас, тілдік қарым-қатынасқа бейімділік, бір-біріне көмекке келу сияқты қасиеттерін бекітеді. Мұнда бәсекелесу, күндеу, менмендік, дөрекілік, авторитарлық сияқты дәстүрлі педагогикамен жиі қалыптасатын қасиеттер жобалау технологиясымен қиылыспайды.

И.Л Бим, И.А Зимний, Т.Е Сахаровой, О.М Моисеевой, Е.С Полат, И. Чечель, L. Fried-Booth, T. Hutchinson, D. Phillips және т.б. Көптеген зерттеулерде жобалау әдісі нәтижелі білім беру жүйесінің ең маңызды компоненті және әзірлеудің түрін активті іс-әрекет түрі арқылы (жоспарлау, алдын ала болжау, анализ, синтез) дәстүрлі стандартты емес білім беру үрдісін көрсетеді. Жобалау әдістемесі жаңа педагогикалық жеке тұлғаға бағытталған технология ретінде гуманистік бағыттың негізгі принциптерін айқындайды: · Оқушының жеке тұлғасына ерекше көңіл бөлінуі; · Нақтылық, оқушыларды қиын қыстау ойлау қабілетіне бағыттау. Педагогикалық жобалау –кез келген мұғалімнің кәсіби қызметі(оқушылармен өзара қарым қатынас жасау мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін іздестіру) болып табылады. Педагогикалық жобалау алдыңғы іс-әрекетке қолайлы жағдайлар туғызу және оның нәтижелерін алдына ала болжау.

Педагогикалық жобалаудың объектісі: педагогикалық жүйелер, педагогикалық процесс, педагогикалық жағдаяттар Педагогикалық процесс мұғалім үшін жобалаудың басты объектісі. 2 Педагогикалық жобалаудың кезеңдері мен формалары Педагогикалық жүйелерді, процесстерді, жағдаяттарды жобалау – күрделі көпсатылы іс-әрекет. Жобалаудың үш кезеңін қарастырады: I кезең — модельдеу; II кезең – жобалау; III кезең — құрастыру.

Педагогикалық модельдеу (модельді құру) – мақсат қою, педагогикалық жүйелерді, процесстерді, жағдаяттарды, оған жетудің негізгі жолдарын құрастыру. Педагогикалық жобалау (жобаны құру) құрылған модельді ары қарай жүзеге асыру және практикалық қолдану деігейіне жеткізу. Педагогикалық құрастыру — құрылған жобаны ары қарай жетілдіру, нақты жағдайда тәрбиелік қатынастың шынайы қатысушыларымен қолдануға жақындығымен сипатталады. Педагогикалық жобалаудың формалары – педагогикалық жүйелерді, процесстерді, жағдаяттардың әрекеті сипатталатын құжаттар болып табылады. Тұжырымдама – педагогикалық жүйелер мен процесстерді құрудың теориялық принциптері, жетекші ой, басты көзқарас баяндалатын жобалаудың негізгі формасы. Ереже бойынша тұжырымдама ғылыми зерттеулер нәтижесінде құрылады. Ол жалпыланған, абстрактылы болғанымен, практикалық мәнге де ие. Тұжырымдаманың бағыттылығы – теорияны қолданбалы, конструктивті формасында баяндау. Жобалау барысында мұғалім өзін оқушының орнына қойып көру керек.

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау процесінде олардың жобалау іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру мәселесінің орны ерекше. Себебі жалаң білімдер, іскерліктер және дағдылар қалыптастырудан құзыреттіліктер қалыптастыруға көшіп отырған бүгінгі күнгі білім парадигмасына сәйкес ең алдымен педагогты шығармашылықпен жұмыс жасауға дайындау қажеттігі туады. Ал оның шығармашылықпен жұмыс жасай алуы аталған даярлықтың, яғни жобалау іс-әрекетіне дайындығының, қалыптасуымен тығыз байланысты. Білім беру процесінің тиімділігін арттыру мәселесін шешуде педагогикалық жобалаудың маңызы зор. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ол оқытушының маңызды кәсіби- педагогикалық функциясы ретінде қарастырылады және педагогтың өзінің әрекеттерін және әдістемелік даярлығын талдау негізінде көрсетіледі.

Ғалымдардың айтуынша, «жобалау» деген атқа ие болған жаңа идеяларды іске асыру және жаңа білімдерді берудің құралы – жаңа үлгілерді құруға байланысты теориялық іс-әрекет болып табылады. Кәсіби педагогтарды даярлауда оқу процесін жобалау жаңа технология жасаудың теориялық негіздерін зерттеп дайындауда, оқу процесі жөнінде әр түрлі ойлар жүйесінің принциптері негіздерін қалыптастыруда оқу процесін басқарудың үлгісі мен атқару тәртібін қайта қарау; ұйымдастыру және басқаруда оны үйлесімді, қолайлы түрде күшейтуде дамытудың басым ұтымды бағытына сүйену; оқу жүйесін ұйымдастыру кезеңіндегі жоспарлы бағдарламалар, оқулықтар, оқыту әдістемесінің түпкілікті және сапалы болмауын, соның нәтижесінде оқыту уақытының мақсатсыз жұмсалмауын қадағалау және түпкілікті болдырмау сияқты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орны оқытушысының педагогикалық кәсіпқойлығына сенім білдіру; оқу процесінің қандай кесіндісінде болмасын оқушыларды дайындауға деген кепілдіктің болуы; оқыту технологиясын жасауда стандарттық нормаларды сақтау қажеттігі; оқу процесін тақырыптық жобалау сияқты педагогикалық технологияны жүзеге асырудың негізгі принциптерін сақтау қажет.

Оқыту мазмұнын жобалау, оқыту процесін басқаруды жобалау, оқыту нәтижесін бақылау жобасы, оқыту әдістерін жобалау, білім беру жобасы, білім беру технологиясын классификациялау т.б ұғымдарын оқытудың технологиясы, ал «шәкірттердің дүниетанымдары мен қабілеттерінің мазмұнын жобалау, даму процесін жобалау», «даму нәтижелерін жобалау», «даму әдіс-тәсілдерін

жобалау» ұғымдарын дамыту технологиясы біріктіреді. Оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша бірігіп қызмет етуіне қолайлы жағдай туғызатын, әбден ойластырылған педагогикалық қызметтің бірлескен моделі, оқу үрдісінің параметрлік моделі екендігін, оқу үрдісін бүтіндей жобалау мақсат қою, болжау, өзіндік жұмысты мөлшерлеу, оқу үрдісінің логикалық құрылымы, түзету, технологиялық карта т.с.с. қарастыру болып табылады. Педагогикалық жобалауды объектілеріне байланысты классификациялаған дұрыс, өйткені технологияландырудың негізгі критерийі жобаның бар болуы. Мәселен, түгелдей педагогикалық жүйені жобалау, педагогикалық оқыту үрдістерін жобалау, бөлек педагогикалық жағдайларды немесе педагогикалық жүйе компоненттерін жобалау және т.б. Оқыту үрдісін технологиялық карта арқылы жобалау дидактикалық ақпараттың қатаң ұйымдастырылуын, жаңа технологиялық этиканың бекітілуін, білім беру үрдісінің тиімділігін анағұрлым арттырылуын қамтамасыз етеді. XX ғасырдың соңында «жобалау» адамның шығармашылық іс-әрекетіндегі ойлаудың өзіндік ерекшелігі бар түріне және жіктелік белгісіне айналды. «Жобалау» іс-әрекеті ғылымға, өнерге және жалпы адамның қоршаған дүниеге қатынасына тән іс-әрекет түріне айналды.

Яғни ол адам өмірінің барлық сфераларында өз орнын алады. «Жобалау» сөзі қазақтың «жоба» деген сөзінен жасалынған, мағынасы – жаңа нәрсенің жобасын, сұлбасын жасау. Ғылымда ол тек қана жаңа нәрсенің жобасын жасау ғана емес, сонымен қатар оны негіздеу, басқадан айырмашылығын көрсетуді білдіреді. Бұл термин алғашында құрылыс, техника саласында қолданылды. Өткен ғасырдың орта шенінен бастап гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс таба бастады. Кеңестік энциклопедиялық сөздікте «жобалау» ұғымы: «1) құрылыстың, механизмнің немесе құрылымының жоспарын жасау; 2) белгілі бір құжаттың алдын ала мәтінін жасау» деп түсіндіріледі.

Л.Арчердің анықтамасы бойынша, жобалау — «белгілі бір міндетті шешу», ал Г.Надлер бойынша, «бұрынғы белгілі үлгілерге қарағанда неғұрлым жетілдірілген идеал үлгі жасау» болып табылады.

И.В. Котляровтың айтуынша, жобаны іске асырудың нәтижелі болуы оны жобалау кезеңдерінен тәуелді. Кез келген саладағы жобалау мынадай кезеңдерден тұрады: мақсатты анықтау, ғылыми зерттеулер, міндеттерді қою, идеяларды іздеу, тұжырымдама жасау, талдау, эксперимент, шешімдер т.б. Гуманитарлық ғылымдардағы «жобалаудың» ерекшелігі – оның әлеуметтік құрамдас бөлігінің болуы. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік жобалауда адамның тұлғалық ерекшеліктері, оның қоршаған ортамен, басқа адамдармен қатынасы есепке алынуы тиіс. Ж.Т.Тощенко т.б. еңбектерінде «жобалау» тек қана жасалуы тиіс нәрсенің күйін болжауды емес, сонымен бірге әлеуметтік-педагогикалық заңдылықтарды зерттеуге бағытталған, өзара әрекеттесуге қабілеттілікті мақсатты түрде дамытатын іс-әрекет түрі ретінде қарастырылады. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде әлеуметтік жобалау аясында педагогикалық жобалау дами бастады.

Оның себептері ретінде төмендегілерді көрсетуге болады: білім беруде инновациялық процестердің дамуы (бұл оқытушыда жобалау іскерліктерінің жүйесін қалыптастыруды қажет етеді); педагогикалық жүйелердің инновациялық үлгілерінің жасалуы (оларды жасау жобалау арқылы жүргізіледі); білім беруді диверсификациялау. Кейінгі уақытта педагогикалық жобалаудың, оны педагогикалық қауымдастықтың меңгеруінің және ғылыми негізде практикада тиімді қолданылуының динамикалық бірлігі ретінде инновациялық процестер мәселесі педагогика теориясының өзекті мәселесіне айналды. Себебі бүгінгі күні білім беру жүйесінің дамуы инновациялық процестер және оларды жобалау арқылы жүзеге асуда.

Педагогикалық жобалау көптеген ғалымдардың зерттеулерінде әр қырынан көрсетілді (В.С. Безрукова, Н.В. Борисова, А.Н. Дахин, В.В. Краевский, В.А. Болотов, Е.И. Исаев, В.И. Слободчиков, Н.А. Шайденко, Т.К. Смыковская, Е.А. Крюкова және басқалар). Аталған авторлардың еңбектері мен басқа да педагогикалық-психологиялық зерттеулерді талдау олардың көпшілігінде «жобалау» түсінігінің «жоспарлау», «болжау», «күру» түсініктерімен байланыстырылатыны байқалды. Мәселен, В.С. Безрукова педагогикалық жобалауды «оқушылар мен мұғалімдердің алда тұрған іс-әрекетінің негізгі детальдарын алдын ала жасау» [6] ретінде қарастырады. Бұл анықтама мұғалімнің педагогикалық процесі жоспарлауының жалпы алгоритмін көрсетеді. В.В. Краевскийдің айтуынша, «педагогикалық жобалау әлеуметтік мақсат қоюдың өзіндік формасы болып табылады».

Дегенмен, бұл анықтама бойынша, «жобалау» және «жоспарлау» іс-әрекеттері бір-бірімен сәйкестендіріледі, ал олардың әрқайсысының өзінің жеке мағынасы бар іс-әрекет екендігі көрсетілмейді. Себебі педагогикалық жобалау – тек мұғалімнің сабақты жоспарлауы ғана емес, ең алдымен оқу-тәрбие процесінің логикалық құрылымын жасау. Ғылыми әдебиетте «жобалау» ұғымына бірқатар өзіндік анықтамалар берілген. Мәселен, В.А.Болотов, Е.И.Исаев, В.И.Слободчиков, Н.А.Шайденко педагогикалық жобалауды «педагогтар, оқушылар қауымдастығының жаңа формаларын, білім берудің жаңа мазмұны мен технологияларын, педагогикалық іс-әрекет пен ойлаудың жаңа әдістері мен технологияларын жасау» контекстінде анықтайды.

Н.В. Борисова жобалаудың білім беру жобаларын жасауға және іске асыруға бағытталған іс-әрекет екендігін көрсетеді. А.Н.Дахин болса, жобалауды «қандай да бір жүйені, объектіні немесе модельді құру (жасау, жоспарлау, құрастыру) жөніндегі іс-әрекет» деп біледі. Т.К.Смыковская

«педагогикалық жобалау – жүйелердің қызмет етуінің, дамуының, жетілдірудің міндеттерін шешуге бағытталған педагогиканың және ұйымдастырылатын практикалық іс-әрекеттің қолданбалы бағыты» деп есептейді. Бұл анықтамада жобалаудың міндеттерінің әрқилылығы бірден көзге түседі.

Е.А.Крюкованың айтуынша, педагогикалық жобалау дегеніміз – білімдер жиынтығы ретінде қарастырылатын, нақты педагогикалық объектіні, құбылысты немесе процесті көрсететін белгілі бір педагогикалық жүйені іске асырудың шарттарын анықтау жөніндегі іс-әрекет болып табылады. Ендігі кезекте «педагогикалық жобалау қандай принциптерге сүйенеді?» деген сұраққа жауап беру керек. Бұл жерде Н.Г.Алексеева, Е.А.Крюкова және Т.К.Смыковскаялардың пікірлерін негізге алуға болады. Олардың айтуынша, педагогикалық жобалау принциптері: ғылыми ұсыныстарға сүйену; жаңа жүйенің жобасы идеяларының көздерінің толықтығы; жобалау идеяларының еркін генерациясы (жобалаудың шығармашылық сипатын қамтамасыз етуге бағыттайды); жобалаудың бірлігі мен сабақтастығы. Г.П.Щедровицкий педагогикалық жобалауды көптеген «практикалық іс-әрекеттер» актілерінен тұратын, кейін талдау объектісіне айналатын іс-әрекет ретінде анықтай отырып, келесі принциптерді бөліп көрсетеді: қосымшалығы (жүйені жетілдіруге мүмкіндік беретін қосымша шарттарды енгізу және жүйенің дамуына кедергі келтіретін жағдайларды шығару мүмкіндігі); іс-әрекет пен қарым- қатынастар бірлігі (кез келген емес, тек тұлғаның жетілуіне мүмкіндік беретін іс-әрекеттерді меңгеру). Ендігі кезекте инновациялық процесті жобалау іс-әрекетінің логикасына тоқталу керек. Себебі педагогикалық жобалаудың нәтижесі белгілі бір деңгейдегі инновация болып табылады. С.Д.Ильенкованың пікірінше, инновациялық процесті жобалау инновациялық өзгерістерді даярлауда кешенді тұтастықты құрайтын өзара байланысты фазалардан тұрады және ғылыми білімдерді инновацияға айналдырушы процесс болып табылады. Оның басты белгісі – инновацияларды аяқтау, іске асыруға жарамды нәтиже алу.

В.А.Сластенин, Л.С.Подымованың айтуынша, білім беру жүйесіндегі инновациялық процестердің ерекшелігі оның жүзеге асырылу барысында өзі жүргізіліп отырған инновациялық элеуметтік-педагогикалық ортасына деструктивті өзгерістер енгізуінде. Яғни, бұл өзгерістер элеуметтік-педагогикалық ортаны қайта қалпына келмейтіндей етіп өзгеріске ұшыратады. Жобалау жаңашылдықтың эволюциясының және жаңа енгізуді іске асырудың картасы болып табылады. Оның да өз шекаралары бар. Бірақ оларды нақты белгілеу мүмкін емес, дегенмен әр нақты жоба үшін олар жеке анықталады. Жобалауды қарастырылып отырған жүйенің бір жағдайдан екіншісіне көшуін жоспарлау, яғни өзгеруі процесі ретінде қарастырсақ, онда бұл процестің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, принциптерін анықтау қажеттігі туады. Бұл жаңалықтарды енгізуде үнемі туындайтын проблемалардың көзін ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайда педагогикалық жобалаудың қарқынды дамуы оны қолдану мүмкіндіктеріне көзқарасты түбірімен өзгертуді талап етеді, себебі жобалау мәселесі ғылыми тұрғыда негізделмесе, оның нәтижесі айта қаларлықтай болмайды. Инновациялық процестер білім беруді дамытудың жетекші және қажетті тенденциясы ретінде көрінеді. Оларды заңдылық ретінде қарастыра отырып, Н.Р.Юсуфбекова көрсеткен инновациялық процестердің заңдылықтарына сүйене отырып, педагогикалық жобалауға деген қажеттілікті төмендегі тенденциялар арқылы көрсетуге болады: ескі мен жаңа арасындағы қарама-қайшылық жүйе мен оның бөліктерінің өзгерісіне элеуметтік және педагогикалық қажеттіліктерден туындайды; білімдерді саралау, олардың үнемі ұлғаюы мен оқу-тәрбие процесінің шегі арасындағы қайшылық дидактиканың орталық проблемаларының бірі – білімнің базалық ядросын – білімдер минимумын анықтау проблемасын тудырады; шығармашыл тұлға қалыптастыратын жаңа оқыту әдістеріне қажеттілік сабақ уақытының шектелуіне байланысты қайшылықтар туғызады (мәселен, проблемалық оқыту оқу материалдарын шығармашылықпен меңгеруді қамтамасыз етеді, білімдерді дайын күйінде берудің дәстүрлі әдістеріне қарағанда көп уақыт алады); педагогикалық ойлаудың парадигмасының өзгеруінің өзі өзгерісті талап етеді; білім берудің үздіксіздігі оны құрылымды әрі мазмұндық өзгертуді талап етеді; мұғалімдер мен басқа педагогикалық қызметкерлер арасында артып келе жатқан жаңа педагогикалық білімге қажеттілік шығады.

В.М.Монахов пікірінше, оқу үрдісінің тиімділігі оқу үрдісінің алынған нәтижесі мемлекеттік білім стандарты белгілеген, яғни, жоспарланғаннан қаншалықты ерекшеленетінін көрсететіні оның негізгі сипаты болып табылады. Оның технологиясы өзі ұсынған параметрлік модель негізіндегі оқу үрдісін жобалау технологиясы оқу үрдісін тұтастай және жүйелі жобалау технологиясында жаңа бағыттардың бірі ретінде алға шығады және тәжірибеге мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізудің нақты құралы болып табылады. Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: педагогикалық жобалау дегеніміз – белгілі бір жағдайларда педагогикалық процесті жетілдіруге мақсатты түрде бағытталған іс-әрекет.

2.8 (13-дәріс). Қазақстанның жоо-дағы оқытудың кредиттік технологиясы

Жоспары:

1. Жоғары мектепте бақылауды ұйымдастырудың қағидалары.
2. Бақылаудың негізгі қызметтері. Бақылаудың әдістемелік қызметтері.
3. Білімді бақылау және тексеру жүйесі. Бақылаудың негізгі түрлері.
4. Бағалау өлшемдері және оларға сипаттама.
5. Педагогикалық өлшеу педагогикалық бақылау әдісі ретінде.
6. Отандық білім беру жүйесін реформалау және жетілдіру.
7. Қазақстандағы оқытудың кредиттік технологиясының ерекшеліктері.
8. Оқытудың кредиттік технологиясы жағдайындағы оқу үдерісінің ұйымдастырушылық құрылымы. Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыздандыру. Білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру.
8. Оқытудың кредиттік жүйесіндегі кәсіби практика.
9. Кеңсе тіркеушісінің іс-әрекеті/қызметі. Оқытудың кредиттік жүйесі жағдайында оқытушының қызметтері.

Кредиттік оқыту жүйесін 1869 жылы Гарвард университетінің президенті Чарльз Элиот енгізген. Бұл жүйе Америкада білім сапасын жетілдіру мақсатында мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін енгізілді. 1988 жылдан бастап Еуропа елдері де кредиттік жүйеге ене бастады. 1999 жылы 18-19 маусым айында Еуропалық мемлекеттердің білім министрлігінің бірлескен отырысында кредиттік оқытудың еуропалық жүйесін қабылдады.

Халықаралық білім кеңістігінде жоғары білім бойынша кредиттік оқытудың іргелі 4 жүйесі бар:

1. Еуропалық жүйе –ESTS.
2. Американдық жүйе – USCS.
3. Британдық жүйе – CATS.
4. Азия мемлекеттері және тынық мұхиты кеңістігіндегі жүйе – USTS.

Қазақстанның білім беру жүйесі негізінен Еуропалық кредиттік жүйеге енді көздеп отыр. Еуропалық кредиттік жүйе бойынша еуропадағы Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Италия, т.б. іргелі мемлекеттерде білім беріледі.

Республика білім беру жүйесінің кредиттік технологияға көшудегі басты мақсат - Қазақстан білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен біріктіру. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі ұсынып отырған кредиттік оқыту жүйесінің Ережесі министрлігі ұсынып отырған кредиттік оқыту жүйесінің Ережесі Болон декларациясының негізгі ұстанымдарын басшылыққа алып жасалынған. Біздің көздеп отырған мақсатымыз- кредиттік оқытудың Еуропалық жүйесіне ену. Әлемдегі 12000 университетте жоғары білім беру Еуропалық кредиттік оқыту жүйесі негізінде іске асырылуда.

Кредиттік оқыту жүйесінің негізгі ұстанымдары: Бакалавриат (аяқталмаған жоғары кәсіптік білім) – 4 жыл, төмендегі сатысы – 2 жыл; жоғары сатысы – 2 жыл. Магистратура (жоғары кәсіптік білімнің екінші сатысы) екі траекторияда іске асады: кәсіптік магистратура, 3 триместрді қамтиды – 1 жыл; ғылыми магистратура – 2 жыл. Докторлық бағдарлама – жоғары кәсіптік білімнен кейінгі докторлық бағдарлама екі траекторияда іске асады: кәсіптік магистратурадан кейін – 3 жыл; ғылыми магистратурадан кейін – 2 жыл. Халықаралық ұлттық білім беру жүйесінің бағдарламасына сәйкес жоғары және кәсіптік білімнен кейінгі білім берудің кредиттік технология негізінде үш деңгейлі академиялық дәрежелер енгізілді: “бакалавр”, “магистр”, “доктор”.

Кредиттік оқыту жүйесі бірізді емес оқыту жүйесіне жатады. Бірізді емес оқыту жүйесіне оқу процесін жекелей жоспарлау арқылы жүйелі түрде ұйымдастыру тәсілі жатады.

Кредиттік оқыту жүйесіне өтуге оқыту түрі бірізді оқыту жүйесі деп аталады. Бірізді оқыту жүйесі – оқытудың логикасына сәйкес білім алушы кәсіптік білім бағдарламасындағы пәндерді жүйелі түрде берілген сағаттық көлем негізінде белгілі уақытта оқытуды айтады.

Кредиттік жүйе - қандай көлемде және қай салада жоғары білім алғанын көрсететін жүйе. Міндетті кредит саны, бөлінетін міндетті курстар бар екендігіне сөз жоқ, бұл ең біріншіден, мамандық саласындағы пәндер. Қай бір курстар мемлекеттік стандарт бойынша және кредиттің қандай да бір белгілі саны университеттің немесе институттың өзінің қарастыруына берілген. Сонымен, кредиттік оқыту жүйесінің мақсаты: ұлттық білім бағдарламасының халықаралық дәрежеде танылуын қамтамасыз ету; білім сапасын әлемдік дәрежеге көтеру; студенттің өз іс-әрекетін ұйымдастыра лау және білімін жетілдіру қабілетін дамыту. Бірізді емес оқу жүйесінің бірізді жүйеден негізгі айырмашылықтары: студенттер оқу жоспарында қамтылған пәндерді еркін таңдай алады; студент жеке оқу жоспарын жасауға тікелей қатыса алады; бірізді емес оқу жүйесінде білім алушы кейбір қосымша кредитті өздерінің қалаған уақыттарында алуға құқығы бар. Білім алушы өзі қалаған ғалымдардан дәріс алады; кредиттік технология бойынша оқытуда әр оқытушының оқу жүктемесін есептеу өткізілген материалдар көлеміне, яғни кредитке байланысты болады.

Кредиттік технологияның негізгі ерекшелігі- студенттің жекелей оқу жоспарын құруында болып табылады. Студенттің жекелей оқу жоспары дегеніміз эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына берілген форма бойынша әрбір жеке оқушының білім траекториясын айқындауы. Студенттің жекелей оқу жоспары факультет деканының қолымен бекітіледі, біреуі оқу жоспарын орындауы туралы деканатта сақталады, ал, екіншісі студенттің қолында болады.

Кредиттік оқу жүйесі бойынша жоғары оқу орындарында қызмет атқаратын оқытушы-профессордың атқаратын қызметтері- ассистент, доцент, профессор деп аталады. Жоғары және жоғары кәсіптік білім беру білімдік кәсіптік бағдарламаның негізгі мазмұны Мемлекеттік білім стандарты және оқу жоспарлары негізінде іске асады. Оқу жоспары үш түрлі формада қамтылады: типтік оқу жоспары; жұмыс оқу жоспары; жекелей оқу жоспары-әрбір жеке студенттің білім траекториясын анықтайды. Типтік оқу жоспарын Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрлігіне қарасты оқу-әдістемелік бірлестіктер жасайды. Жұмыс оқу жоспары - Қазақстан Республикасы Білім стандартты және типтік оқу жоспары негізінде жасалады.

Кредиттік оқу жоспары білім бағдарламасының мазмұнын меңгеруге байланысты пәндердің үш тобын қамтиды:

А тобына – міндетті және жүйелі түрде енетін пәндер жатады;

В тобына – міндетті түрде оқылатын пәндер кіреді, бірақ жүйелілік сақталмайды;

С тобына - кез-келген академиялық кезең барысында студенттің қалауы бойынша өтілетін пәндер кіреді.

Жұмыс оқу жоспарына: жалпы білім беретін циклға кредиттің 25 пайызы беріледі. Жұмыс оқу жоспарына енетін міндетті негізгі пәндер: Қазақстан тарихы, философия, қазақ (орыс) тілі, шет тілі, математика (мәдениет және гуманитарлық мамандықтардан басқа), информатика, өмірқауіпсіздігі негіздері, экология, дене тәрбиесі. Дене тәрбиесі пәні оқытудың қосымша түрі негізінде іске асады, оған типтік оқу жоспарында кредит берілмейді.

Жалпы білім беретін цикл бойынша таңдау пәндерге әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, құқық негіздері, экономикалық теорияның негіздері, психология, педагогика пәндері жатады. Базалық пәндерге жалпы кредиттің 50 пайызы, яғни, 64 кредит беріледі. Оның 50 пайызы студенттің таңдауы бойынша өтілетін пәндерге беріледі. Кәсіптік пәндерге – жалпы кредиттің 25 пайызы беріледі. Оның 30 пайызы студенттің таңдауы бойынша өтілетін пәндерге беріледі. Міндетті өтілетін пәндер типтік оқу жоспарында берілген пәндер негізінде жүргізіледі, ал, таңдау пәндерін институт ғылым кеңесі шеше алады. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша кредиттер арнайы және кәсіби пәндерге толығымен беріледі.

Кредиттік оқыту жүйесінің негізі – студенттің өз бетімен дамуына мүмкіндік туғызу. Студенттің іс-әрекетін ұйымдастыра алуы және білімін жетілдіруге қабілетін дамыту мақсатын іске асыру үшін оқытушы мен студент арасында типтік цикл іске асады. Ол: оқытушының студентпен жұмысы; студенттің оқытушы басшылығымен атқаратын өз бетінше жұмысы; студенттің өз бетінше жұмысы.

Оқытушының студентпен жұмысының негізгі атқаратын функциялары:

- тұрақты (тақырып, тақырыпқа кіріспе, мақсат пен міндет, практикалық маңыздылығы, материалдың негізгі бөлімдерімен өзара байланысы, оқу-әдістемелік құралдармен жұмыс істеуге ұсыныстар қамтылады);

- бақылау (жекелей кеңес беру арқылы студенттің өз бетінше жұмыс істеудегі оқу іс-әрекетін іске асыруды қамтамасыз ету);

- бағалау (студенттің білімі мен біліктілігін бағалау, сабақ процесінде кездескен қиындықтан шығу жолдары, ақыл-кеңес беру).

Студенттің оқытушы басшылығымен жүргізілетін өз бетімен жұмысы (СОӨЖ): материалды қосымша оқуға бағытталған; СОӨЖ оқу кестесіне және студенттің апталық жүктемесіне енеді; СОӨЖ студенттермен кеңес беру, интерактивті формадағы сабақтар өткізу, үй тапсырмасын, бақылау жұмыстарын тексеру, қосымша кеңес алу, рейтинг көрсеткіші төмен және берілген тапсырманы орындауға қиналатын студенттер үшін ақыл-кеңес беру, курстық, бақылау жұмыстарын орындау кіреді. СОӨЖ оқытушының оқу жүктемесіне енеді. Жұмыс оқу жоспарында қамтылған пәндердің 70 пайызы студенттің өз бетінше жұмысына беріледі, оның 50 пайызы СОӨЖ-ге берілсе, ал, 20 пайызы студенттердің өз бетінше жұмысына беріледі.

3-Модуль. Жоғары мектепте тәрбиені ұйымдастыру

3.1 (14-дәріс). Жоғары мектепте тәрбиені ұйымдастырудың теориялық негіздері.

Жоспары:

1. Жоғары мектептің тәрбие жүйесінің ерекшеліктері.
2. ЖОО-дағы тәрбие жұмысы тиімділігінің негізгі өлшемдері.
3. Қоршаған табиғатқа іс-әрекеттік қарым-қатынас жолымен жастардың рухани санасын тәрбиелеу.
4. ХХІ ғасырдағы ұлттық сана жайлы көзқарастар.
5. Заманауи жоо-дағы тәрбие жұмысының негізгі формалары.

Тәрбие үрдісінің мақсаты – үздіксіз білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың, және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Тәрбие үрдісінің міндеттері:

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;
- қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларды қалыптастыру;
- қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;
- балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Тәрбие мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру үдерісінде, сабақтан тыс уақытта және білім алушылардың бос уақытында жүзеге асырылады.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады. Тәрбие мазмұны адам тұлғасының гуманистік құндылықтар жүйесін игеру негізінде қалыптасуын, оның барлық мәндік сферасының дамуын қамтамасыз етуге жұмылдырады. Сонымен бірге, тәрбиеге әлеуметтік-рөлдік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б. Сондықтан, тәрбие мазмұны құндылық қарым-қатынас жүйесімен: өзіне, өзінің отбасына, білім ордаларына, қоршаған ортаға, Отанына, әлемге, сондай-ақ, әлеуметтік рөл жүйесімен де сәйкестенеді: адам, дос, ұл (қыз), құқық қорғаушы, патриот, аға (қарындас), іні, немере (немере қыз), азамат, туыс, қорғаушы, оқушы, ұлттық мәдениетті қорғаушы және жасаушы, ұжым, топ мүшесі, көш басшы, еңбекші, иегер, әлем азаматы, қалалық (ауылдық), бейбітшілік орнықтырушы, көрші, эколог, бірлестіктің, топтың, этнос мүшесі.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбиелік іс әрекетке осы заманғы көзқарасты ерекшелігі тәрбие үрдісіндегі жүйелілік және сол жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін факторлар мен шарттардың біртұтас жиынтығы болып табылады. Нормативтік-құқықтық базаға жасалған талдау «жеке тұлғаның еркін дамуы», «адам құқығы», «жеке тұлғаның мүддесі» және т.б. ұғымдардың жан-жақты қолданылатындығын көрсетті. Осылайша тұжырымдап айту алдымен білім беру ұйымдарының бастапқы деңгейін демократияландыруға мүмкіндік береді. Басым құндылықтар ретінде дербес даму, өзін-өзі табысты көрсету және өзін-өзі анықтау ерекшеленеді. Білім берудің жаңа үлгісінде іскерлік сипат байқалып, өз бетінше үздіксіз білім алуға ұмтылуды қалыптастыруға және шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған. Соның негізінде балаларды және жастарды мектеп жасына дейінгі, орта білім беретін, орта кәсіби, жоғары кәсіби білім, қосымша білім берудің түрлі деңгейлерін қамтитын тәрбие жүйесі құрылууда. Тәрбие үдерісі ғылыми-әдістемелермен қамтамасыз етіліп, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітілген, сондай-ақ, білім беру ұйымдарының аймақтық деңгейінде тәрбие беру бағдарламасы жасалып, енгізілді; авторлық бағдарламалар дайындалуда; тәрбие үдерісінің тиімділігін бағалау мен жеке тұлғаның тәрбиелік деңгейінің өлшемдері жасалды. Тәрбие үдерісін кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жүргізіліп келеді. Мектептердің, кәсіптік мектептер пен колледждің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, жоғары оқу орындарының тәрбие ісі жөніндегі проректорлары, сынып жетекшілері, педагогтар-ұйымдастырушылар, әлеуметтік педагогтар, педагог-психологтар, қосымша білім беру педагогтары мен әдіскерлер штат бірліктеріне енгізілді.

Жастар - Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары. Бүгінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты - мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылатын ортасының бірі - жастар ұйымы, оның негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым.

Тәрбие қағидасы – тәрбиешілер міндетті түрде сақтайтын, тәрбиені ұйымдастырудың аса маңызды ережелері, бастапқы ережесі. Табиғилылық қағидасы тәрбие табиғи және әлеуметтік-мәдени үдерістердің

өзара байланысының ғылыми түсінігіне және балаларды тәрбиелеуде олардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескерудің қажеттігіне негізделеді. Мәдени сәйкестілік қағидасы тәрбие жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделетіндігін, жалпы адамзаттық құндылықтарға сай дәстүрлер мен ұлттық мәдени нормаларға және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес құрылады. Мақсаттылық қағидасы мақсатты талаптың айқындығын, ұжымдық сұранысқа нақты есеп жасауды, тәрбие қызметінің басты түрлерін дұрыс таңдауды қарастырады. Гуманистік бағыт қағидасы әрбір жеке тұлғаға құрметпен қарайтын, оның бостандығын және әлеуметтік құқықын мойындайтын гуманистік идеяны және бағытты бірінші орынға қояды; педагогтың білім алушыларға және тәрбиешілерге өздерін-өздері дамытуға жауапкершілікті субъекті ретінде қарауын, сондай-ақ, субъектінің-субъектіге көңіл бөлуі. Этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім және үйлесімдікке, қоғамдық қатынаста табысқа жетуді қарастырады. Бірлік талабы мен сабақтастықты қамтамасыз ету қағидасы – мұғалімдердің мектеппен, мектеппен тыс мекемелермен, отбасымен достастығын құру, тұлға дамуының барлық сатыларында тәрбие сапасын көтеру. Тәрбиенің үздіксіздік қағидасы жеке тұлға ғұмырының барлық кезеңдерінде оның жан-жақты дамуын болжайды: оның шығармашылық әлеуетінің үдемелі баюын және күш-қуаты мен қабілетін толық пайдаланып, кәсіби шеберлігі мен мәдени өсуін мөлшерлейді. Демократияландыру қағидасы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара іс-әрекеттеріне, педагогикалық бірлестікте, ынтымақтастыққа және бірлескен авторлыққа негізделген жүйені шамалайды. Ол сондай-ақ, педагогикалық басшылық, өзін-өзі басқару, бірлесіп басқару және жеке реттеу жүйесінің құрылымына кіретін өзара байланысты, өзара келісуді болжайды. Бұл қағида студенттерді еркіндік, жеке адамгершілік рухында тәрбиелеуді қарастырады. Вариативтілік қағидасы білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын кең таралымды, көп үлгідегі тәрбие бағдарламаларын мөлшерлейді, білім алушының жеке тұлғалық дамуының дербес траекториясын анықтауды көздейді.

Жеке тұлғаның қалыптасуы ең алдымен үш сферада жүзеге асады: іс-әрекет, қарым-қатынас, өзіндік сана. Осы 3 сфераның мәні - индивидтің әлеуметтік байланысының сыртқы әлеммен байланысын кеңейту. Іс-әрекет әлеуметтену процесі бойында индивид іс-әрекетінің кеңейтілген «каталогымен» байланысады, демек іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгереді. Осылайша, үш ерекше маңызды үдеріс жүзеге асады. Олар, біріншіден, әр түрлі іс-әрекет туралы арасындағы байланыс жүйесіндегі бағыт-бағдар. Бұл үдерістің нәтижесі – жеке тұлғаның іс-әрекет түрін таңдап алуы. Осының салдарынан екінші үдеріс пайда болады – басты іс-әрекеттің орталықтануы (шоғырлануы), оған басқа іс-әрекет түрлерінің бағынуы. Үшінші үдеріс – іс-әрекетті меңгеру барысында жеке тұлғаның жаңа рольдерді меңгеруі мен олардың мәнін, маңызын сезінуі. Екінші сфера – қарым-қатынас - әлеуметтендіру контекстінде оны тереңдету мен кеңейту жағынан қарастырылады, өйткені қарым-қатынас іс-әрекетпен тікелей байланыста. Қарым-қатынастың кеңеюі – адамның басқа адамдармен байланысын көбейту, қарым-қатынастың тереңдеуі, монологтық қарым-қатынастың диалогтық қатынасқа децентрациясы деп түсінеміз. Әлеуметтенудің үшінші сферасы – жеке тұлғаның өзіндік санасының дамуы. Жалпылай алғанда, әлеуметтену процесі адамда «Мен» бейнесінің қалыптасуын береді. Сонымен, жеке тұлғаны әлеуметтендіру (лат.- socialis – қоғамдық) әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды меңгеру негізінде жеке тұлғаның қоғамдағы әрекетке қабілеттілігін қалыптастыру. Әлеуметтендіру әлеуметтік ақиқатты жеке тұлғаның меңгеруі. Әлеуметтендіру процесінде адам әлеуметтік нормаларды меңгереді, әлеуметтік ролдерді орындау тәсілдері мен қоғамдық мінез-құлық дағдыларын игереді. Әлеуметтендіру жеке тұлғаға қоғамда тең құқылы мүше санатында болуына мүмкіндік береді. Әлеуметтендіру жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір тәртіпке келтіріп, жинақталған қажетті ғылыми білімдерді, дағды-іскерліктерді, біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделер мен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жол-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын меңгеру арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік экономикалық құрылысына сәйкес әлеуметтік рөлдер жүйесіне қосу.

А.В.Мудрик бойынша жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әсер етуші факторлар. Мегафакторлар (мега – өте үлкен, жалпы). Космос, планета, ғылыми-техникалық прогресс деңгейі, демографиялық жағдай. Макрофакторлар (макро – үлкен). Мемлекет: әлеуметтік-экономикалық жүйе, қоғамдық психология, қоғамдық сана (идеология, саясат, саяси және құқықтық мәдениет, мораль, дін, өнер, ғылым). Мезофакторлар (мезо – орта, аралық). Табиғи-географиялық жағдайлар, ұлттық – мәдени және діни нормалар, дәстүрлер, мекен-жайы (аймақ, қала, село), әлеуметтік топ, мәдени – білім беруші сфера, бұқаралық ақпарат құралдары. Микрофакторлар отбасы, еңбек, оқу және т.б. ұжым мен топтар, құрбылар, көршілер, діни ұйымдар, микросоциум. Жеке тұлғаның әлеуметтендірудің негізгі бағыттары: Тәрбие және тәуелсіз (еркін) тұлғаны әлеуметтендіру. Өзіндік сананың жоғарғы деңгейі. Адамзаттық. Патриотизм өзінің адамгершілігін сезу, өзін-өзі құрметтеу. Өзіндік тәртіп, адалдық. Тіршіліктегі рухани құндылыққа бағдар. Шешім қабылдаудағы өзбеттілік және оған жауапкершілік, іс-әрекет мазмұнын таңдаудағы еркіндік. Саяси және құқықтық әлеуметтену. Саяси жағдайды білу және бағыт ала алу. Өз көзқарасын қорғай алу іскерлігі. Адам, бала құқығын білу және қолдана алу. Өз құқығын қорғай алу іскерлігі. Бостандық, құқық, ар-ұят, адамгершілікті мойындау және құрметтеу. Әлеуметтік-мәдени әлеуметтену. Азаматтық және әлеуметтік белсенділік. Адамзаттың жинақтаған тәжірибесін көбейту және сақтау. Әр түрлі ұжымдық, топтық, дербес әрекетте азаматтық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру. Өзіміздің басу іскерлігі. Ұжымда жұмыс істей алу, бірлесу. Үнемі өзгермелі әлемде өмір сүре білу іскерлігі. Өз қылықтары үшін жауапкершілікті өзіне алуға даярлық. Адамзаттың алдыға қарай жылжуы тек

дербес қажырлық пен барлық адамдардың белсенді бірігуі (ымыраласуы) нәтижесінде ғана екендігін сезіну. Сонымен, әлеуметтену нәтижесі, жеке тұлғаның әлеуметтік толысуы (мамандықты игеруі, өз беттілік; адами толысу); интеллектуалдық толысу (әлеуметтік рөлдерді орындауға қабілетті ақыл-ойдың дамуы); құқықтық толысу (құқығы мен міндеттері туралы білім); саяси толысу (азаматтық борыш сезімі, әлеуметтік-саяси белсенділік).

Әлеуметтендіру институттары – жеке тұлғаны норма мен құндылықтар жүйесін меңгеруге икемдейтін, әлеуметтік тәжірибені тасымалдаушы нақты топтар: отбасы; мектеп; еңбек ұжымы; жоғары оқу орындары; Бұқаралық ақпарат құралдары; микроорта; әлеуметтік топтар; қоғамдық ұйымдар.

3.2 (15-дәріс). ЖОО-дағы басқару.

Жоспары:

1. ЖОО-ны, оның мәртебесі мен міндеттері.
2. ЖОО-дағы басқару органдарының құрылымы.
3. ЖОО-дағы әртүрлі деңгейдегі әкімшілік жұмысының өзіндік ерекшеліктері.
4. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және басқару. ЖОО-дағы өзін-өзі басқару, ұйымдардың негізгі қағидалары.

Менеджмент (ағылшын тілінен аударғанда «ұйымдастыру, басқару, меңгеру) - өндірісті, әлеуметтік, саяси және рухани процестерді басқарудың жалпы ұстанымдарының, нысандары мен әдістерінің жинақтамасы. П.Друккердің пікірінше қазіргі менеджмент – басқару қызметінің мамандандырылған түрі, ол адамдарды төңірегіне жинап, бірлесе қимылдау мақсатына қабілетті етеді, олардың күшін тиімді қолдануға жетелейді және дәрменсіздіктерін басады, өйткені қоғамға үлес қосу адамның қабілетіне, кәсіпорынды басқара білу шеберлігіне, өз күші мен оның қайтарымына байланысты.

Белгілі ғалым Ю.А.Конаржевский : «Менеджмент – бұл басқарушыға ғана емес, кез келген маманға қажет білімдердің жиынтығы. Егер сіз белгілі бір салада – медицинада, білім беру жүйесінде, ғылымда бизнесте кәсіпқой маман болсаңыз, құрылымға біте қайнасып, араласып кету үшін менеджменттің негізгі қағидаларын білмейінше оңай болмайды», - дейді.

Менеджменттің ерекше саласы – педагогикалық менеджмент. Оның өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары бар. Бұл ерекшелік В.В.Крыжконың пікірінше, білім беру үрдісі менеджерінің еңбек пәні, құралы, өнімі және нәтижесінде болып отыр. Білім беру үрдісі менеджерінің еңбек пәні басқару субъектісінің іс-әрекеті, ал еңбек өнімі оқу-тәрбие үрдісі туралы ақпараттар, еңбек құралы – оның сөзі, сөйлеуі, еңбек өнімі педагогикалық менеджмент нысанының, яғни білім алушылардың дамуы мен білімділік, тәрбиелік деңгейі болып табылады.

«Педагогикалық менеджмент» немесе «Білім саласының менеджері» деген атау қазір кезде жиі қолданылатын болды, өйткені ол білім саласын жетік меңгерумен қатар, қарамағындағылармен кикілжіңсіз тіл табыса жұмыс істей алатын педагогика және психология ғылымдарымен қаруланған маман.

Білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаты өмір сүріп отырған замандағы адамзаттық өркениеттің прогрестік даму ерекшеліктеріне, қоғамдық – тарихи, саяси – әлеуметтік, экономикалық жағдайларға бейім жеке тұлғаны оқытып, тәрбиелеп шығару. Сондықтан қазіргі кезде менеджмент білім беру жүйесіне де еніп отыр.

В.П.Симонов «Педагогикалық менеджмент» - деп педагогикалық жүйелердің өмір сүруін жетілдіру мен дамытуға бағытталған басқарудың технологиялық тәсілдері мен ұйымдастыру формаларының, әдістерінің, ұстанымдарының кешенін түсінеді.

Ж.Қ.Түймебаевтің бас редакторымен шыққан «Білім және ғылым» атты энциклопедиялық сөздікте: «Педагогикалық менеджмент – оқу-тәрбие процесін, оның тиімділігін арттыруға арналып бағытталған, басқару принциптерінің, әдістерінің, ұйымдық формалары мен әдістемелік тәсілдерінің кешені» деп анықтама берілген.

К.Өстеміров, Н.Шәметов, И.Васильев үш автордың бірлескен оқулығында: «Педагогикалық менеджмент – бұл білім беру үрдісін басқарудың кешенді принципі мен технологиялық тәсілдер, ол тек білім мекемелеріне тиімді басшылықтың творчестволық потнециялын көрсетіп қана қоймай, педагогтер, студенттер мен тыңдаушыларға да өзіне тән міндеттер ауқымын жүктейді – деген анықтама берілген.

«Педагогикалық басқару» ұғымы «білім беруді басқару» ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (отбасы, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді, яғни педагогикалық басқарудың кез-келген «адам – адам» жүйесінде орны бар.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты нысаны – өсіп келе жатқан ұрпақтың іс-әрекеті. Оларды оқыту мен тәрбиелеуді басқару не тікелей (мұғалімдер, тәрбиешілер арқылы), не жанама – мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіледі.